

Әуе кемесін ұшуға дайындау ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Көлік және Коммуникациялар министрлігі Азаматтық авиация комитеті төрағасының 2003 жылғы 19 желтоқсандағы N 588 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2004 жылғы 15 қаңтарда тіркелді. Тіркеу N 2673. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің м.а. 2011 жылғы 28 маусымдағы № 403 бұйрығымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің м.а. 2011 жылғы 28 маусымдағы № 403 (3-тармақты қараңыз) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы азаматтық авиация саласындағы нормативті құқықтық кесімдер жүйесін Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" заңды күші бар Жарлығына және Қазақстан Республикасының "Азаматтық авиацияны мемлекеттік реттеу туралы" Заңының талаптарына сәйкес келтіру мақсатында б ұ й ы р а м ы н :

1. Беріліп отырған Әуе кемесін ұшуға дайындау ережесі бекітілсін.
2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Азаматтық авиация комитеті төрағасының орынбасары **Б.М.Наурзалиевке** жүктелсін.
3. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді.

Төраға

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
К ө л і к ж әне К о м м у н и к а ц и я
м и н и с т р л і г і А з а м а т т ы қ
а в и а ц и я к о м и т е т і т ө р а ғ а с ы н ы ң
2003 жылғы 19 желтоқсандағы
N 588 бұйрығымен бекітілген

Әуе кемесін ұшуға дайындау ережелері 1 бөлім. Жалпы ережелер 1 тарау. Негізгі ұғымдар

1. Осы Ережелер "Қазақстан Республикасы әуе кеңістігі мен авиация қызметін пайдалану туралы" Заңдық күші бар Қазақстан Республикасы Президенті Жарлығының 42 бабына , "Азаматтық авиацияны мемлекеттік реттеу

туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5 бабына, Халықаралық азаматтық авиация (ИКАО) туралы Конвенцияға сәйкес әзірленген.

2. Аталған ережелер әуе кемесін ұшуға дайындауды жүзеге асыратын қызметтер мен экипаждардың қызметін реттейді.

3. Терминдер мен анықтамалар:

1) Авиациялық техника - азаматтық әуе кемелері, олардың жабдықтары, жинақтаушы бұйымдары, қозғалтқыштар, тренажерлар, азаматтық әуе кемелеріне жерде қызмет көрсету құралдары;

2) Авиациялық жанар-жағар майлар (әрі қарай - Авиа-ЖЖМ) авиациялық техниканы пайдалану кезінде қолданылатын отындар, майлар, жағар майлар мен арнайы сұйықтардың барлық маркаларының жалпы атауы;

3) Радиотехникалық жабдық және байланыстық объектінің электрмен қамтамасыз ету жүйесінің апаттық жұмыс тәртібі - электр энергияның сапасы қажетті керекті қуатпен электр энергияның қабылдағышын қамтамасыз етуге мүмкіндігі жоқ электрмен қамдау жүйесі, электрмен қамдау жүйесінің зақымдалған бөлігінің өшіруі не болмаса резервті көздің электр қуаты мен қ о р е к т е у д і қ о л д а н у ;

4) Авиациялық отынмен қамтамасыз ету - жанар-жағар материалдарымен және арнайы сұйықтармен әуе кемелері, объектілер және әуежайлар қызметін қамтамасыз етуге бағытталған заңдық және физикалық тұлғаның қызметі, сонымен қатар авиациялық техниканы пайдалану үшін жанар-жағар материалдарын қабылдау, сақтау, сапасын бақылау, дайындау және беру (әрі қарай - авиаотынмен қамтамасыз ету);

5) Авиациялық дәрігер - олардан ұшу жұмыстарының тиімділігі және ұшулар қауіпсіздігін бағынышты тұлғалар жұмысы сенімділігі мен кәсіби денсаулықты қамтамасыз ететін авиациялық медицина саласында дайындық және жоғары медициналық білімі бар маман;

6) ЖЖМ сапасын талдау - май құюға беруге дайындау жөнінде шараларды жүргізуге өнім жарамдылығы туралы қорытынды, негізгі қойма резервуарларынан іріктеп алынған өнім пробасының физика-химикалық көрсеткіштері санын анықтау нәтижелерін мазмұндайтын құжат;

7) Әуе кемесінің пайдалануға жарамдылығы туралы аттестат - осы аттестатты беру кезіндегі Ұшуға жарамдылық нормаларына әуе кемесінің сәйкестігін куәландыратын құжат;

8) Әуежай - әуе кемелерін қабылдау, жіберуге, әуе тасымалдарын күтімдеу мен осындай мақсаттар үшін аэролаң, аэробекет, басқа ғимараттар, сондай-ақ қажетті жабдықтарға арналған ғимараттар кешені;

9) Авиацияны халық шаруашылығында пайдалану әуе алаңы (әрі қарай - АХШП) - әуе кемелерінің ұшуы, қонуы үшін ереже бойынша маусымдық жұмыстарды орындауға арналған арнайы дайындалған және жабдықталған ұшу-қону жолақтары (алаңдар), уақытша аэролаңдар, тікұшақ алаңдары. Олар сонымен қатар, ереже бойынша, маусымдық жұмыстарды орындауға арналған;

10) Өндірістік жабдықтың қауіпсіздігі - нормативтік-техникалық құжаттаманың бекітілген талаптарында берілген қызметтерді орындау кезінде еңбектің қауіпсіздік шарттарын сәйкес сақталатын өндірістік жабдықтың қасиеті;

11) Өндірістік процестің қауіпсіздігі - нормативтік-техникалық бекітілген құжаттамада еңбектің қауіпсіздік шарттарына сәйкес сақталатын өндірістік процестің қасиеті;

12) Еңбектің қауіпсіздігі - жұмыс істеушілерге қауіпті және зиянды өндірістік факторлардың әсері жоқ еңбек жағдайы;

13) Істен шықпаушылық - кейбір уақыт немесе жұмыс кезінде бұйымның іске қабілеттілігін сақтау қасиеті;

14) Ұшу алдындағы ақпарат бюллетені (әрі қарай - ҰААБ) - ұшу алдындағы НОТАМ кезектегі дайындалған ақпарат және маңызды пайдалану мағынасы бар аэронавигациялық ақпарат қызметі (әрі қарай - ААҚ) ескертуі;

15) Объектінің (бұйымның) техникалық жағдайының түрі - ол осы объектіге (бұйымға) техникалық құжаттамамен орнатылған техникалық талаптарға объектінің (бұйымның) сапасының сәйкес келуін немесе сәйкес келмеуін сипаттайтын техникалық жағдай; Техникалық жағдайдың келесі түрлерін ажыратады: жөнделік және жөнделіксіз іске қабілеттілік және іске қабілетсіздік;

16) Аяқ астынан істен шығу - бұйымның бір немесе бірнеше анықталған параметрлерінің секіріп өзгеруімен сипатталатын істен шығу;

17) Әуе кемесі (әрі қарай - ӘК) - жер және су үстінде бейнеленген ауамен қарым-қатынастан ерекшеленетін ауамен қарым-қатынасқа түсу есебінен атмосферада көтеріліп тұратын ұшу аппараты;

18) Мемлекеттік бақылау, қадағалау органдары - оның қызметтік міндеттеріне әуе кемелерінің ұшу қауіпсіздігі жағдайын бақылау ететін өкілетті о р г а н ;

19) Өлшеу құрал-жабдықтарын дәлдендіру (межелу) - өлшеу құрал-жабдықтарының дәлдендіру сипаттамасын анықтау;

20) Авиатехника тобы - бірдей жағдайда бір пайдаланушы пайдаланатын бір типті т е х н и к а н ы ң б ө л і г і ;

21) Орталықтанбаған электрмен қамтамасыз ету (электр қуатпен қоректің автономды көздерінен электрмен қамтамасыз ету) - энергетикалық жүйемен электрлі байланысы жоқ немесе байланысы бар, паралельді немесе біржолды жұмысы қаралмайтын электрмен қамтамасыз ету жүйесі;

22) "Брифинг" жөніндегі диспетчер - тиісті дайындықтан өткен және мамандану бойынша жұмысқа рұқсат алған әуе қозғалысын ұйымдастыру (әрі қарай - ӘҚҰ)диспетчері куәлігі бар азаматтық авиация маманы;

23) Қосымша рейс - тұрақты тасымалдау шарттарымен бірдей орындалатын әуе кемесінде тұрақты әуетасымалында қарастырылмаған рейс;

24) Жұмыс істеу ұзақтылығы - орнатылған техникалық қызмет көрсету және жөндеу жүйесі бойынша шекті жағдай келгенше бұйымның іске қабілеттілігін с а қ т а у қ а с и е т ;

25) Параметрдің шақтамасы (жоғары, төменгі) (әрі қарай - пайдаланатын шақтама) - параметрдің жоғарғы (төменгі) мөлшерлі рұқсатты және номиналды мәндері а р а с ы н д а ғы а й ы р м а ш ы л ы қ ;

26) Объектінің іске қабілетсіз жағдайының мүмкін уақыты (мерзімі) - бұйымның (электр байланыс арнасының) құрамына кіретін пайдалану бойынша

құжаттамамен (немесе хронометраж нәтижелері бойынша) анықталады, электрқоректің резервтеу құрылғысы және басқа инженерлік-техникалық құрылыс және коммуникацияларды резервтеу бойынша нұсқауда көрсетіледі;

27) Май құю - әуе кемелері мен жердегі техника бактарын ЖЖМ-мен толтыру бойынша жұмыс жиынтығы;

28) Бұйым - арнайы функцияны атқаруға арналған көп санды шығарылатын өнімнің бірлігі;

29) Жөнділікті жағдай (жөнділік) - нормативтік-техникалық және (немесе) құрылымдық құжаттаманың барлық талаптарына сәйкес келетін бұйымның жағдайы;

30) Әуе кемесін пайдаланушының инспекторлық органдары - пайдаланушының ұшу қауіпсіздігі бойынша инспекциясы;

31) Электрқуатымен қоректену көзі - тұтынушы топтардың немесе тұтынушының электрқуатымен қоректенуімен жүзеге асатын электр қондырғы;

32) Өлшеу құрал-жабдықтарының дәлдендіруі - өлшем мәнінің арасындағы ара қатынас орнататын, берілген өлшеу құрал-жабдықтарының көмегімен алынатын және өлшем мәнімен сәйкес өлшеу құрал-жабдықтарының қызметтегі метрологиялық сипатын анықтау мақсатында эталон көмегімен анықталатын және (немесе) мемлекеттік метрологиялық бақылау және қадағалауға жатпайтын өлшеу құрал-жабдықтарының жарамдылығы анықталатын операциялардың жиынтығы;

33) ЖЖМ сапасы - техникалық құжаттамамен белгіленген талаптарына оны қанағаттандыру қабілетіне жататын өнім сипаттамасының жиынтығы;

34) Авиациялық электрбайланыс арнасы (беру арнасы) - жіберушіден алушыға ақпарат беруді қамтамасыздандыратын техникалық құралдардың және электрлік дабылдармен радиодабылдарды тарату ортаның жиынтығы;

35) Техникалық жағдайды бақылау - техникалық жай-күйді анықтау;

36) Әуе компанияның командалық-ұшу құрамы - қызметтік міндеттерді әуе компанияларының ұшу құрамына орындалуына жауапты әуе компанияның

құрылымдық бөлімшелерінің басшылары;

37) "Брифинг" бөлмесі - ұшуға әуе кемесінің экипажының ақпараттық кеңестік дайындықты жүзеге асыратын арнайы бөлме;

38) Резервтеу еселігі - объектінің резервті элементтерінің саны қысқартылмайтын бөлшектермен анықталатын объектінің негізгі элементтерінің резервтелетін санына байланысы (қатысы);

39) ЖЖМ сапасына бақылау жүргізу - осы шикізаттың мемлекеттік стандартқа (әрі қарай - ГОСТ) немесе техникалық ұсынысқа (әрі қарай - ТҰ) талаптарына алынған шамалардың сәйкестігін табу үшін ЖЖМ сапасының көрсеткіштері шамасын физика-химиялық талдау арқылы анықтау;

40) Электрберу сымы - электр бекеттерінің немесе бекетшелердің шегінен шығатын және қашықтыққа электрқуатын беруге арналған арнайы электрлі сым;

41) Жөндеу аралық қор - екі жүйелі жөндеу аралығындағы бұйымның ж а с а ғ а н і с т е р і ;

42) Өлшеу құрал-жабдықтарын метрологиялық аттестациядан өткізу - оның қасиетін зерттеу негізінде өлшеу құрал-жабдықтарын жеке өндірісте қолдануға арналған заңдастырылған метрологиялық қызметпен (немесе шекараға байланысты жалғыз данада желім) оның қасиетін зерттеу құптау негізінде;

43) Алдын-ала ескерту қағаздары (НОТАМ) - электр байланыс құрал-жабдықтарымен берілетін және қызметке енгізу туралы ақпарат, кез-келген аэронавигациялық жабдықтың өзгеруі немесе жағдайы, қызмет көрсету және ереже мазмұндалған немесе қауіпсіздік туралы ақпарат, ұшудың орындаумен байланысты қызметкерлер үшін өте маңызды уақытылы алдын-ала ескерту м а з м ұ н д а л ғ а н х а б а р л а у ;

44) Жасалған іс - ұшу сағатымен, отырғызу санымен, циклдер және қажалулар санымен өлшенетін бұйым жұмысының көлемі немесе ұзақтығы, яғни қ о р ш ы ғ ы н ы ;

45) Ұшу жарамдылық нормалары - әуе кемесінің құрылысына, параметрлері мен ұшу сапаларына және оның ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған

құрамаларына қойылатын талап ережелері;

46) Жүктелген резерв - негізгі элементтің тәртібінде бар бір немесе бірнеше резервті элементтердің құрамында бар резерв;

47) Сенімділік - бұйымның қасиеті барлық параметрдің мазмұн шегінде орнатылған уақытта сақтайды, берілген тәртіптерінде керекті қызметті орындайтын қабілеттілікті сипаттайтын қолдану шарттарында және техникалық қызмет көрсету, жөндеулер, сақтау және тасымалдауға орнатылған уақытта сақтайды ;

48) Арнаулы ресурс - жалпы бұйымның қосымша жұмыс, арналу бойынша қолдану жетістігінде тоқтатылу керек;

49) Қызметтің белгіленген мерзімі - бұйымның қолданылуы күнтізбелік ұзақтық жетістігінде арналу бойынша қолдану тоқтатылу керек;

50) Байланыстың бұзылуы - пайдалануға арналған маңызды мағынасы бар уақыт кезеңінде байланыстың жоқ болуы;

51) Электрлі қуатпен тәуелсіз қорек көзі - қоректің басқа көздерінде немесе оның басқаға жоғалып кеткенінде кернеу сақталатын электрқуатымен қоректенетін көзі ;

52) Жөнділіксіз жағдай (жөнділіксіздік) - нормативтік-техникалық және (немесе) құрылымдық құжаттаманың талаптарының ең болмаса біреуіне сәйкес келмеген бұйымның жағдайы ;

53) Жүктелмеген резерв - негізгі элементтің қызметінің орындалуының басталуына дейін жүктелмеген тәртіпте бар бір немесе бірнеше резервті элементтердің құрамында бар резерв;

54) Іске қабілетсіз жағдай (іске қабілетсіздік) - берілген қызметтің орындау қабілетін сипаттайтын параметрдің ең болмаса бір мағынасы (мәні) нормативті-техникалық немесе құрылымдық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейтін бұйымның жағдайы ;

55) Кезектегі жөндеу әдісі - бұйымның іске қабілеттілігін қамтамасыздандыруға немесе қалпына келтіруге бөлек бөлшектерді ауыстыруға

және (немесе) қалпына келтіруге орындалатын жөндеу әдісі;

56) Жеңілдетілген резерв - негізгі элементке қарағанда жүктелген тәртіпте бар бір немесе бірнеше резервті элементтерді сақтайтын резерв;

57) Ауыспалы қор - тексеруге және жөндеуге жататын бұйымдардың, бөлшектердің, блоктардың және құралдардың техникалық қызмет көрсету немесе жөндеу кезінде объектілерге (бұйымдарға) орнатылатын алдын ала қызмет көрсетілген, жөнделген тексерілген бұйымдардың, бөлшектердің және құралдардың тұрақты, әрқашан толтырылып тұратын қоры;

58) Жалпы резервтеу - бүтін күйінде резервтелетін элемент болып табылатын
р е з е р в т е у ;

59) ҰРТҚ объекті және авиациялық электрбайланыс - әуе қозғалысына қызмет көрсету біріктірген жүйесіне және кәсіпорынның өндіріс қызметінде анықталған функцияларды қамтамасыздандыруға арналған, стационарлық немесе жылжымалы нұсқауларды жергілікті орналасқан, инженерлік-техникалық қызметкерлермен көмек көрсетілетін, ұшуды радиотехникалық қамтамасыздандыру және авиациялық электрбайланыс (ҰРТҚ және байланыс құрал-жабдықтардың), қосымша және технологиялық жабдықтардың, (электркоректің автономдық құралдары, байланыс, басқару жолдары) құрал-жабдықтардың жиынтығы;

60) Қауіпті өндірістік фактор - жұмыс істеушінің арнайы жағдайларда жарақатқа немесе басқа кенеттен денсаулығының нашарлауына алып келетін
ө н д і р і с т і к ф а к т о р ;

61) Шұғыл техникалық қызмет көрсету - объектінің (заттың, авиациялық электрбайланыс арнасының) іске қабілеттілігін бақылау және қолдау бойынша техникалық қызмет көрсету нұсқауымен (регламентімен) бекітілген жеңіл технологиялық операцияларды орындауын ескеретін кезеңді техникалық қызмет
к ө р с е т у ;

62) Объектінің (бұйымның авиациялық электрбайланыс арнасының) іскеқабілеттілігін шұғыл бақылау - объектінің (бұйымның авиациялық электрбайланыс арнасының) технологиялық жеңіл тексерулерді тез орындауға
а р н а л ғ а н б а қ ы л а у ;

63) Анықтайтын параметр (белгі) - бақыланатын объектінің техникалық жағдайының түрін анықтауға арналған бақылауда қолданатын объектінің (бұйымның авиациялық электр байланыс арнасының) параметрі (белгі);

64) Азаматтық авиация ұйым - азаматтық авиация саласындағы қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға;

65) Негізгі элемент - оның элементінің істен шығуының жоқ болу кезінде керекті қызметтің объектісімен орындауға арналған қажетті объектінің элемент құрылымдары;

66) Бұйымның істен шығуы - бұйымның іскеқабілеттілігінің бұзылуымен қорытындылатын оқиға (жағдай);

67) Құрылымдық істен шығу - құрылым мөлшерлерін және (немесе) бекітілген ережелердің бұзу немесе кемелденбеу нәтижесінде туындаған істен шығу;

68) Объектінің істен шығуы (байланыстың бұзылуы) объектінің іскеқабілеттілігінің бұзылуымен қорытындылатын оқиға, (электрбайланыс арнасы). Объектінің тым мүмкін уақыт ішінде анықталған қызметтердің орындалуын қамтамасыздандыруға қолдануының мүмкін еместігіне алып келеді;

69) Өндірістік істен шығу - дайындаудың бекітілген процесін немесе жөндеу зауытында орындаған бұйымның жөндеуін бұзу немесе кемелденбеу нәтижесінде туындаған істен шығу;

70) Пайдаланатын істен шығу - бұйымды пайдалану шарттарын немесе және бекітілген ережені бұзу нәтижесінде пайда болатын істен шығу;

71) Авиа отынмен қамтамасыз ету жөніндегі ұйым - авиаотынмен қамтамасыз ету бойынша қызмет көрсететін (ЖЖМ) қызметі құрылымдық бөлімшенің заңды тұлғасы немесе заңды тұлға;

72) Еңбек қорғау - еңбек процесінде адамның іскеқабілеттілігін және денсаулығын сақтау қауіпсіздігін қамтамасыздандыратын әлеуметтік-экономикалық ұйымдардың, техникалық, гигиеналық және емдеу-сауықтыру іс-шаралар мен құрал-жабдықтардың заңдар актісінің жүйесі;

73) Ұшу алдындағы ақпарат пакеті - төмендегі бөліктерден тұратын жиынтық

:

ұшу алдындағы ақпарат бюллетені (ҰАБ);
Н О Т А М ;
ф л а й т - ж о с п а р ;
метеорологиялық құжаттама;
ұшудың навигациялық жоспары;

74) Өрт қауіпсіздігі - өрттің пайда болуы, дамуы және өрттің қауіпті факторларының адамдарға әсерін белгіленген ықтималдықпен болдырмайтын объектінің күйі, сонымен қатар құндылықтардың қорғауы қамтамасыз етіледі;

75) Техникалық қызмет көрсетудің (жөндеудің) кезеңдігі - осы түрі және келесі осындай түрмен немесе басқа тым қиын түрі араларындағы уақыт немесе
ж ұ м ы с і с т е у а р а л ы ғы ;

76) Жоспарлы жөндеу - нормативті құжаттама талаптарына сәйкес
а т қ а р ы л а т ы н ж ө н д е у ;

77) Зақымдалу - бұйымның жөнделікті жағдайының іскеқабілеттілік жағдайын сақтау кезінде бұзылумен қорытындылатын оқиға (жағдай);

78) Сенімділік көрсеткіші - бұйымның сенімділігін құрайтын бір немесе бірнеше қасиеттердің сандық сипаттамасы;

79) Өлшеу құрал-жабдықтарын түгендеу - мемлекеттік метрологиялық қызметпен немесе басқа өкілетті органмен техникалық талаптармен бекітілген өлшеу құрал-жабдықтарының сәйкестігін бекіту және анықтау мақсатында орындалатын операциялардың жиынтығы;

80) Өндірістік санитария - жұмыс істеушілерге зиянды өндірістік факторларды көбейтуге және азайтуға әсер ететін техникалық құрал-жабдықтар мен ұйымдасқан іс-шаралардың жүйесі;

81) Біртіндеп келетін істен шығу - біртіндеп келетін өзгеріспен сипатталатын бұйымның бір немесе бірнеше берілген параметрлер мағынасының істен шығуы;

82) Тұрақты резервтеу - оның элементінің істен шығуы пайда болғанда объектінің құрылымдары қайта құрылмаған резервтеу;

83) Ұшудың қайталанатын жоспары (RPL) - біркелкі элементтермен жеке ұшуларды ретті орындау негізінде жиі қайталанатынына қатысты және сақтау мен әуе қозғалысын басқару (әрі қарай - ӘҚБ) органдарымен көп ретті қолдануға арналған пайдаланушы ұсынатын әуе кемесінің ұшу жоспары;

84) Параметрдің шекті жіберілетін өлшемі ең көп немесе ең аз параметрдің өлшемімен иеленетін жұмысқа қабілетті бұйым;

85) Шекті жағдай - арналу бойынша оның бұдан кейінгі қолданылуы мүмкін емес немесе мақсатсыздық, не болмаса оның жөнділікті немесе іскеқабілеттілік жағдайының қалпына келуі мүмкін емес немесе мақсатсыздық болып келетін б ұ й м н ы ң ж а ғ д а й ы ;

86) Электрлі қуатпен қабылдағыш (электр қабылдағыш) - электрқуатының энергияның басқа түріне өзгеріс болатын құрылғы;

87) Принципті электрліксызба - элементтердің толық құрамын және олар арасындағы байланыстарды анықтайтын және бұйымның (қондырғының) жұмыс істеу принципі туралы нақты түсінік беретін сызба;

88) Іскеқабілетті жағдай (іскеқабілеттілік) - берілген қызметті орындау қабілеті сипатталатын барлық параметрлерінің мағынасы (мәні) нормативті-техникалық және (немесе) құрылымдық құжаттаманың талаптарына сәйкес келетін бұйымның жағдайы;

89) Техникалық қызмет көрсету регламенті - кезеңдікті орнататын және радиотехникалық бұйымға техникалық қызмет көрсету көлемін анықтайтын қ ұ ж а т ;

90) Регламенттік операция - техникалық қызмет көрсету регламентімен қ а р а с т ы р ы л ғ а н о п е р а ц и я ;

91) Өзгертілген маршрут бойынша - алдын ала жоспарланған бағдардан бөлек орындалатын әуе кемесіндегі әуетасымалы;

92) Резервтеу - бір немесе бірнеше оның элементтерінің істен шығу кезінде қосымша құрал-жабдықтарды және (немесе) объектінің іскеқабілетті жағдайын сақтау мақсатындағы мүмкіндіктерді қолдану;

93) Ауыстырумен резервтеу - негізгі элементтің қызметі тек қана негізгі элементтің істен шығуынан кейін резервтелгенге берілетін динамикалық резервтеу;

94) Электрқуатпен резервті қорек көзі - негізгі көздің өшірілуі кезінде қосылатын электрқуатпен қоректену көзі;

95) Резервті элемент - соңғысының істен шығу кезінде негізгі элементтің қызметтерін орындауға арналған арнаулы объектінің элементі;

96) Техникалық жағдай бойынша жөндеу - нормативтік-техникалық құжаттамада орнатылған кезеңдікпен техникалық жағдайды бақылау орындалатын, ал жөндеудің көлемі мен сәті бұйымның техникалық жағдайымен анықталатын жоспарлы жөндеу;

97) Жөндеуге жарамдылық - істен шығу зақымдалудың пайда болу себептерін анықтау және алдын-ала ескертуге икемделумен бекітілетін техникалық қызмет көрсету және жөндеудің жұмысқа қабілеттілік жағдай жолымен қалпына келтіру және қолдайтын бұйымның қасиеті;

98) Ұшақ (тікұшақ) қоры - техникалық құжаттамада ескертілген ең ақырғы күйіне дейінгі және соған арналып қабылданған шарада (ұшу сағаты, сақтау жылдары, қажалу циклдері, отырғызу сандары және т.б.) көрсетілген жасалған іс;

99) Бірінші күрделі жөндеуге дейінгі қор (қызмет мерзімі) - бұйымның пайдалана бастаған уақытынан оның бірінші күрделі жөндеу аралығындағы жасалған ісі (пайдаланудың күнтізбелік ұзақтығы);

100) Ұшу жарамдылық сертификаты - ұшу жарамдылық нормаларға азаматтық әуе кемесі сәйкестігін куәландыратын сертификат түрі негізінде өкілетті органдармен берілген құжат;

101) Қызмет мерзімі - бұйымды пайдалануының басталуынан немесе шекті жағдайға дейінгі жөндеуден кейінгі күнтізбек ұзақтығы;

102) Жанар-жағар материалдар қызметі (әрі қарай - ЖЖМ қызметі) - авиаотынмен қамтамасыз ету ісі бойынша дербес немесе ұйымның құрылымдық б ө л і м ш е с і ;

103) Жанар-жағар материалдар қоймасы - әуе кемелері мен арнайы автокөліктерге ЖЖМ қабылдау, сақтау және құюға арналған ғимараттар, қондырғылар және жабдықтар кешені болып табылады;

104) Ұшақты жанармаймен толтырудың орталықтандырылған жүйесі (әрі қарай - ОҰЖ) - әуе кемесінің бактарына технологиялық құбыр бойынша және толтыру агрегаттары арқылы стационарлы сорғыш көмегімен резервуардан жанармай беруге арналған технологиялық жабдық және құрылғы жиынтығы;

105) Тартылған мамандар - әуе кемесінің бортында тапсырманы эпизодты орындауға арналған мамандар - рейстік жағдайларда әуе кемесінің дайындығын қамтамасыз ететін жердегі инженерлік-техникалық құрамның адамдары, сонымен қоса әуе кемесінің бортында жеке тапсырмаларды орындау үшін т а р т ы л ғ а н а д а м д а р ;

106) Арнайы сұйықтықтар - авиациялық техниканы пайдалану кезінде қолданатын сұйықтықтардың жалпы атауы;

107) Арнайы өлшеу құрал-жабдығы нақты бұйымға немесе авиациялық техника бұйымдарының тобына арнайы жасалған пайдалануға және (немесе) жөндеуге қолданатын өлшеу, бақылау, диагностика құрал-жабдығы. Оларға бақылау-тексеру және бақылау өлшеу аппаратуралары, техникалық қызмет көрсетудегі және авиациялық пен жердегі техниканы жөндеуге қолданатын стендтер, пульттер, қондырғылар жатады;

108) Жүйе - бөлімдерден (түйіндерден), элементтердің көпшілігінен, агрегаттардан, бұйымдардан, аспаптардан құралған бір-бірімен байланысқан және анықталатын қызметтерді орындайтын механизм (жүйе) құрайтын бүтін зат ;

109) Ұшу мен байланысты радиотехникалық қамтамасыздандыратын объектіні электрмен қамдау жүйесі - жалпы процеспен қосу немесе қайта жасау мен біріктіретін, беретін және тарататын және электроқуатты қайта жасайтын (немесе) көздерінен тұратын электрлік байланыстардан таратушы қондырғылардан, басқару қондырғыларынан берілген шектегі параметрлерін

қолдауын қамтамасыз ететін бақылау және қорғау жүйесі;

110) Орташа жұмыс істеудің істен шығуы - осы жұмыс істеу кезінде бұйымның жұмыс істеу санына оның істен шығуының қарым-қатынасы;

111) Өндірістік қорғау құрал-жабдықтары - бір немесе бірнеше жұмыс істеушілерге қауіпті және (немесе) зиянды өндірістік факторлардың әсерін азайтатын немесе болдырмайтын алдын алатын құрал-жабдықтары;

112) Жеке қорғану құрал-жабдықтары - бір жұмыс істеушіні қорғауға арналған арнайы құрал-жабдық;

113) Ұшуды радиотехникалық қамтамасыздандыру және авиациялық электрбайланыс құрал-жабдығы, (ҰРТҚ) және байланыс құрал-жабдығының өндірушінің шарттарына сәйкес жасалатын және әкелетін, әуе қозғалысына қызмет көрсету бірлік жүйесінде және (немесе) азаматтық авиация кәсіпорының, өндіріс қызметін қамтамасыздандыруда ұшуды радиотехникалық қамтамасыздандыру және (немесе) авиациялық электрбайланыс бойынша анықталған қызмет орындауға арналған техникалық құрал-жабдық (бұйым);

114) Бұйымның құрылымдық сызбасы - бұйымның негізгі функционалдық бөлімдерін, олардың міндетін және бір-бірінің байланысын анықтайтын сызба;

115) Қосу сызбасы - бұйымның сыртқы қосуларын көрсететін сызба;

116) Ағымдағы жөндеу - бұйымның іске қабілеттілігін қамтамасыздандыруға немесе қалпына келтіруге бөлек бөлшектерді ауыстыруға және (немесе) қалпына келтіруге орындалатын жөндеу әдісі;

117) Қауіпсіздік техникасы - қауіпті өндірістік факторлардың жұмыс істеушіге әсерін болдырмайтын ұйымдасқан іс-шаралар және техникалық құрал-жабдықтардың жүйесі;

118) Техникалық ресурс (ресурс) - бұйымның қосымша жұмысының пайдалану басынан немесе мөлшерлі жағдайына өтуіне дейін жөндеуден кейінгі белгілі түріне жаңаруы;

119) Техникалық қызмет көрсету - арнау бойынша қолдану, сақтау және тасымалдау кезінде бұйымның іскеқабілеттілігін немесе жөнділігін сақтауға

арналған операциялар кешені (операция). Техникалық қызмет көрсету белгілердің біреуімен айқындалады: бар болу кезеңі, жұмыс көлемі, реттеу, п а й д а л а н у ш а р т т а р ы ;

120) Үзілмейтін бақылау мен техникалық қызмет көрсету - нормативті-техникалық құжаттамада көрсетілген және техникалық жағдайды үзілмейтін бақылау нәтижелері бойынша орындалатын техникалық қызмет к ө р с е т у ;

121) Кезеңдік бақылаумен техникалық қызмет көрсету - нормативті-техникалық құжаттамада (регламентте) орнатылған кезеңдік пен көлемдікпен техникалық жағдайдың бақылауы орындалатын, ал басқа операциялардың көлемі техникалық қызмет көрсетудің басталу сәтінде бұйымның техникалық жағдайы анықталатын техникалық қызмет көрсету;

122) Техникалық жағдай - осы бұйымға техникалық құжаттамамен орнатылған анықталған сәтінде анықталған параметрлермен (белгілермен) сипатталатын пайдалану процесінде өзгертін бұйым қасиеттерінің жиынтығы;

123) Техникалық қызмет көрсетудің техникалық картасы - регламентті операцияларды орындау тәртібін, техникалық талаптарды, қолданатын құрал-жабдықтарды қажетті еңбек шығындарды құрамына кіргізетін зат;

124) Трансформаторлы бекетше - трансформаторлардың көмегі арқылы бір электр кернеуін кернеудің басқа энергиясына өзгертуге арналған арнайы электрлі б е к е т ш е ;

125) Өкілетті орган - өз құзыреті шеңберінде Қазақстан Республикасы азаматтық және экспериментальдық авиация қызметін үйлестіру және реттеу және әуе кеңістігін пайдалану, азаматтық авиация саласындағы мемлекеттік саясатты, мемлекеттік бақылау мен тексеруді жүзеге асыратын мемлекеттік басқару органы ;

126) Параметрдің шектелген рұқсаты - пайдалану немесе жөндеу құжаттамасына сәйкес бұйымның жөнделігі бұзылатын бірақ оның іскеқабілеттілігі сақталатын параметрдің мазмұндарының өзгеру диапозондары;

127) Аталған өлшем құралын тексеру нәтижелері растайтын және онда белгіленген түр мен мазмұндағы бейнесі бар шартты белгі немесе рәміз (әрі

қ а р а й - т а ң б а) ;

128) Құрылғы - бірыңғай құрылым (блок тақта шкап, механизм) болып табылатын элементтер жиынтығы;

129) Флайт-Жоспар (FPL) - әуе қозғалысын басқару (ӘҚБ) органымен ұсынылатын жоспарланған ұшу немесе әуе кемесінің ұшу бөлігі туралы анықталған мәлімет;

130) Функционалдық сызба - бұйымның қондырғының бөлек функционалдық тізбектерінде немесе бүтін бұйымда өтетін анықталған процестерге түсінік беретін сызба. Функционалдық тізбек - анықталған арнауы бар жол арна, тракт (дыбыс арнасы, бейнеарнасы, өте жоғары жиіліктердің тракты);

131) Функционалдық тізбек - анықталған арнауы бар жол арна, тракт (дыбыс арнасы, бейнеарнасы, өте жоғары жиіліктердің тракты);

132) Орталықтанған электрмен қамдау - энергетикалық жүйеден тұтынушының электрмен қамдауы;

133) Чартерлі рейс - әуе кемесінде реттелмеген (кестеден тыс) авиатасымалдау;

134) Кепілдікті электрқорек қалқаны - электрқуатпен қорек көзінің біреуі істен шыққанда басқа көзден кепілдемелікті уақыт арқылы қалпына келетін, бөліп тұратын құрылғы;

135) Пайдалану құжаттамасы - бұйымның ұшуда және техникалық пайдалануын реттейтін және пайдалану шектері, тәртіптері мен ұсыныстар мазмұндалатын құжаттама.

136) Электрлі бөліп тұратын құрылғы - бір кернеуде электрқуатты қабылдауға және бөліп тұруға арналған және құрамында коммутациялық аппараттар, көмекші құрылғылар және олардың элементтерін қосатыны (біріктіретін) бар арнайы электрқондырғы;

137) Электрбайланыс - сым, радио, оптималдық және басқа электрмагниттік жүйелер бойынша белгілерді, дабылдарды, жазбаша түрдегі мәтінді, бейнені,

файлдарды, дыбыстарды әртүрлі жіберу немесе қабылдау;

138) Сызбаның элементі - бұйымға белгілі қызмет атқаратын және бөліктерге бөлінбейтін жеке қызметі бар сызбаның құрамдас бөлігі (резистор, трансформатор, сорғыш, муфта);

139) авиакомпанияның коды - ақпаратты қалыптастыру, беру және сақтау жүйелерінде авиа тасымалдаушыны сәйкестендіру үшін рейсті белгілеудің құрамдас бөлігі ретінде қолданылатын белгілердің тіркесі (әріп-әріп, цифр-әріп, ә р і п - ц и ф р) ;

140) рейстің бағдары - жөнелту және жету пункттерінің арасында жасалатын тасымалдар тізбектестігіндегі бір немесе бірнеше учаскелер;

141) рейс бағдарының учаскесі - бағдар бойынша жөнелту пунктінен келесі қону пунктіне дейін тасымалдау;

142) әуе кемесін жөнелту - әуе кемесінен тежегіш қалыптарды алу уақыты;

143) есепті самғау уақыты - кестемен белгіленген ӘК жөнелту уақыты және сүйреу мен рульдеуге берілген уақыт;

144) нақты самғау уақыты - самғау уақытының нақтылығы;

145) есепті келу уақыты - нақты самғау уақыты және ұшу сапарының ұзақтық уақыты және қонғаннан кейін рульдеу мен сүйреуге берілген уақыт;

146) сүйреу, рульдеу уақыты - тежегіш қалыптарды алудан бастап әуе кемесі самғағанға дейінгі нақты уақыт;

147) нақты келу уақыты - әуе кемесі қонғаннан кейін рульдеуге және сүйреуге берілген уақытты ескере отырып, тежегіш қалыптарды орнату уақыты;

148) әуе кемесін жөнелтуді кешіктіру - әуе кемесін әуежайдан кестеде (ұшу жоспарында) белгіленген уақыттан кеш жөнелту;

149) рейсті орындауды кешіктіру - әуе кемесінің соңғы әуежайға кестеде (ұшу жоспарында) белгіленген уақыттан кеш келуі;

150) тәуліктік ұшу жоспары - авиакомпанияларда, әуежайларда және аэронавигациялық ұйымдарда тұрақты рейстер қозғалысының кестесі мен ұшу жоспарларының (өтінімдерінің) негізінде жасалатын бір тәулікке жоспарланатын барлық ұшулар (тұрақты, чартерлік, қосымша, техникалық мақсаттағы ұшулар) ж о с п а р ы ;

151) әуе кемесін жөнелтуді кешіктіру актісі - ұшулар тұрақтылығын бұзуға айыптыларға талаптар қою үшін негіз болып табылатын белгіленген нысандағы қ ұ ж а т .

Ескерту. 3-тармақ толықтырылды - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 2008.05.20 N 227 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

2-бөлім. Әуе кемесін ұшуға дайындауды инженерлік-авиациялық қамтамасыз ету 2-тарау. Әуе кемесін ұшуға дайындау кезінде радиотехникалық құрал-жабдықтар объектілерін қамтамасыз ету тәртібі және ұйымдастыру & 1. ҰРТҚ объектілері мен байланыстың негізгі талаптары мен міндеттері

4. Ереженің негізгі тарауында анықталады:

1) Ұшуды радиотехникалық қамтамасыздандыру және авиациялық электр байланысты (ҰРТҚЕ және байланыс) ұйымдастырылған және техникалық талаптар бойынша құрал-жабдықтармен әуе қозғалысымен басқару ұшудың реттілігін және қауіпсіздікті қамтамасыздандыру, ӘК ұшуы мен қонуы м а қ с а т ы н д а ;

2) техникалық пайдаланудың негізгі принциптері резервтеу, техникалық қызмет көрсету және жөндеу, ҰРТҚ және байланыс объектілерінің сенімділік функциясы бойынша бағытталған талаптар, ҰРТҚ және байланыс объектілерінің пайдалану кезінде еңбектік, материалдық және энергетикалық ресурстарды ү н е м д і п а й д а л а н у ә д і с т е р і ;

Осы Ереженің талаптары мен мәліметтері РТЖпБП қызметтерімен басқаратын және инженерлі-техникалық қызметкерлермен іске асырылып қамтамасыздандырылады (әрі қарай - РТЖпБП) және өз қызметінде ҰРТҚ

құрал-жабдықтарын пайдаланатын барлық азаматтық авиация ұйымдары мен орындалуға міндетті және ӘК ұшу қауіпсіздігімен азаматтық авиация ұйымының өндіріс қызметін қамтамасыз ететін байланыста.

5. Әуе кемелерінің ұшуын радиотехникалық қамтамасыздандыру бойынша қызметті қамтамасыздандыру, АА ұйымдарында авиациялық электрбайланыс және өндірістік қызметті радиотехникалық жабдық және байланысты пайдалану қызметін РТЖпБП қызметі, басқа бөлімшелер, осы Ережелермен реттелетін қызметті жүзеге асырады.

&2. Ұшудың радиотехникалық қамтамасыздандыруы 1. Ұшудың радиотехникалық қамтамасыздандыру және авиациялық электрбайланыстың құрал-жабдықтары

6. Әуе кемелерінің радиотехникалық қамтамасыздандыруы және азаматтық авиацияның өндірістік қызметінің мекемелері өзімен жердегі радиотехникалық құрал-жабдықтардың жиынтығын, ұйымдасқан-техникалық іс-шаралар және электрбайланыс құрал-жабдықтарын ұшудың қауіпсіздігін қамтамасыздандыру мақсатында РТЖпБП және азаматтық авиация мекемелердің (бөлімдермен) басқа қызметтерімен (бөлімдерімен) өткізілетінін көрсетеді.

7. ҰРТҚ және байланыс құрал-жабдықтары қатаң түрде пайдаланатын құжаттамамен сәйкес пайдаланылу керек. ҰРТҚ және байланыс құрал-жабдықтарының техникалық сипаттамалары пайдаланатын техникалық құжаттарда келтірілген параметрлердің мағынасына сәйкес келуі керек (әрі қарай - ПТҚ) және пайдалану процесінде берілген шекте қолдау керек.

8. ҰРТҚ және байланыс құрал-жабдықтарын объектіде орналасуы пайдаланатын және жобалау құжаттамасының талаптарына жауап беру керек.

9. ҰРТҚ объектісінің инженерлі-техникалық қызметкерлердің саны нақты құрал-жабдықтардың, бекітілген формалармен, ұйымдастыру және еңбек қорғау бойынша нормативті құжаттың және техникалық қызмет көрсету әдістерінің есебімен байланыста орнатылады.

10. ҰРТҚ және байланыс құрал-жабдықтарының құрылымдық атқарылуы орындалатын қызмет сапасына және толықтылықты жоғалтусыз негізгіден резервті жиынтыққа автоматты өтуді қамтамасыздандыру керек, (пайдаланатын техникалық құжаттаманың талаптарының есебімен) қолдық өтудің резервті жиынтыққа өту мүмкіндігін, құрал-жабдықтардың жасалуының модульды принципі құрамдық қызметтік бөлімдердің рационалды санға бөлінуімен, стационарлық жайларға, қораптарға немесе контейнерлерге орналасуын және оның стационарлық жайларға қондыруының құрал-жабдықтарды қызметтік көбейту мүмкіндігі, техникалық қызмет көрсету және жөндеу талаптарының

орындалуын қауіпсіздік техникасының, өрт қауіпсіздігінің, өнеркәсіптік тазалықтың талаптарымен сәйкес қауіпсіз пайдалануын қамтамасыздандыру керек.

11. ҰРТҚ және байланыс құрал-жабдықтарының толықтырылуы, бақылауы, реттеуді, құрылымдық элементтердің ауыстырылуын және басқа жұмыстардың өткізуін талап ететін орындарға ҰРТҚ және байланыс құрал-жабдықтарының регламенттелген технологиямен дайындықтары қызметке, техникалық қызмет көрсету және жөндеуге еркін рұқсатты қамтамасыздандыру керек.

12. ҰРТҚ және байланыс құрал-жабдықтары электрқуатын электрмен қамдаудың тәуелсіз және бір-бірімен резервтелетін көздерінен АА ПЖН анықталған ҰРТҚ және байланыс объектісінің электрмен қамдау категориясынан тәуелдікте алу керек.

13. Электрмен қамдаудың негізгі көздерін сапасында электрқуатын орталықтанған электрмен қамдау жүйесінен алатын көздерін пайдалану керек. Резервтеу сапасында резервті электртізбек, дизель-генератор, шоғырлағыштар және электрмен қамдаудың басқа көздерін пайдалануы мүмкін.

14. ҰРТҚ және байланыс объектілерінің электрмен қамдауы құрылысты нормалар және ережелермен (әрі қарай - ҚН және Е), жобалау құжаттамасымен, сонымен қоса аэролаңы құрылғы Ережесінің талаптарымен (әрі қарай - АҚЕ) және қауіпсіздік техникасының Ережесімен сәйкестікте қамтамасыздандырылуы керек (әрі қарай - ҚТЕ).

15. ҰРТҚ және байланыстың әрекеттегі объектілерінің және қайта құрылған электрмен қамдаудың сенімділік категориясы істен шығу немесе бұзылу жағдайларында оларды электрмен қамдау қалпына келтіру ең көп мөлшерлі уақытта АА ПЖН талаптарымен сәйкес келуі керек.

16. ӘК ұшуының реттілігі және қауіпсіздігі әуежайлардың қамтамасыздандырылуынан, әуе жолдарынан, жергілікті әуе жолдарынан (әрі қарай - ЖӘЖ), қорғанды қызметтерден (тармақтардан), ҰРТҚ және байланыстың жердегі құрал-жабдықтарынан, техникалық деңгейінен, автоматтандыру деңгейі және осы құрал-жабдықтардың қызметінің сенімділігінен және мамандардың дайындық деңгейінен, пайдаланатын және қолданатын радиотехникалық жабдық және байланыстың жердегі құрал-жабдықтарынан байланысты болады.

17. ҰРТҚ және байланыстың (жабдыктану) жердегі құрал-жабдықтарының ұсынылған құрамы АА ПЖН мен анықталады.

18. Тәртіп жұмыс уақыты туралы шешім, әуе жолдарында және мемлекеттік маңызы бар әуе жолдарында, ұшудың және әуе қозғалысын басқару (әрі қарай - ӘҚБ) үшін қолданылатын ХӘЖ-да ҰРТҚ және байланыстың жердегі құрал-жабдықтарының жабылуы және немесе жойылуы Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация Министрлігінің бұйрығымен қабылданады.

2. ҰРТҚ және авиациялық электрбайланыс объектілерінің жұмыстарын бақылау

19. ҰРТҚ және байланыс құрал-жабдықтары магнитті тасушыда және РТЖпБП қызметінің ауысым (аға) инженерінің журналында (осы Ережелерге 1 қосымша) міндетті жазуы бар ұшудың қозғалыс қызметі (диспетчерімен) басшысының келісімі бойынша қосылады және өшіріледі.

20. РТЖпБП қызметінің ауысым (аға) инженерінің журналында қосу, ауыстырылып қосу және өшіру уақыты туралы және ҰРТҚ және байланыс құрал-жабдықтарының жұмысының сапасы туралы, олардың жұмысында ескертулердің бар болуы немесе жоқ болуы туралы жазу жазылады.

21. ҰРТҚ және байланыс құрал-жабдықтарының нормативті уақытының резервке ауыстырылып қосылуы (өтуі), (электрбайланыстың шығу каналы) сонымен қоса инженерлі-техникалық қызметкердің әрекеті ҰРТҚ және байланыс объектілерінің резервтеу бойынша нұсқауларында көрсетіледі. Нұсқау объектінің басшысымен қол қойылады, РТЖпБП қызметінің бастығымен бекітіледі және объектіде болу керек. Берілген ауыстырылып қосу (өтуі) ҰРТҚ және байланыс құрал-жабдықтарының резервіне қозғалыс қызметімен мақұлданады, АА ұйымының басшысымен бекітіледі және жұмысқа пайдалану үшін қозғалыс қызметіне (қол қоюға) беріледі (осы Ережелерге 2-қосымша).

22. ҰРТҚ және байланыс құрал-жабдықтарының берілген нормативті ауыстырылып қосу (өтуі) уақыты РТЖпБП-ң ауысым (аға) инженерінің жұмыс орнында болуы керек.

23. ҰРТҚ және байланыс объектілерінің жұмысқа қабілетсіз жағдайының ұзақтығы жұмысты тоқтату кезіне жұмысқа қабілеттілікті қалпына келтіруге дейін есептеледі және РТЖпБП қызметінің (аға) ауысым инженерінің журналында жазылады.

24. ҰРТҚ объектісінің әрбір істен шығуы, байланыстың бұзылуы себептерінен тәуелсіз РТЖпБП қызметінің тағайындалған басшысымен, комиссиямен тергеледі.

Тергеу нәтижелері істен шығу тергеуінің актісімен хатталады, (Осы Ережелерге 3-қосымша).

25. Инженерлі-техникалық қызметтің тұрақты қатысуынсыз жұмыс істейтін ҰРТҚ және байланыстың автоматтандырылған объектілерінің іскеқабілеттілігін бақылау қашықтық бақылау және басқару жүйесінің дабылымен, диспетчерлік және ұшу құрамының дыбыс беруі бойынша РТЖпБП қызметінің ауысым инженері (аға) жүзеге асырады.

26. ҰРТҚ және байланыс объектілерінде кезекші инженерлі-техникалық қызметкердің ҰРТҚ мен байланыстың объектінің арнауы мен құрылымына байланысты электр байланыс арналары автоматтандырылған дабылдар бойынша енгізілген бақылау-өлшеу аспаптарының, бақылау индикаторының көрсету бойынша әуе жағдайының индикаторында көрсетілген ақпарат пен бақылау суретімен салыстыру бойынша жүзеге асырылады; Абоненттер мен тілшілерді сұраққа алу, тындау нәтижелері бойынша авиациялық электр байланыс арналарының жұмысының сапасын бағалауымен жүзеге асырылады.

27. РТЖпБП қызметімен ұшу қауіпсіздігін қамтамасыздандыратын қызметтік тұлғалар мен диспетчерлік қызметтің сөйлесу техникалық құрал-жабдықтарының көмегімен міндетті түрде құжатталуы, сонымен қоса радиолокациялық ақпараттық бейнежазуының құжатталуы, өткізілуі керек. Құжаттарды жүргізу тәртібі осы Ереженің 4 қосымшасында, ал магнитті-таспалы журнал есебіндегі форма осы Ереженің 4 қосымшасында келтірілген. Құжатталу арнасының тізімі АА ұйымның басшысымен бекітіледі (осы Ережелерге 6 Қосымша).

28. Азаматтық авиация ұйымының басшылық құрамы ҰРТҚ және байланыс объектілерінің жағдайын және техникалық пайдалануын кезеңдікпен сирек емес б а қ ы л а й д ы :

1) РТЖпБП қызметінің басшысы - жарты жылда 1 рет

2) Қызмет бастығының орынбасарлары - тоқсанда 1 рет

3) ҰРТҚ қызметінің бас инженері - тоқсанда 1 рет

4) РТЖпБП тораптың бастығы немесе оны алмастыратын тұлға - тоқсанда 1 рет.

29. Бақылау нәтижелері объектінің ауысым инженерінің технигінің шұғыл журналында ҰРТҚ және байланыс құралдарының жұмысы мен байланысты ұшу қауіпсіздігі мен тұрақтылығының бұзылуы туралы арнаулы журналға белгіленеді (осы Ережелерге 8 Қосымша).

3. ҰРТҚ және авиациялық электрбайланыс құрал-жабдықтарының сенімді қызметін қамтамасыздандыру

30. ҰРТҚ және байланыс құрал-жабдықтарының қызметінің сапасы оның арнауына сәйкес белгілі қызметтерді орындайтын құрал-жабдықтарының қабілетін сипаттайтын қасиетінің жиынтығымен анықталады.

31. ҰРТҚ және байланыстың жердегі құрал-жабдықтарының қызмет істен шықпаушылық, жөндеуге жарамды, ұзақтық және бүтіндікті қосатын жиынтықты қасиет және сенімділігі анықталады:

1) сызбалы-құрылымды орындаумен, жиынтықты элементтердің қолдану сапасымен,

2) автоматтандыру деңгейімен, резервтеумен, электрмен қамтамасыз ету сенімділігімен басқару және байланыс жолдарымен, техникалық пайдалану ұйымымен, техникалық қызмет көрсету және жөндеу сапасымен, инженерлі-техникалық қызметкердің тәртіппен және кәсіби дайындығымен;

3) пайдалану шарттарымен, электрмагнитті жағдаймен, ауа райлық және метеорологиялық себепкер шарттарымен, монофералық құбылыстармен, радиотолқындардың өтпеуімен;

4) тасымалдау шарттарымен және сақтаумен.

32. ҰРТҚ және байланыс құрал-жабдықтарының істен шықпаушылығы орташа істен шығу жұмысымен сипатталады (зақымдалу).

33. Істен шығуға (зақымдану) жұмыс осы Ереженің 9-қосымшасында келтірілген формула бойынша анықталады.

34. ҰРТҚ және байланыс құрал-жабдықтарының жөндеуге жарамдылығы оның іскеқабілеттілігін қалпына келтіруі орташа уақытпен сипатталады.

35. Іскеқабілеттілікті қалпына келтірудің орташа уақыты осы Ереженің 9-қосымшасында келтірілген формула бойынша анықталады.

36. ҰРТҚ және байланыс құрал-жабдықтарының іскеқабілеттілігін қалпына келтіру уақыты істен шығу себептерін іздеуге шығындалғанға және істен шығу салдарының шеттелуіне (зақымдалу) уақыт қосады. Ұйымдық бөгелістер құрал-жабдықтардың іскеқабілеттілігін қалпына келтіру кезінде бөлек ескертіледі.

37. ҰРТҚ және байланыс құрал-жабдықтарының сенімділік көрсеткіштері ұшудың қауіпсіздік талаптарын негізге алып анықталады, жетілдіру кезінде, өндірісте салынады және пайдалану процесінде қолдау көрсетіледі.

38. Құрал-жабдықтардың ұзақтылығы жұмыс істеумен, ресурспен және пайдаланудың күнтізбелік ұзақтылығымен (қызмет мерзімімен) пайдалану басынан, немесе жөндеуден кейін қалпына келтірумен жарамсыздықпен сипатталады.

39. Ұзақтылықтың көрсеткіштері құрал-жабдықтардың формулярларында (төлқұжатта) келтіріледі, пайдаланудың тәжірбиелі негізінде айқындалуы мүмкін.

40. ҰРТҚ және байланыс құрал-жабдықтарының жұмыс ұзақтығы, қосу, өшіру уақыты нақты ескеріледі.

41. Жұмыс істеу есебі құрал-жабдықтардың электрмен қамдаудың басқару элементінің қондырғысы "Қосылған" күйіндегі кезден жүргізіледі.

42. Жұмыс істеу есебі бұйымның формулярында ай сайын жүргізіледі:

1) есептегіш көрсеткіші бойынша жабдықталған есептегіштік құрал-жабдықтарға арналған;

2) жүктелген немесе жеңілдетілген резерві бар мекемемен - жасаушы ескерілген үлкен жұмыс істеуі бар (негізгі немесе резервті) құрал-жабдықтардың есептегішінің көрсеткіші бойынша құрал-жабдықтарға арналған;

3) жүктелмеген резерві бар мекемемен - жасаушымен есептегіш бойынша ескерілген көрсеткіштері қосындыланатын құрал-жабдықтарға арналған.

43. ҰРТҚ және авиациялық электрбайланыс құрал-жабдықтарының ұзақтығы және жөндеуге жарамдылығы, істен шықпаушылықтың көрсеткіштері пайдалану процесінде зақымдалу және істен шығу бойынша сонымен қоса пайда болу себептері берілген статистикалық талдау нәтижелері бойынша бағалану керек.

44. ҰРТҚ және авиациялық электрбайланыс құрал-жабдықтарының істен шығуы және зақымдалуының есебі және талдауы мына мақсатта өндіріледі:

1) ҰРТҚ және байланыс құрал-жабдықтарының пайдалану нәтижелері бойынша сенімділікті бағалау;

2) істен шығудың және зақымдалудың пайда болу себептері ҰРТҚ және байланыс сенімділікті жоғарлату бағытында сериялы дайындалған және қайта дамытылған құрал-жабдықтардың жетілдіру және таратылу талдауы;

3) техникалық қызмет көрсету (әрі қарай - ТҚК) және жөндеудің кезеңдігі және көлемнің тиімділігі;

4) пайдаланатын және жөндеу құжаттамасын жүзеге асыру артық құралдар мен аспаптардың шығын мөлшері мен құрамының оптималдылығы;

5) ҰРТҚ және байланыс құрал-жабдықтарында пайдаланатын техникалық ресурстарды (қызмет мерзімі) негіздеу.

45. Барлық істен шығулар және зақымдалу, олардың себептері және құрал-жабдықтардың қалпына келтіру уақыты ҰРТҚ және байланыс

құрал-жабдықтарына формулярда және төлқұжатта ескерілу керек. Формулярға кіріспе осы Ереженің 10-Қосымшасында келтірілген.

46. ҰРТҚ және байланыс құрал-жабдықтарының істен шықпаушылық көрсеткішінің талдауына арналған қызмет мерзімі ағынында жыл сайын істен шығудың жинақтауы және құрал-жабдықтардың зақымдалуы туралы карта толтырылады (осы Ереженің 11 қосымшасы).

4. ҰРТҚ және авиациялық электрбайланыс құрал-жабдықтарын резервтеу

47. ҰРТҚ және байланыс құрал-жабдықтарының жұмыста жіберілген үзіліс уақытын қамтамасыздандыру ұшудың қауіпсіздік талаптарын негізге алып, резервтеумен жетіледі.

48. Радиолокация, радионавигация құрал-жабдықтары және әуе қозғалысын ұйымдастыру ауданының (әрі қарай - ӨЖЖ. Ж.Ж.) әуе радиобайланыс диапазоны және әуе қозғалысымен басқаратын аэротараптық (әрі қарай - АС ӘҚБ) автоматтандырылған бекеттер, диапазоны ӨЖЖ авиациялық радиотрансляторының жүз процентті резерві болу керек

49. ӨЖЖ диапазонының авиациялық әуе байланысының әрбір арнасы негізгі және антеналы фидерлі жүйесімен қабылдайтын және берілетін қондырғының (немесе қабылдап беретін) резервті жинағы болу керек.

Мұнара (Айналым, Мәре және Қону) арналарында радиобайланыс құрал-жабдық жинағының біреуіне арналған химиялық ток көзінен кем дегенде 2 сағат ұзақтықта апаттық электрмен қамтамасыз ету ескерілуі керек.

50. 48-ші тармақта көрсетілген басқа авиациялық электрбайланыстың басқа арналарына арналған резервті жабдық саны (радиостанциялар, радиобергіштер, радиоқабылдағыштар, телеграфты аппараттар) осы Ереженің 9-қосымшасында келтірілген формула бойынша анықталады.

51. Резервті радиостанциялар (басқа радиосәулешығаратын қондырғылардың резервті құрал-жабдықтары) жұмыс істейтін (негізгі) құрал-жабдықтардың жиіліктеріне ылғи күйге келтірілу керек.

52. Көп арналы магнитофондар құжатталу мақсатына арналған азаматтық авиация ұйымдарының тәуліктік жұмысы кезінде есептен бір магнитофон ақпараттық құжаттау объектісіне резервтеледі.

53. ҰРТҚ және байланыс объектілерінің электрмен қамтамасыз ету сенімділік категориясы және электрмен қамтамасыз етуде ең көп мөлшерде жіберілген үзіліс уақыты пайдалану жарамдылық талаптарымен сәйкес келу керек АА ПЖН-ның талаптарымен сәйкес келу керек.

54. Электрқуатына тұтынушылардың қосылуы, ұшуды қамтамасыздандыру мен тікелей байланыссыз, ҰРТҚ және байланыс құрал-жабдықтарының кепілдікті электрқорек қалқандарына қосылуы тыйым салынады.

55. Метеожабдық және ҰРТҚ және байланыс объектілерінің орташа жабдық жұмысының шарттарын қамтамасыз етуге арналған қондырғыларға (жылу беру, жөндету, желдету, апаттық жабдық) және жарықтехникалық жабдықты қашықтықта басқару сәйкес токты қорғанышы бар бөлек автоматты өшіргіште бұл жүктемені көрсету кезінде қосу рұқсат етіледі.

56. Мәселік диспетчерлік бөлімнің (әрі қарай - МДБ) объектісінде әйнектелудің жылыту элементтерінің дизель-генераторының жеткілікті қуаты кезінде қосылуы рұқсат етіледі.

57. ӘК ұшудың реттілігі және қауіпсіздікті радиотехникалық қамтамасыз ету сапасы сипатталатын негізгі көрсеткіші ҰРТҚ және байланыс құрал-жабдықтарының қызметтік сенімділігі болып табылады.

58. ҰРТҚ және байланыс құрал-жабдықтарының қызметтік сенімділігі бағаланады: бір қызметтік істен шығуға орташа жұмыс істеумен, (байланыстың б і р б ұ з ы л у ы) .

Іскеқабілеттілікті (байланысты қалпына келтіру) орташа уақытпен қалпына келтіру.

59. Қиын көпқызметтік, көпарналық жүйенің қызметтік сенімділігі (ӘҚБА) әрбір қызмет, әрбір арна бойынша бағаланады. Жалға берілген байланыс арналардың қызметтік сенімділігін бағалауға арналған байланыс арнасының дайындық коэффициенті (Кг) қолданылады.

$$K_d = T / (T + t),$$

T - қосындыланған уақыт, бағаланатын кезеңге байланыс арнасының іскеқабілеттілік жағдайы .

t - бағаланатын кезеңге байланыс арнасының іскеқабілетсіздік жағдайының жалпы ұзақтығы.

60. ҰРТҚ және байланыс құрал-жабдықтарының қызметтік сенімділігінің жоғарлауына арналған жабдықты резервтеудің әртүрлі түрі қолданылады (құрылымдық, қызметтік, ауыстырумен резервтеу, қосарланушылық) сонымен қоса екі және үш мәрте электрқуатымен қоректену көздерімен резервтеу.

61. Резервке ауыстырылып қосылу (өту) ең аз мөлшердегі мүмкін уақытта жүзеге асу керек.

62. ҰРТҚ және байланыс құрал-жабдықтарының қимылына арналған резервке ауыстырылып қосылудың (өтудің) нормативті уақыты берілген мемлекеттік стандарттардың негізінде анықталады немесе жабдықтың зауыттың жасаушы техникалық құжаттамасымен және электрқуатымен қоректенудің резервті көздерінен, берілген объектіде бекітілген және аспау керек:

1) электр байланыс құрал-жабдықтарына арналған: байланыс арналарының диспетчер (басқа ведомстволарды жалға берілген арналардан басқа) және байланыс арналар "диспетчер" - "экипаж - 15с" электрбайланыстың басқа арналарына арналған - 5 минут;

2) ұшудың радиотехникалық қамтамасыздандыру құрал-жабдықтарына арналған жолдық радиолокаторлардың және жақын навигацияның радиотехникалық жүйесі - 10 минут; шолушы аэроландық және қону радиолокаторы - 7 минут; автоматтандырылған радиопеленгаторлардың және жетекті радиостанциялар - 1 минут;

3) қонудың радиошамшырақ;гы жүйесіне арналған: категорияланбаған бағыттағы ұшу және қону - 2,25 минут; ұшу және қонудың бірінші категориясына бағытталған - 10 секунд; ұшу және қонудың екінші категориясына бағытталған - 5 секунд. ұшу және қонудың үшінші категориясына бағытталған - 2 секунд.

5. Азаматтық авиация ұйымдарында жердегі ҰРТҚ және байланыс құрал-жабдықтарын пайдалануды қамтамасыз ету

63. ҰРТҚ мен байланыстың жердегі құрал-жабдықтарын пайдалану - ҰРТҚ және байланыс құрал-жабдықтарын тиімді және сапалы пайдалануды қамтамасыз ету бойынша қызметтер мен бөлімшелердің қарым-қатынастарының принциптерін, сондай-ақ ӘК-ң жүйелі қозғалысымен қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында пайдалануға енгізу кезеңдерінде, арналуы бойынша қолдануда ұйымдастыру мен жұмысты жүргізу ретін анықтайтын әрекеттегі ережелер мен нормалармен сәйкес азаматтық авиация ұйымдарының РТЖпБП бөлімдері және қызметтерімен орындалатын ұйымдық және техникалық іс-шараларының жиынтығы.

64. Осы Ережелер және РТЖпБП қызметінің басқа нормативті құжатының талаптарымен сәйкес азаматтық авиация ұйымдарында ҰРТҚ және байланыс жердегі құрал-жабдықтарының техникалық пайдалануды жүзеге асырады және ұйымдастырады :

1) Әуе қозғалысын басқарудың автоматтандырылған жүйесі;

2) радиолокациялардың, радионавигациялардың, қонудың авиациялық әуе және жердегі электрбайланыстың гарнитурасы бар диспетчерлік пульттердің құрал-жабдықтары ;

3) арнайы көліктің автомобилді радиостанциялары (қондырғы бойынша жұмыстың орындалу бөлігінде, ТҚК кезеңдік түрімен және кезектегі жөндеуге);

4) желісті-кабелді байланыстың құрылысы, антеналы-фидерлі құрылғы;

5) дизель-генераторлардың, кепілдікті электрқорек қалқандарының

электрберіліс желісінен ығысатын радиотехникалық бұйымдардың ғана электрқуатынан қорекке арнайы арналған ӘҚБ тармақтарында және РТҚ объектілерінде байланыс құрал-жабдықтары, соның ішінде БДТ;

б) объективті бақылаудың құрал-жабдықтары (тілдік, радиолокациялық ақпараттың бейнежазуы).

65. РТЖпБП қызметімен техникалық ғимараттар, құрылыстар, өндірістік және қоймалық жайлар бекітіледі.

66. РТЖпБП қызметі негізгі алатын шарттарды талдауда, жобалауға техникалық мәселенің келісімі, таңдаулы жұмыстарда, жобалау құжаттамасының қарастыруы мен келісінде, құрылыстық монтажды жұмыстармен техникалық қадағалауда, қабылдау және пайдаланатын сынауларда қатысады.

67. Сыналатын алаңдарды, РШЖ радио шамшырақ жүйе объектілерінің А, Б, В және Г алаңдарын сақтау, аэроалаңдық қызметі жылдың әр кезеңінде аэроалаңның ҰРТҚ және байланыс объектілеріне жер асты жолдарды жүзеге асырады.

68. ҰРТҚ және байланыс объектілерінің электрмен қамтамасыз ету электрқоректің орталықтанған көздерінен және әуежайдың жергілікті электростанцияларының энергия қоятын ұйымдарымен қамтамасыз етіледі.

69. Энергия қоятын ұйымдармен және РТЖпБП қызметінің арасындағы жауаптылық шекарасы ҰРТҚ объектілерінде және ӘҚБ тармақтарында (соның ішінде) электрқондырғыларды пайдалануға электрқоректің қоректенетін кабелінің ұштығы бойынша бекітіледі, объектілердің енгізілген қондырғыларына қосылған және шек қою актісімен хатталады (осы Ереженің 12-қосымшасы).

70. Жарықтехникалық құрал-жабдықтармен (кабелді боксыны қоса) және трансформаторлы бекетшелердің (әрі қарай - ТБ) электрқондырғысымен қашықтықты басқаруға арналған байланыс және басқару желілері сәйкес келісім негізінде РТЖпБП қызметімен қызмет көрсетілуі мүмкін.

71. Қарсы тұрудың қорғанышты жерге қосуын электрқұрал және электрденқорғағыш құрал-жабдықтардың жоспарлы тексеруін (әрі қарай - РТЖпБП) қызметінің тапсырысы бойынша азаматтық авиация ұйымының ҰРТҚ қызметі немесе басқа электрмен қамтамасыз етілетін мекеме қамтамасыз етеді.

72. Көктемгі-жазғы кезеңдегі (әрі қарай - КЖК) және күзгі-қыстық кезеңдегі (әрі қарай - КҚК) жұмысқа дайындық кезінде азаматтық авиация ұйымдарының жанар-жағар материалдарының ГОСТ 33053-82 зертханасымен сәйкес дизелді жанармайдың сапасының зертханалық тексеруімен жүзеге асырылады, немесе сәйкес келісім жасаған кезде басқа мекемелердің арнайы зертханаларымен жүзеге асырылады.

73. Ұйымның ҰРТҚ және байланыс құрал-жабдықтарының КЖК және КҚК жұмысына дайындығы АА ұйымының дайындығы бойынша Өкілетті орган

бекіткен Нұсқаумен сәйкес күздік-қыстық (көктемгі-жаздық) кезең жүзеге асырылады.

&3. Ұшудың және авиациялық электрбайланысты радиотехникалық қамтамасыздандырудың жердегі құрал-жабдықтарын техникалық пайдалануды ұйымдастыру 1. ҰРТҚ және авиациялық электрбайланысының құрал-жабдықтарын техникалық пайдалануды ұйымдастыру құрылымы

74. ҰРТҚ және авиациялық электрбайланыстың жердегі құрал-жабдықтарын техникалық пайдалануы ұйымдасқан жиынтық жүйесі, ҰРТҚ және авиациялық электрбайланыстың құрал-жабдықтарының сенімді қызметін қамтамасыздандыруға бағытталған техникалық іс-шаралар болып табылады.

75. ҰРТҚ және авиациялық электрбайланыс құрал-жабдықтарын техникалық пайдалану мыналарды қосады:

- 1) ҰРТҚ және авиациялық электрбайланыстың құрал-жабдықтарын пайдалануға енгізу кезеңіндегі іс-шаралар;
- 2) ҰРТҚ және авиациялық электрбайланыс құрал-жабдықтарын техникалық қызмет көрсету;
- 3) ҰРТҚ және авиациялық электрбайланыс құрал-жабдықтарын жөндеу;
- 4) қызмет мерзімін ұзарту (ресурс);
- 5) ұшу және жердегі тексерулерді өткізу;
- 6) ҰРТҚ және авиациялық электрбайланыс құрал-жабдықтарын жөндеу және техникалық қызмет көрсетудің, метрологиялық қамтамасыз етілуі;
- 7) ҰРТҚ және авиациялық электрбайланыс құрал-жабдықтарын өнеркәсіп бюллетені бойынша толықтыру өткізу;
- 8) инженерлі-техникалық қызметкердің біліктілігін, және дайындығын жоғарлату;
- 9) техникалық пайдалану тиімділігін жоғарлату, техникалық қызмет көрсету сапасы, ҰРТҚ және авиациялық электрбайланыс құрал-жабдықтарын жөндеу;
- 10) пайдаланатын құжаттың тізімімен сәйкес кіріспе; (57-қосымша)
- 11) материалды техникалық қамтамасыз ету;
- 12) еңбекті қорғау және өрт қауіпсіздігі бойынша іс-шаралар.

ҰРТҚ және байланыстың жердегі құралдарын техникалық пайдалану осы Ережелерге және Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес ұйымдастырылады және жүзеге асырылады.

76. АА РТЖпБП қызметінің басшылық құрамы уақытылы оқытуды және инженерлі-техникалық қызметкермен басшылық құжаттың талаптарын

орындауды ұйымдастыруға міндетті, есепті және құжаттарды сақтауды қамтамасыз ету керек.

77. ҰРТҚ және байланыс объектілерінің техникалық пайдалану осы Ереженің талаптарымен және ҰРТҚ және байланыс құрал-жабдықтарының сертификациялық талаптарымен сәйкес бақылау жүзеге асырылады: өкілетті орган салаларының шегінде; азаматтық авиация ұйымының шегінде - РТЖпБП бөлімі.

78. РТЖпБП қызметінің құрылысы мәселелерімен, анықталған осы Ережелермен және типтік ережелердің есебімен қарастырылады.

79. ҰРТҚ және авиациялық электрбайланыстың техникалық пайдалану ұйымы ҰРТҚ қызметінде және объектілерде нормативті-техникалық, тіркеу-есеп беру және графикалық құжаттаманы қосатын тікелей пайдаланатын құжаттамамен сәйкес қамтамасыз етіледі.

2. РТЖпБП қызметінің кезекші ауысым жұмысын ұйымдастыру

80. ҰРТҚ және байланыс құрал-жабдықтарын сенімді қызметін қамтамасыздандыруға арналған РТЖпБП қызметінің ауысым бойынша инженерлі-техникалық қызметкердің кезекшілігі ұйымдастырылады.

81. Ұшудың радиотехникалық қамтамасыздандырудың жердегі құрал-жабдықтары және ӘҚБ РТЖпБП қызметінің ауысым инженерінің журналында міндетті жазу бар және магнитті тасымалдаушыда жазуы бар ұшудың қозғалыс қызметінің басшысы (диспетчерімен) келісімімен немесе нұсқау бойынша қосылады, қайта қосылады және өшіріледі.

82. ӘК ұшуын радиотехникалық қамтамасыздандыру бойынша жалпы мәселені орындайтын РТЖ және байланыс объектісінің кезекші қызметкері өзімен пайдаланатын топты көрсетеді және шұғыл қарым-қатынаста РТЖпБП қызметінің ауысым инженеріне тікелей бағынады.

83. РТЖпБП қызметінің ауысым инженері РТЖ және байланыстың жердегі байланыстың құрал-жабдықтарының сапалы жұмыстарын және істен шықпаушылығын қамтамасыз ету бойынша қызмет объектілерінің жұмысымен шұғыл басшылықты жүзеге асырады, ҰРТҚ және байланыс құрал-жабдықтарының жұмысы бойынша диспетчерлік қызметкердің және ұшу кемшіліктерін талдайды және жөнділіксіз және істеншығушылық себептерін шектету бойынша жедел іс-шараларды қабылдайды, РТЖпБП қызметінің объектілердің және ауысым кезекшілердің жұмысын бақылайды, автоматтандырылған объектілермен басқару және олардың жұмысқа қабілеттілігін шұғыл бақылауды жүзеге асырады.

84. РТЖ және байланыс объектілерінің кезекші инженерлі-техникалық қызметкерінің іс-әрекеті апаттық жағдайларда бірге жұмыс істеу және резервтеу бойынша жергілікті нұсқаулармен анықталады. Объектінің кезекші инженерлі-техникалық қызметкері міндетті:

1) резервті жабдықты, электрқоректің резервті көздерін, нормативті уақытта байланыс арналарының, резервтеу бойынша көрсетілген жергілікті нұсқаулардың жұмысқа қосылуын қамтамасыз етуге;

2) Шұғыл журналда объектінің (байланыс арасының) жұмысында басталу және үзілістің аяқталу уақытын анықтап белгілеуге;

3) Объектінің (байланыс каналының) жұмысқа қабілеттілігінің бұзылу себептерін шығаруға және шеттетуге шараларды қолдануға.

85. Байланыс объектісінің (бекеттер) шұғыл қызметкеріне (кезекшіге) арналған резервтеу бойынша ведомстволық нұсқауларда көрсетілуі керек:

1) Резервті арналарға (айналысты жолдар), (арналар) өту туралы тілшілерге (абоненттерге) хабарлау әдісі;

2) Қандай да бір жағдайларда авиациялық әуе байланыс арналары айналысты жол есебінде ӘК ұшуының қауіпсіздігі мен реттілігін қамтамасыз ету бойынша шұғыл хабарлама беруге арналған арналары қолданылады;

3) авиациялық жердегі және әуе байланыс, диспетчерлік арналарының апаттық жағдайларда бірге жұмыс істеу арналары бойынша беру және шұғыл хабарлама қабылдау тәртібі.

86. РТЖпБП қызметінің қызметкерінің бірге жұмыс істеу тәртібі әуе қозғалысына қызмет көрсету және ұйымдастыру қызметі және ҰРТҚ қызметі ЖЖМ және азаматтық авиация ұйымының авиациялық қауіпсіздік қызметі РТЖ жердегі құрал-жабдықтарының істен шығуы кезінде, апаттық жағдайларда азаматтық авиация ұйымы қызметінің қызметкерімен бірге жұмыс істеу бойынша Нұсқаумен анықталады.

87. ҰРТҚ және байланыстың негізгі құрал-жабдықтарының зақымдалуы кезінде, ҰРТҚ және байланыс объектісін электрмен қамтамасыз етудің негізгі көздері зақымдалуы кезінде РТЖпБП қызметінің ауысым (аға) инженері ҰРТҚ және байланыс құрал-жабдықтарын резервті құрал-жабдықтар ауыстыру бойынша шараларды қолданады, бұл туралы ұшудың басшысына (дискеттеріне) хабарлайды және ҰРТҚ қызметінің ауысым (аға) инженеріне ақпарат береді.

88. Негізгі жабдықтың, РТЖ (байланыс арналары) объектісінің электрмен қамтамасыз етудің негізгі көздерінің зақымдалуы кезінде РТЖпБП қызметінің ауысым инженері резервті жабдыққа объектінің ауыстыру бойынша байланыс резервті арнасының электр қоректің резервті көздері бойынша ұшудың басшы ауысым инженеріне баяндайды және ҰРТҚ қызметінің ауысым инженеріне ақпарат береді.

89. РТЖ және байланыстың автоматтандырылған объектілерінің қашықтықты басқару және электрмен қамдаудың байланыс жолдарын қалпына келтіру бойынша жұмыс уақытында мамандардың тұрақты кезекшілігі бекітіледі, РТЖпБП қызметінің ауысым инженерімен байланыс құрал-жабдықтары бөлінген және әдістерін анықтау керек.

90. РТЖпБП қызметінің ауысым инженері қалпына келтіру жұмыстарының аяқталуы туралы ұшу басшысына (диспетчерге) баяндайды және оның рұқсатымен ҰРТҚ және байланыстың автоматтандырылған объектілерінің қашықтықты басқаруға және электрқуатымен қоректенудің негізгі көздеріне ауыстыру туралы нұсқау береді.

91. ӘК ұшуының қауіпсіздігі және реттігінің бұзылуына әкелуі мүмкін ҰРТҚ және байланыс құрал-жабдықтарының барлық өзгертулері туралы РТЖпБП қызметінің ауысым инженері ұшудың басшысына (қозғалыс қызметінің диспетчеріне) және РТЖпБП қызметінің басшылығына дереу баяндау керек.

92. РТЖпБП қызметінің ауысым инженері жергілікті нұсқаулардың есебімен РТЖпБП қызметінің ҰРТҚ және байланыстың жердегі құрал-жабдықтарының техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстың кезектегі жоспарларымен сәйкес орындайды.

93. РТЖпБП қызметінің ауысым инженерінің жұмыс орны ҰРТҚ және байланыстың автоматтандырылған объектілері үшін қашықтықты басқару және бақылау құрал-жабдықтарымен жабдықталуы керек, тікелей телефонды және/немесе қатты сөйлегішті байланыспен, қозғалыс қызметінің ауысым кезекшілерінің жұмыс орындарымен және азаматтық авиация әуежай мекемесінің өндірістік-диспетчерлік қызметімен (әрі қарай - ӨДҚ), телефонды және немесе қатты сөйлегіш байланыспен азаматтық авиация ұйымының басқа аралас қызметтерімен және РТЖ және байланыс объектілермен жабдықталуы керек. Қызметтік сөйлесулер автоматты түрде құжатталу құрылғысымен жазылуы керек. РТЖпБП қызметінің ауысым инженерінің бұйрығымен тәулік бойы радиофицерлі кезекші автомашина болуы керек.

94. РТЖпБП қызметінің ауысым инженері өзінің қызметінде азаматтық авиация ұйымының басшысымен бекітілген қызметтік нұсқаумен, ҰРТҚ және байланыс құрал-жабдықтарын резервтеу бойынша нұсқаумен (-лармен) азаматтық авиация, осы Ережелермен, еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі бойынша әрекеттегі нормативтік құжаттарды басшылыққа алады.

95. Объектінің ауысым инженері (техник) қалпына келтіру жұмыстарының аяқталуы кезінде РТЖпБП қызметінің ауысым инженеріне (аға) объектінің жұмысқа қабілеттілігінің қалпына келтіруі туралы баяндайды.

96. Ауысым инженері ҰРТҚ және байланыс құрал-жабдықтарының жұмысын көрсететін журнал жүргізеді (осы Ереженің 7-қосымшасы).

97. Кезекші қызметкер ауысымның қабылдау кезінде тексеру керек:

- 1) РТЖ және байланыс құрал-жабдықтарының резервті жинағы негізгі қызмет көрсетілетін жұмысқа қабілеттілігі және жағдайының бар болуын;
- 2) Электрқуатымен қоректенетін резервті көздерінің дайындығын;
- 3) Мүліктің, пайдаланатын құжаттаманың, құралдың, өлшеу аппаратурасының, шұғыл СКЖ-ң тізімі бойынша бар болуын;
- 4) Жеке қорғау құрал-жабдықтарының және олардың жөнделілігінің бар болуын, бақытсыз жағдайға душар болғандарға алғашқы көмек көрсетуге арналған медициналық дәрі қобдишаның бар болуы;
- 5) өртсөндіру құрал-жабдықтарының жөнделілігі және бар болуы.

Объектінің ауысым инженерінің (технигінің) шұғыл журналында кезекшілікті қабылдау және өткізу хатталады.

98. Объект бойынша кезекшілер кезекшілікті қабылдау және өткізу және объектінің (жабдық), жұмысқа дайындық нәтижелері туралы РТЖпБП қызметінің ауысым инженеріне баяндайды.

99. РТЖпБП қызметінің ауысым инженері объект бойынша кезекшілерден баяндама алғаннан кейін, ұшудың басшысына кезекшілікті қабылдау және РТЖ және байланыс құрал-жабдықтарының жұмысқа дайындығы туралы баяндайды (осы Ереженің 13-қосымшасы).

3. ҰРТЖ және авиациялық электрбайланыс құрал-жабдықтарының жұмысқа қабілеттілігін шұғыл бақылау

100. Кезекші қызметкердің тұрақты қатысуынсыз жұмыс істейтін РТЖ және байланыстың автоматтандырылған объектілерінің жұмысқа қабілеттілігін бақылауды РТЖпБП қызметінің ауысым инженері теле басқару теле қабыл беру жүйесінің дабылы бойынша, қызметтік нұсқауға сәйкес диспетчерлік және ұшу құрамының пікір білдірумен жүзеге асырады.

101. ҰРТҚ және байланыстың автоматтандырылған объектілері қосымша бар
б о л у к е р е к :

- 1) арақашықтықты басқару және жұмысқа қабілеттілікті бақылау жүйесі;
 - 2) электрқоректің резервті көзінің автоматты қосылу және арақашықтықты ө ш і р у қ ұ р ы л ғ ы с ы ;
- күзеттік және өрт дабылбергіші.

102. Объектіде кезекші қызметкермен ҰРТҚ және байланыс құрал-жабдықтарының жұмысқа қабілеттілігін шұғыл бақылау электрбайланыс арнасынан, объектінің (бұйым) арналуы және құрылымынан тәуелді жүзеге асырылуы мүмкін: автоматты құрал-жабдықтарының дабылы бойынша бақылау

және бақылау-өлшеу аспаптарының көрсеткіштерімен; әуе жағдайының индикаторында бейнеленген бақылау фотосуретінің ақпаратпен салыстыруымен; тыңдалу нәтижелері бойынша электрбайланыс арналарының жұмыс сапасының бағасымен, тілшілердің, абоненттердің, тексерудің жауап алуымен.

103. Қолданбалы теледидарлық қондырғылардың күзеттік және өрттік дабылбергіш техникалық құрал-жабдықтарының жұмысқа қабілеттілігін шұғыл бақылау қызметтік тұлғалармен, күзетілетін объектілері үшін жауаптылармен орындалады.

&4. Авиациялық электрбайланыс пен ҰРТҚ құралдарын техникалық күтімдеу 1. Электрбайланыс пен ҰРТҚ құралдарын техникалық күтімдеуді жоспарлау және ұйымдастыру

104. Авиациялық электрбайланыс пен ҰРТҚ құралдарын техникалық күтімдеу (әрі қарай - ТК) белгіленген норма шеңберінде байланыс пен ҰРТҚ құралдарының пайдалану сипаттамаларын (параметрлерін) сақтап тұру және істен шығуды ескерту, қажетті сенімдікті сақтау мақсатында жүзеге асырылады және ұйымдастырылады, азаматтық авиация ұйымының РТЖпБП қызметінің инженерлік-техникалық қызметшілермен жүзеге асырылады.

105. ҰРТҚ мен байланыс құралдарына ТҚҚ метрологиялық сарапты өткен техникалық қызмет көрсету регламентіне немесе өндіруші-кәсіпорындар (жеткізіп берушілер) бекіткен (келісілген) пайдалану бойынша нұсқауларға сәйкес орындалады, онда ТҚҚ көлемі мен мерзімділігі белгіленеді.

106. Техникалық қызмет көрсету регламенттері бұйымның пайдалану құжаттамаларының құрамына кіреді.

107. ТҚҚ регламенттері жоқ байланыс пен ҰРТҚ құралдары үшін регламенттер жұмыс орнында инженер-техникалық қызметшілермен өңделіп жасалады, азаматтық авиация ұйымы басшысымен бекітіледі. Техникалық қызмет көрсету регламенттерін құрастыру бойынша нұсқаулар әдістемелік және шұғыл техникалық қызмет көрсетуді орындау кезеңінде осы Ереженің 14, 15 қосымшасында келтірілген.

108. ҰРТҚ мен байланыс құралдарына ТҚҚ жүйесінде параметрлерді мерзімді тексеруі бар ТҚҚ қарастырылады, бұл кезде объектінің (байланыс арнасының) немесе байланыс пен ҰРТҚ және құрамының техникалық күйін тексеру көлемі мен мерзімділігі белгіленеді, ал қалыпты қызметін қамтамасыз ету бойынша жұмыстар көлемі объектінің (байланыс арнасының) немесе жеке құралдың техникалық күйімен анықталады.

109. Техникалық күйі (жұмыс қабілеттілігі, дұрыс істеуі) анықтаушы параметрлер мәнін тексеру нәтижелері бойынша, берілген міндетті орындау сапасын сипаттайтын белгілер бойынша бағаланады.

110. Анықтайтын параметрлерді олардың номиналды мәндерінде (тораптарына) сәйкес келтіру жұмыстары анықтайтын параметрлер мәндерінің ескерту рұқсатының шегінен ауытқыған жағдайларда орындалады.

Ескерту рұқсатынсыз шегі анықтайтын параметрлердің жоғарғы (төменгі) пайдалану рұқсатының мәнінен 0,7 деңгейінде белгіленеді.

111. Жалпы жағдайда мерзімді тексеріп ТҚК жұмыс қабілеттілігін шұғыл тексеруді қарастырады, шұғыл ТҚК (ТҚК-1) және мерзімді ТҚК-дің келесі түрлері: апталық (ТҚТ-2, 170 сағат жинағаннан кейін), айлық (ТҚК-3, 500 сағат жинағаннан кейін), тоқсандық (ТО-4 2250 сағат жинағаннан кейін) жартыжылдық (ТОО-5, 45000 сағат жинағаннан кейін), жылдық (ТОО-6 8800 СЖК) маусымдық ТҚТ (ТҚК-С).

112. Маусымдық техникалық қызмет көрсету байланыс пен ҰРТҚ құралдарын КЖК (К,КК) жұмысына дайындау кезінде орындалады.

113. ТҚК регламенті бойынша мерзімді ТҚ,К-ді өткізу мерзімі тек күнтізбелік (айына, кварталына, жартыжылға, жылына бір рет) белгісі бойынша анықталған байланыс пен ҰРТҚ құралдары үшін белгіленген мерзімде аз істеп қою кезінде байланыс пен ҰРТҚ құралдарының істен қоса қорына сәйкес мерзімді ТҚК-ді өткізуге рұқсат беріледі.

114. Байланыс пен ҰРТҚ құралдарының жұмыс қабілеттілігін шұғыл тексеру олардың жұмыс барысында жүзеге асырылады. Жұмыс қабілеттілігін шығыс сипаттамалары (белгілері), телемеханика белгілері бойынша шұғыл тексеру кезінде объектінің (байланыс арнасының) жұмыс қабілеттілігі мен оның мақсатқа қарай пайдалану мүмкіндігі анықталады.

115. Шұғыл ТҚК (ТҚК-1) тікелей объектіде ҰРТҚ мен байланыс құралдарында) орындалады. ТҚК-1 орындау кезінде құралдың жалпы техникалық күйін тексеру жүзеге асырылады, негізгі резервтегі немесе көмекші жабдықтың жұмыс қабілеттілігі, негізгі және резервте қоректелу көздері (дизель генераторларды, шоғырлағыштарды), АФҚ, басқару мен байланыс желілері, күзет және өрт сигнал беру жүйелері анықталады, бөлмелер, территория күйін бағалау жүргізіледі.

116. Мерзімді ТҚК (ТҚК-2-ТҚК-6) түрлері байланыс пен ҰРТҚ құрамының қызметтік элементтері мен жеке тораптардың техникалық күйін тереңдетіп тексеруді қарастырады.

117. ӨЖЖ диапозондағы радиохабарлау құрылғыларына ТҚК кезінде реттеу, жөнге келтіру антенна эквивалентін немесе қуаттық сіңіру өлшегішін пайдаланып жүргізіледі.

118. Апаттық радиоарна радиостанциясының жұмыс қабілеттілігін тексеру аудандық орталықтың (әрі қарай - АО) және "ПОДХОД", арналарының жұмыс жиіліктерінде, аптасына бір реттен сирек емес, жүргізіледі.

119. ТҚК мерзімділігі, түрлері, регламент жұмыстарының тізімі, оларды орындау технологиясы, орындаушылардың біліктілігі, еңбек шығындары, өлшеудің қажетті құралдары, жұмсау материалдар, құрал-сайман, құралдар, анықтаушы параметрлердің (белгілердің) номинал мәндері, олардың пайдалану және ескерту рұқсаттары техникалық қызмет көрсету бойынша нұсқауда (техникалық қызмет көрсету регламентінде) көрсетіледі.

120. ТҚК регламенті мен нұсқауларында құралдардың сенімділігімен құрылымдық ерекшеліктеріне байланысты кейбір немесе барлық ТҚК мерзімдік түрлері (ТҚК-2-ТҚК-6) және ТҚК-С жоқ болу мүмкін.

121. Авиациялық электрбайланыс, қону, радионавигация, радиолокация құралдарына ТҚК қозғалыс қызметімен келісілген және азаматтық авиация ұйымы басшысымен бекітілген байланыс пен ҰРТҚ құралдарына ТҚК графигі бойынша жүзеге асырылады (осы Ереженің 16-қосымшасына).

122. Байланыс пен ҰРТҚ басқа құралдарына ТҚК графигі РТЖпБП қызметінің бастығымен бекітіледі. Арна түзейтін аппаратураға ТҚК графигі басқаратын станциямен келісіледі.

123. ТҚК графигі құрастыру мен жоспарлау үшін бастапқы мәліметтер болып

табылады :

1) ҰРТҚ мен байланыс құралдарының болуы, болжанған істеп қою қоры туралы мәліметтер, техникалық күйі;

2) пайдалану бойынша регламенттер немесе нұсқаулармен белгіленген ТҚК бойынша жұмыс көлемі мен мерзімділігі;

3) радиолокация мен радионавигация құралдарының тоқтау график-жоспары;

4) байланыс пен ҰРТҚ құралдарын ұшу тексерісінің бекітілген жоспары.

124. ТҚК орындау мен мерзімділіктен $\pm 15\%$ -не техникалық қызмет көрсетуді бастау уақытынан ауытқуға рұқсат етіледі.

125. Байланыс пен ҰРТҚ құралдарының тұрып қалуын қысқарту мақсатында ТҚК-дің кезеңдік әдісі қолданылады, бұл кезде операцияларды орындау, объектіні жалпы өшірмей, байланыс пен ҰРТҚ объектілерінің (өңірлерде) негізгі және резервтегі жарты жиынтығында (құралдарда) кезекпен (уақыт бойынша тарату) жүзеге асырылады. ӘҚБ АС жұмысының үздіксіздігі оның қайта пішін үйлесімі есебімен қамтамасыз етілу керек, бұл кезде РЛА-да РЛС жұмысы бір арналы режимде рұқсат етіледі. ТҚК кезеңдік әдіспен орындау үшін осы түрге ТҚК-дің регламенттік жұмысының барлық көлемі шамамен теңдей бөлікке

бөлінеді. Әр бөліктің көлемі АА ұйымының жұмыс тәртібімен белгіленген жұмыс уақыты аяқталғанға дейін 1 сағат ішінде оның міндетті түрде орындалуын есепке алып анықталуға тиіс.

126. ТҚК-дің кезеңдік әдісі кезінде инженер-техникалық қызметшілердің жүктелу мақсатында жұмыс көлемін бүкіл мерзімге ТҚК бір атаулы түрлері арасында бөлу ұсынылады, ал көп еңбекті қажет ететін жұмыстар бөлінген ТҚК регламенті бойынша жұмыстарды орындау кезінде - ТҚК келесі түрлері арасында шарттарды сақтау керек, мүмкіндігінше, бірдей болу мерзімділігі сақталу керек.

127. ТҚК-дің жылдық графигі негізінде объектінің инженер-техникалық қызметшілері жұмысының кварталдың жоспары құрылады (осы Ереженің 17-қосымшасы).

128. Кезекші қызметшілері бар байланыс пен ҰРТҚ объектілерінде жұмыстар әр ауысымға біркелкі бөлінеді, автоматтандырылған объектілерде шұғыл ТҚК орындау үшін объектіде болған күндерге бөлінеді.

129. ТҚК тиімділігін көтеру параметрлерді үздіксіз тексеріп техникалық қызмет көрсету пайдалану арқылы жетіледі.

130. ТҚК-дің бұл түрін жүзеге асыру үшін басқару мен қашықтан бақылаудың автоматтандырылған жүйесі қолданылуы керек, олар келесі міндеттерді шеше алады:

- 1) әр құрал мен жалпы объектінің жұмыс қызметтілігін бақылау;
- 2) автоматты ізденіс;
- 3) құралдар мен объектілерді қашықтан басқару;
- 4) құралдар мен объектілердің техникалық күйі туралы ақпаратты автоматты құжаттандыру.

131. ҰРТҚ мен байланыс объектілерінің жалпы элементтеріне (құрылғыларына) ТҚК бойынша операцияларды (жөндеу, жұмысты аяқтау, жабдықты ауыстыру), сонымен қатар еңбекті қорғау бойынша талаптарды сақтау мақсатында объектіні толық сөндіруді талап ететін операцияларды орындау үшін объектіні жоспарлы тоқтату қарастырылады. Объектіні тоқтату деп оның (жабдықтың негізгі және резервтегі жиынтығын) электржабдығы көзінен толық сөндіріп, берілген міндеттерді орындауды тоқтату түсініледі.

132. ТҚК орындау кезінде тоқтату ұзақтығы байланыс пен ҰРТҚ объектілерінің сөнуін талап ететін жұмыс көлемінің белгіленген регламентімен анықталады.

133. Байланыс пен ҰРТҚ объектілеріне ТҚК-ді жөндеу ұзақтығы 30 минутқа дейін кезінде жұмыс қабілеттілігін тексеру үшін қысқа уақытқа тоқтату (ажырату

, жұмыс істемейтін объектілерді қосу және резервтегі жиынтыққа қайта қосу) ұшу басшысымен (қозғалыс қызметі диспетчерімен) келісіліп, РТЖпБП қызметінің ауысым (аға) инженерінің рұқсатымен жүргізіледі.

134. Байланыс пен ҰРТҚ объектілерін ұзақтығы 8 сағ. дейін жоспарлы тоқтату азаматтық авиация ұйым басшысы бекіткен ТҚК графигіне сәйкес өткізілетін жоспарлы жөндеу немесе еңбекті көп қажет ететін мерзімді ТҚК орындау және жұмыстың болғанына дейін 8 сағ. кеш емес уақытта қозғалыс қызметінің бастығын бұл туралы алдын ала мәлімдеп, жөндеу үшін жүргізіледі.

135. Байланыс пен ҰРТҚ объектілерін ұзақтығы 8 сағ. көп уақытқа жоспарлы тоқтату байланыс пен ҰРТҚ құралдарын жөндеу мен азаматтық авиация ұйымының басшысы бекіткен ТҚК графигіне сәйкес жабдықты ауыстыру және жөндеу (қайта құру) бойынша жұмыстарды орындау үшін жүргізіледі. Жоспарлау кезінде трасса радиолокаторларын жоспарлы тоқтату кезектігі ӘҚБ-дың шектес орталықтарымен келісу керек. Байланыс пен ҰРТҚ объектілерін ұзақтығы 8 сағ. артық уақытқа жоспарлы тоқтату туралы хабарлау аэронавигациялық ақпарат қызметі (ААҚ) арқылы жұмыс басталғанға дейін жеті тәулік бұрын, ажырату себебін, басталу уақыты мен күнін және тоқтатуды аяқтау уақытын көрсетіп, жүргізіледі және журналда (осы Ережелердің 18-қосымшасына) сәйкес келісіледі.

136. ҰРТҚ мен байланыс объектілерін ұзақтығы сегіз сағаттан артық уақытқа жоспардан тыс тоқтату туралы РТЖпБП қызметінің бастығы азаматтық авиация ұйымының басшысына баяндайды.

137. ҰРТҚ мен байланыс объектілерінің тұрып қалуын қысқарту мақсатында жоспарлы тоқтатулар барлық дайындық жұмыстары толық аяқталғаннан кейін жүргізілуі керек. Зақымдалу анықталған жағдайда тоқтату ұзақтығы зақымдануда жоюға қажетті жұмыс көлемімен анықталатын уақытқа көбейеді.

138. Байланыс пен ҰРТҚ құралдарын жөндеу, шоғырлағышты зарядтау бойынша орындалған жұмыстарды есептеу байланыс пен ҰРТҚ құралдарын жөндеу және техникалық қызмет көрсету журналында жүргізіледі (осы Ережелердің 19, 20-қосымшасы).

139. Жұмыс басшысы (орындаушы) ТҚК орындауды аяқтағаннан кейін техникалық қызмет көрсету журналында жұмсалған материалдарды көрсетіп ТҚК-ді толық көлемде өткізгені туралы жазады, параметрлерді өлшеу нәтижелерін тіркейді және жабдықтық жұмыс қабілеттілігі мен оның жұмысқа дайындығы туралы қорытынды жасайды.

140. ТҚК орындау сапасын, толықтығын және өз уақытылығын тексеруді байланыс пен ҰРТҚ объектісінің басшысы жүзеге асырады.

141. Егер байланыс пен ҰРТҚ құралдарының қызмет (ресурс) мерзімі өтпесе немесе өз уақытында созылса, негізгі параметрлер сертификаттау талаптарына

сәйкес келсе, ТҚК, жердегі және ұшуда тексеріс толық көлемде және дер уақытында өткізілсе, онда олар арналуы бойынша пайдалануға жарамды деп есептеледі.

142. Объектіні сөндіруді талап ететін жөндеу ТҚК операциялары, маусымдық қызмет көрсету ұшуға неғұрлым қолайлы ауа райы болатын уақыт мерзіміне жоспарлануға тиіс.

143. Бірлесіп тұру аэроалаңдарында ұшуды қамтамасыз етудің РТЖ объектілерін жоспарлы тоқтату аэроалаңның авиациялық аға бастығымен келісіледі.

144. Техникалық қызмет көрсету РТЖ объектілерінің инженерлік-техникалық қызметшілерімен немесе РЭМ бригадаларымен орындалады.

2. Электрбайланыс пен ҰРТҚ объектілерін, электржабдықтау жүйелерін техникалық күтімдеу

145. Байланыс пен ҰРТҚ объектілерін электржабдықтау жүйелеріне ТҚК мыналарды қамтиды:

- 1) техникалық қызмет көрсету (ТҚ-2);
- 2) мерзімді жылдық техникалық қызмет көрсету (ТҚК-6).

146. ТҚК-2 кезінде келесі жұмыстар орындалады:

1) жерге тұйықтаудың контурмен қосылған жерінің жоқ болуын, ток қорғанышының балқығыш қоспасы номиналдарын, қозғалтқыштың, генератордың, желдету құрылғыларының электрқозғалтқыштарының механикалық түйіндерінің бекітілу беріктігін, дизель-генератордың суыту жүйесіндегі суытатын сұйықтықтың, майдың, отынның ағып кетпеуін, шығын және көмекші ыдыстарда отынның белгіленген қорының бар болуын, суытатын сұйықтық пен майдың деңгейін, ауа баллондарындағы қысымды сыртынан қарап тексереді;

2) электрэнергия қоректенудің орталықтандырылған көздерінің көрнеу, шоғырлағыштардың электролитінің тығыздығы, деңгейі, кернеуі, суыту жүйесіндегі суытатын сұйықтықтың температурасы тексеріледі;

3) бөлмелер мен электржабдықтың эстетикалық күйі тексеріледі (шаң, іздер);

4) барлық табылған кемшіліктерді жою бойынша жұмыстар орындалады.

147. Электржабдыққа ТҚК жартылай және толық тексеру өткізу жолымен жүзеге асырылады.

148. Жылдық ТҚК (ТҚК-6) өткізу кезінде жартылай тексерулер мыналарды қамтиды:

- 1) ТҚК-2 көлемінде қарау және тексеру;
- 2) қорғаншы аппараттары мен түйіспе қосындыларды қарау;

3) қорғаншы аппараттары мен одан кететін электркабельдердің (электрсымдардың) оқшаулау кедергісін өлшеу;

4) қорғаныш аппараттарын әрекетте сыннан өткізу.

149. Жоспарлы толық тексерулер үш жылда бір рет өткізіледі және мыналарды қамтиды:

- 1) ТҚҚ көлемінде қарау және тексеру;
- 2) қорғаныш аппараттары мен түйіспе қосындыларды қарау;
- 3) қорғаныш аппараттарының оқшаулануын сыннан өткізу;
- 4) максималь ток қорғанышының қоспасын тексеру;
- 5) қорғаныш аппаратын әрекетте сыннан өткізу.

150. Қорғаныш аппараттары мен түйіспе қосындыларды тексеру кезінде қорғаныш аппараттарының күшін және көмекші түйіспелерінің күйі электркабельдерін қосу жерлерінде коррозияның, механикалық пен электрэрозиялық тозудың, толық температуралық әсер ету ізінің жоқтығына тексеріледі.

151. Қорғаныш аппараттарының оқшаулануын сигнал оқшаулау кедергісін өлшеу мен оны жерге қатысты электрлік беріктікке сынауды қамтиды. Қорғаныш аппараттары мен екінші тізбектің электрмен байланысты тізбектерін оқшаулау кедергісі әр қосылу үшін 1 МОм төмен емес деңгейде, төмен кернеу тізбегінде (60В)-0,5 МОм төмен емес деңгейде ұсталынып тұру керек.

152. Оқшаулау кедергісі 1000-2500В кернеуге мегаметрмен, төмен кернеу тізбегінде (60В)-500В кернеуге мегаметрмен өлшенеді. Қорғаныш аппараттарының оқшалануын өлшеу күштік және жарықтандыру тораптарының электр сымдарының оқшаулануын тексерумен бір уақытта жүргізілу керек. Әр қосылуға (60В және одан төмен кернеулі тізбекті қоспағанда) қорғаныш аппараттарының электрмен байланысқан тізбектерінің электрберіктігіне оқшаулауды сынау 1 минут ішінде айнымалы токтың 1000В кернеуімен немесе 2500В кернеуге мегометрмен жүргізілу керек.

153. Электр беріктікке оқшаулауды сынау бірінші қосылу және әдетте тарату құрылғыларын жөндеумен біріктірілген толық жоспарлы тексеру кезінде жүргізіледі.

154. ВА12, ВА62, АЗ100, АЗ700, ЭЛЕКТРОН, АЕ1000, АЕ2000 типті автоматты ажыратқыштар үшін жүктемеден қорғаныш аппараттарының істеп кетуін тексеру кезінде тексеру тогының мәні жүктемеден қорғаныштың істеп кету тогының екі есе мәніне тең орнатылады; ал АП-50 типті автоматты ажыратқыштар үшін - үш есеге тең орнатылады. Қорғаныштың істеп кету уақыты секундомер бойынша анықталады.

155. Айқас тұйықталу тогынан қорғаныштың істеп кетуін тексеру кезінде тексеру тогының мәні айқас тұйықталудан қорғаныштың істеп кету тогының

установка 1,3 мәніне тең орнатылады. Қорғаныштың істеп кетуін тексеру әр фаза бойынша жүргізіледі. Оқшаулауды сынауы және қорғаныштың істеп кетуін тексеру нәтижелері автоматты ажыратқыштарды сынау мен тексеру хаттамасымен рәсімделеді.

156. Қорғаныш аппараттарын сыннан өткізу бес рет қосу және ажырату жолымен жүзеге асырылады.

157. Резервтегі дизель-генератор номинал жүктемемен 20 мин. кем емес ұзақтық уақытында екі аптада бір рет тексеріледі, бұл кезде дизель-генератордың автоматты қосу құрылғысы жұмысының дұрыстығы, дизель-генераторлардың айналасу жиілігі мен кернеуі тексеріледі дизель-генераторды қосу алдында шығын отын ыдыстарынан тұнба (конденсат) төгіледі.

158. Жұмыс аяқталғаннан кейін барлық жергілікті басқару органдарының күйі тексеріледі, техникалық қызмет көрсету журналында анықталған және жойылған кемшіліктерді, кемшіліктерді жойғанға дейін және жойғаннан кейінгі параметрлерді, жұмсалған материалдарды көрсетіп жазады және электржабдықтау жүйесінің жұмыс қабілеттілігі мен оның жұмысқа дайындығы туралы қорытынды жасалады.

159. Электрқондырғыларды пайдалануды ұйымдастыру бойынша міндеттерді тікелей орындау үшін азаматтық авиация ұйымының басшысы өзінің бұйрығымен электршаруашылығы үшін жауапты адамды, сонымен қатар өзінің орынбасарын тағайындайды.

3. Авиациялық электрбайланыс пен ҰРТҚ құралдарын ерекше жағдайларды техникалық күтімдеу

160. Ерекше жағдайларға қауіпті метеорологиялық және стихиялық құбылыстар жатады: жылдамдығы 20 м/с және одан көп жел, шаңды, құмды немесе қарлы боран, дауыл, ұзақ қарқынды жауын-шашын, бұршақ, қатты мұздалу, температураның минус 30 С-ге дейін және одан да төмендеуі.

161. Ауа райының қауіпті жұмыстары туралы ескертулер метеорологиялық тексерудің шұғыл органдарымен беріледі, ауа райының қауіпті құбылыстары туралы ақпараттың өтуі. Азаматтық авиация метеорологиялық қамтамасыз ету бойынша басшылыққа алатын құжаттармен белгіленеді.

162. Авиациялық электрбайланыс пен ҰРТҚ құралдарын ерекше жағдайларда техникалық күтімдеу ауа райының қауіпті құбылыстарының тууына (күшеюіне) объектілерді дер кезінде дайындауға, жабдықты сақтауға, стихиялық құбылыстың салдарын жоюға бағытталған.

163. Байланыс пен ҰРТҚ объектілерінде қауіпті құбылыстар туралы ескерту алған инженерлік-техникалық қызметшілердің іс-әрекеттері туралы РТЖпБП

қызметінің басшысы қол қойған және азаматтық авиация ұйымының басшысы бекіткен нұсқау болу керек.

Сейсмобелсенді ауданда бұл нұсқауға жерсілкіну туралы ескерту кезінде азаматтық авиация ұйымының инженер-техникалық қызметшілерінің іс-әрекеті бойынша тармақтар қосылады.

164. РТЖпБП қызметінің ауысым (аға) инженер қауіпті құбылыс туралы ескерту алғаннан кейін қажетті шаралар қабылдау үшін РТЖпБП қызметінің кезекші инженер-техникалық қызметшісіне дереу хабарлайды.

165. Қауіпті құбылыс аяқталғаннан кейін ЖСҚ, АФҚ, байланыс пен ҰРТҚ объектілері тексеріледі, зақымданған жерлерді жоятын шаралар қолданылады, ол қажет болса, қалпына келтіру жұмыстары ұйымдастырылады.

4. Авиациялық электрбайланыс пен ҰРТҚ құралдарын техникалық пайдалануды метрологиялық қамтамасыз ету

166. Азаматтық авиация ұйымдарында метрологиялық қамтамасыз етудің негізгі міндеттері:

1) байланыс пен ҰРТҚ құралдарының талап етілген жұмыс сапасын қамтамасыз ету;

2) байланыс пен ҰРТҚ құралдарының техникалық параметрлер өлшемдерінің талап етілген дұрыстығы мен дәлдігін қамтамасыз ету;

3) өлшеу құралдары әрдайым метрологиялық дайындықта ұстап тұру болып табылады.

167. Өлшеудің барлық құралдары міндетті түрде мемлекеттік түгендеуге жатады. Нормаланған дәлдікпен физикалық мәндерді бағаламай параметрлердің өзгермелі құралдары индикаторлар болып табылады, олар тексеріске жатпайды және "И" (индикатор) деген белгісі болу керек.

168. Өлшеудің индикаторлық құралдарының тізімі метрологиялық қызмет органдарымен келісіледі, бақылау олардың жөнделігі үшін оларға бекілген пайдаланылатын құжаттамамен тәртіпте жүзеге асу керек және азаматтық авиация ұйымының басшысымен бекітіледі.

169. Оқу мақсаттарында қолданылатын өлшеу құралдары тексеріске жатпайды және "У" (оқу) деген белгісі болу керек. Олардың дұрыс істеуін тексеру оларға берілген пайдалану құжаттамасымен белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады.

170. Өлшеу құралдарының мерзімділік түгендеуі (дәлдендіруі) белгілі тәртіппен аккредитациядан өткен метрологиялық қызметтермен келісілген және азаматтық авиация кәсіпорнының басшысымен бекітілген график негізінде орындалады.

171. Өлшеу құрал-жабдықтарының түгелдеу кезеңдігі (дәлдендіруі). Қазақстан Республикасы азаматтық авиацияда қолданылатын жұмыс өлшеу құрал-жабдықтарының түгелдеуіне жататын тізіммен анықталады немесе пайдалынатын құжаттамада көрсетіледі.

172. Барлық өлшеу құралдары (стендтер, пульттер, аспаптар) нормативті-техникалық құжаттамаларға (техникалық сипаттау, пайдалану бойынша нұсқау, техникалық қызмет көрсету бойынша нұсқау, формуляр немесе паспорт) сәйкес жабдықталуға тиіс. РТЖпБП қызметімен жаңартылған немесе өңделіп жасалған өлшеу аспаптары, құрылғылар, пульттер және стендтер метрологиялық аттестациядан өтеді, оларға берілген пайдалану құжаттамасы - метрологиялық сарапқа жатады.

173. Кәсіпорында ҰРТҚ құралдарын техникалық пайдалануды қамтамасыз ету бойынша жұмыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін басшы бұйрығымен метрологиялық қызмет құрылады, немесе метрология бойынша арнайы дайындық өткен мамандардан метрологиялық қамтамасыз ету үшін жауапты адам тағайындалады. Метрологиялық қамтамасыз ету үшін жауапты адамға мынандай міндеттер жүктеледі:

1) өлшеу құралдарын есептеу (журнал формасы 49-қосымшада келтірілген);
2) өлшеу құралдарының тексеріс (калибровка) графигін өңдеп жасау келісу және бекітуге мемлекеттік метрологиялық қызмет органдарына немесе осындай жұмыстарды өткізуге құқығы бар аккредитациядан өткен басқа ұйымдарға ұсыну ;

3) тексеріс (дәлдендіру) графигінің орындалуын тексеру;

4) өлшеу құралдарының дұрыс істеу күйінде ұсталып тұруын, қолдану, сақтау дұрыстығын және жөндеу мен тексеріске (дәлдендіруге) өз уақытында ұсынылуын тексеру ;

5) байланыс пен ҰРТҚ құралдарын, оларды метрологиялық қамтамасыз ету бөлігінде, пайдалануға енгізу мен қабылдау бойынша комиссия жұмысына қатысу ;

6) Өлшеу құрал-жабдықтарын пайдалануда кемшіліктерді шеттету бойынша ұсыныстарды басшылыққа ұсынады ;

7) Объектіде өлшеу құрал-жабдықтарының жағдайы туралы РТЖпБП қызметінің басшылығына ақпарат береді, сонымен қатар, олардың өлшеу құрал-жабдықтарының пайдалану ережесін бұзушыларды жауапкершілікке тарту туралы мәселелер қойылады.

&5. Ұшудың және авиациялық электрбайланыстың радиотехникалық қамтамасыз ететін құрал-жабдықтарының техникалық пайдалануын бақылау және техникалық

жағдайдың жердегі және ұшу тексеруі 1. ҰРТҚ және электрбайланыс құрал-жабдықтарының жердегі тексерісі

174. ҰРТҚ және байланыс құрал-жабдықтары пайдаланатын құжаттаманың талаптарымен негізгі техникалық параметрлеріне сәйкес бағалау үшін жердегі тексерулер өткізіледі:

1) ҰРТҚ және байланыстың біткен құрылыс объектілерінің қабылдауға дайындық кезінде;

2) мерзімді ұшу тексерулерінен бұрын;

3) ҰРТҚ және байланыс объектілерінің қайта құрылуынан кейін;

4) ӘҚКҚ қызметінің талаптары бойынша.

175. ҰРТҚ және байланыс құрал-жабдықтарының жердегі тексеруі төмендегі жұмыстарды қосады:

1) жабдықтың жұмысқа қабілеттілігін тексеру;

2) жабдықтың реттеуі және күйге келтіруі;

3) негізгі анықтайтын техникалық параметрлердің өлшеуі;

4) күйге келтіру кестесінің құрастырылуы және бақылау тәртібінің картасы (осы Ереженің 50-қосымшасына) және жердегі тексеру және күйге келтіру хаттамасы, азаматтық авиация ПЖ (осы Ереженің 23 қосымшасына) сәйкес кесте.

176. ҰРТҚ және байланыс құрал-жабдықтарының жердегі тексеруін РТЖпБП қызметінің инженерлі-техникалық қызметкерімен өткізіледі. Жердегі тексеру ҰРТҚ және байланыс құрал-жабдықтарын пайдалануға ендіру кезінде РТЖпБП қызметінің мамандары мен жабдықты өндіруші өкілдерімен бірге өткізу керек (дайындаушымен).

177. РТЖ және байланыс құрал-жабдықтарының ұшуды және ӘҚБ қамтамасыз етудің жердегі техникалық тексерулері РТЖпБП қызметінің инженерлік-техникалық қызметкерімен өткізіледі.

178. РТЖ және байланыс құрал-жабдықтарын, ұшуды және ӘҚБ қамтамасыз етудің жердегі техникалық тексерулері пайдалануға ендіру кезінде жабдықты өндіруші өкілдерінің қатысуымен өткізіледі (дайындаушымен).

2. ҰРТҚ және электрбайланыс құрал-жабдықтарының ұшу тексерулері

179. ҰРТҚ және байланыс құрал-жабдықтарының ұшу тексерулері нормативті-пайдаланатын құжаттаманың талаптарымен тактикалық сипаттамаларының сәйкестігін бекіту және ҰРТҚ және байланыс құрал-жабдықтарын пайдалануға жарамдылығын бағалау мақсатында өткізіледі.

180. ҰРТҚ және байланыс құрал-жабдықтарының ұшу тексерулері кезеңдікпен және көлемде, анықталған қызметтегі басшылықтармен, бағдарламалармен және ұшу тексерулерінің әдістемелерімен өткізіледі.

181. ӨЖЖ диапазонының АВС арнасының радиобайланыс алыстығының ұшу тексеруі радиобайланыстың жаңа арнасының пайдалануға ендіру кезінде, радиоберілгіштің, радиоқабылдағыштың және антеналы-фидерлі құрылғылардың басқа түріне ауыстыруда, сонымен қоса, жердегі радиостанцияның антенна биіктігінің құрылғысы және орын ауысымында өткізіледі. ӨЖЖ диапазонының авиациялық әуе байланыс арналарында радиобайланыс алыстығын анықтау әдістемесі осы Ереженің 23 қосымшасында келтірілген.

АЖ ҚБ жиынтығында жұмыс істейтін ӘҚБАЖ және ҰРТҚ және байланыс құрал-жабдықтарының ұшу тексеруі арнайы АЖ ӘҚБ-талданған бағдарламалармен және әдістермен өткізіледі.

182. АЖ ӘҚБ құрамына кіретін ҰРТҚ және байланыс құрал-жабдықтарының әрбірінің ұшу тексеруі жинақтың автоматтандырылған жүйесімен жиынтықта координатты ақпараттың жөндеу және бейнесі өткізіледі. Ұшу тексеруінің нәтижелері бойынша ҰРТҚ және байланыс құрал-жабдықтарының, АЖ ӘҚБ барлық аппаратуралары ұшудың қамтамасыз етілуіне қолданудың жарамдылығы бағаланады.

183. Радиолокатордың, радиопеленгаторлардың жетекті радиосатанциялардың және АВС каналдарының ұшу тексерісі ӘҚБ диапазонында көлік және жаттықпалы ұшуларды орындайтын ӘК өткізілуі мүмкін ҰРТҚ және байланыстың жердегі құрал-жабдықтарының уақытылығына, ұшу тексерулерінің сапасының толығыуына жауапкершілікті азаматтық авиация аэроландарында азаматтық авиация ұйымының басшылары алады, ал бұл құрал-жабдықтардың ұшу тексеруіне уақытылы және сапалы дайындығын РТЖпБП қызметінің бастықтары алады.

184. ҰРТҚ және байланыс құрал-жабдықтарының ұшу тексерудің нәтижелері бойынша ұшу тексерулеріне актілер құрастырылады. ӘҚБ диапазонының ОРЛ, АРП және "АВС" арналарын ұшу биіктігінен байланысты әрекетінің алыстық графигі құрастырылады.

185. Радиошамшырақты жүйенің (әрі қарай - РМС), жақын навигациялық рңдиотехникалық жүйесінің ұшу тексерулер (әрі қарай - РСБН), ӨЖЖ барлығы бағытталған радиошамшырақ (әрі қарай - VOR), алыстықты өлшегіш жабдық (әрі қарай - ДМЕ) және АРП арнайы ұшақтық зертханалықпен жүргізіледі.

186. Ұшақтың зертханалық арнайы борттық жабдығы осындай жұмыстарды өткізуге құқығы бар заңды тұлғамен берілген метрологиялық түгендеулері бар қызметтегі жарамды куәлігі болуы керек.

187. Ұшақтық-зертханамен өткізілетін ҰРТҚ және байланыс құрал-жабдықтарының ұшу тексерулерін азаматтық авиация ұйымы жүзеге асырады, ҰРТҚ және байланыс құрал-жабдықтарын пайдаланушы азаматтық авиация ұйымының тапсырыс негізіндегі ұшақ-зертханасының иесі жүзеге асырады.

188. ҰРТҚ және байланыс құрал-жабдықтарының ұшу тексерулері кәдімгі ӘЖ құрал-жабдықтарды өзінше пайдаланушымен, азаматтық авиация ұйымымен жоспарланады.

189. ҰРТҚ және байланыс құрал-жабдықтарының ұшу тексерулерінің өткізу мерзімдерінің өзгеруі I, II, III категорияда РМС үшін 365+30 тәуліктен аспауы керек, қалғандары 365+60 тәулік, алдыңғы ұшу тексеруінің күнінен аспауы керек.

190. ҰРТҚ және байланыс құрал-жабдықтарын пайдалану ұшу тексеруінің кезеңдік бұзылуымен жіберілмейді.

191. ҰРТҚ және байланыс құрал-жабдықтарын ұшу тексеруінің өткізілуін Қазақстан Республикасында Өкілетті мемлекеттік орган жоспарлайды және ұйымдастырады.

192. Өкілетті мемлекеттік орган ұшақ зертханасымен бірге жоспар графиктердің алдын-ала негізінде ТҚК және Қазақстан Республикасының аэроландарында ҰРТҚ және байланыс құрал-жабдықтарын ұшу тексерулерінің құралмалы жылдық жоспар-графигін құрастырады.

4 тарау. Авиациялық және жердегі техниканы техникалық және қызмет көрсету пайдалану кезінде метрологиялық жұмыстарды өткізу және ұйымдастыру &1. Жалпы ережелер

193. Мемлекеттік, метрологиялық қадағалауға тиісті өлшеу құрал-жабдықтары (пайдалануға және импорт бойынша әкелім кезінде бар болатын) түгендеуге тартылады. Бұл кезде мемлекеттік метрологиялық қадағалау Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясында өлшеулерге таратылады, егер осы өлшеулердің нәтижелері мынандай жағдайларда пайдаланылса:

1) азаматтардың өмірін және денсаулығын қорғауды қамтамасыз ету бойынша жұмыстарда; нормативті құжаттардың міндетті талаптарына сәйкес келуін және өнім сапасын бақылауда және сынауда;

2) қоршаған ортаның жағдайын бақылауда;

3) еңбек етудің қауіпсіз жағдайларын бақылауда;

4) сауда-коммерциялық операцияларда және сатып алушы (тұтынушы) мен сатушы (өтемші, өндіруші, атқарушы) арасындағы есептесуде, сол санда тұрмыс пен коммуналды қызмет көрсету салаларында және байланыс қызметтерде;

- 5) мемлекеттік есеп операцияларында;
- 6) арнайы техника өндірісінде, арнайы өнімнің басқа түрлерінің өндірісінде;
- 7) гидрометрологиялық жұмыстарда;
- 8) өндірісте, тасымалдауда, барлық материалды ресурстың түрлерін қолдануда және сақтауда;
- 9) құрылыста;
- 10) мемлекеттік басқару органдарының соттық және құқық қорғау органдарының тапсырмасы бойынша істелетін жұмыстарда;
- 11) Өлшеу құрал-жабдықтарының түгендеуінде.

Өлшеу құрал-жабдықтарының түгендеуі мемлекеттік өкілетті органмен, сонымен қоса, бекітілген тәртіпке мемлекеттік өкілетті органмен тіркелген метрологиялық қызметтің заңды тұлғаларымен жүзеге асырылады.

194. Қазақстан Республикасы азаматтық авиациясында қолданылатын дәлдендіру мен межелеуге тиісті арнайы өлшеу құрал-жабдықтарының тізімі Қазақстан Республикасы азаматтық авиация саласында мемлекеттік өкілетті органмен бекітіледі.

Түгендеудің оң нәтижелері түгендеу таңбасының белгісімен куәландырылады, ал өлшеу құрал-жабдығына және (немесе) қолдану құжаттамасына және (немесе) түгендеу туралы сертификатқа басылады.

Түгендеуге жатпайтын өлшеу құрал-жабдықтары жасаушы анықтаған тәртіпте дәлдендіріледі, және межелендіріледі (анықтап тексеріледі).

Арнайы өлшеу құрал-жабдықтарының дәлдендіруі дайындаушының пайдалану құжаттамасымен сәйкес өндіріледі, егер ол жоқ болса азаматтық авиация саласында өкілетті органмен талданған әдіс бойынша және бекітілген тәртіпте бекіту жүргізіледі.

Дәлдендіру әдістемелері заңды тұлғалардың - дайындаушылардың метрологиялық қызметтерімен, осы өлшеу құрал-жабдықтарының иелерімен немесе пайдаланушылармен жасалады.

195. Арнайы өлшеу-жабдықтарының кезеңді дәлдендіруі азаматтық авиация кәсіпорындарының, ұйымдарының, метрологиялық қызметтерімен, Өкілетті Мемлекеттік орган осы жұмыстарды орындауға құқығы бар өкілетті органдарымен атқарылады.

196. Дәлдендіру мен межелеуге тиісті Қазақстан Республикасы азаматтық авиациясында қолданатын арнайы өлшеу құрал-жабдықтарының тізімі 58-қосымшада көрсетілген.

197. Азаматтық авиация кәсіпорындарында, ұйымдарында және зауыттарында қолданатын арнайы өлшеу құрал-жабдықтарының дәлдендірудің кезеңдігі азаматтық авиация саласында бекітілген дәлдендіру мен межелеуге жататын, егер ол "Дәлдендіру мен межелеуге тиісті Қазақстан Республикасы

азаматтық авиациясында қолданатын арнайы өлшеу құрал-жабдықтарының тізімінде" немесе қолдану құжаттамасында көрсетілмесе, дәлдендіруді жүзеге асыратын метрологиялық қызметтің басшысымен орнатылады.

198. Уақытылы дәлдендіру өтпеген арнайы өлшеу құрал-жабдықтарын қолдану, рұқсат етілмейді.

199. Арнайы өлшеу-жабдықтары дәлдендірілген деп саналады, егер келесі шарттардың бірі орындалса:

- 1) оларда әрекеттегі дәлдендірілетін белгінің анық таңбасы бар болса;
- 2) төл құжатында дәлдендіру туралы таңбалау жасалған;
- 3) дәлдендіру күнін көрсетумен дәлдендіру туралы сертификат берілген;
- 4) дайындалған немесе жеке данамен әкелінген және мемлекеттік метрологиялық бақылауға жататын өлшеу өкілетті құрал-жабдықтары өкілетті мемлекеттік органмен түгенделеді.

200. Келесі жерлерде орнатылған электрөлшеу аспаптардың дәлдендіруінің кезеңдігі:

- 1) шоғырлағышты зарядтау бекеттерінде, аэролаңда электрлік агрегаттарында АПА, АМГ, УАВ, АВС типті агрегаттарда зертханалардың, ұшақтардың, қозғалтқыштардың оталуының және басқалардың қоректену орталықтандырылған жүйелерінде - жылына 1 рет (сирек емес);
- 2) бақылау-сынау жабдықтарында - жылына 1 рет (сирек емес);
- 3) жоғары жиілі қондырғыларда, гальваникалық былауларының шунттарында, түзеткіш құрылғыларында - жылына 1 рет (сирек емес);
- 4) РТҚ, ӘҚБ, қону, навигация және байланыс аппаратураларының панельдерінде, сол санда құрамына кіретін - 2 жылда 1 рет (сирек емес);
- 5) қорғау құрылыстарының қалқандарында, стационарлық және қозғалмалы электрстанцияларында, трансформаторлық қосалқы бекеттерде станцияларда - 3 жылда 1 рет (сирек емес);
- 6) ӘҚБ, навигацияның, қонудың және байланыстың АТБ цехтарының, азаматтық авиация зауыттарының және басқа қызметтерінің объектілерінің электрқоректенумен қамтамасыз ету, кіру, тарату және топтық қалқандарында - 3 жылда 1 рет (сирек емес).

201. Авиациялық бақылау-сынау жабдықтарында, жаттықпаларда, стендтерде, агрегаттарда, пульттерде және қондырғыларда орнатылған қысым өлшегіштер, тахометрлер, электрөлшеу және басқа ұшақ түріндегі құрал-жабдықтарын, пайдалану бойынша нұсқауларға сәйкес регламентті жұмыстар өткізу кезеңінде азаматтық авиация кәсіпорындарының, ұйымдарының және мекемелерінің (әрі қарай - ИТҚ) күштерімен және құралдарымен техникалық тексеріс өту қажет (формулярда).

202. Авиациялық тексеру қондырғыларының жиынтығына кіретін секунд өлшегіштердің дәлдендіруі сәйкестік қондырғыларда анықталған мерзімдерде өткізілуіне тиісті.

203. Қазақстан Республикасы 2.30-2001 мемлекеттік үлгіқалыптау талаптарына сәйкес жалғыз данада Қазақстан Республикасына әкелінген өлшеу құрал-жабдықтарды метрологиялық аттестацияға өкілетті мемлекеттік бөлімшеге құжаттар жиынтығымен көрсетеді, оған келесі құжаттар кіреді:

- 1) өлшеу құрал-жабдықтарына метрологиялық аттестациядан өткізуге өтініш;
- 2) қолдану құжаттары (техникалық сипаттау, пайдалану бойынша нұсқау);
- 3) өлшеу құрал-жабдығын түгендеу әдістемесіне құжаттың жобасы (пайдалану құжаттарында түгендеу әдістемесі жоқ кезінде).

204. Өлшеу стендтері, пульттер және қондырғылар, егер олардың құрамында өнеркәсіпті жасалған, қалыпты жағдайларда пайдаланатын бақылау, тексеру және өлшеу аппаратурасы бар болса, арнайы өлшеу құрал-жабдықтарына жататын, орташа жағдайда пайдаланатын жалпы тағайындаудың өлшеу құрал-жабдықтары 2.30.2001 ж. Қазақстан Республикасының мемлекеттік үлгіқалыптау мен сәйкес аттестациядан өтуі тиісті емес.

Метрологиялық аттестациядан өтуге тиісті:

- 1) мемлекеттік сынауға жатпайтын және сериялы өндіріске арналмаған жеке дайындалған данамен немесе бір реттік партиямен дайындалған өлшеу құрал-жабдықтары, іс-шаралар;
- 2) оларда техникалық құжаттамада көрсетілгеннен айыра танылған пайдалану шартында қолданатын өлшеу құрал-жабдықтары;
- 3) үлгі қалыпты өлшеу құрал-жабдықтарының құрамына кіретін пульттер және стендтер берілген жабдықтың құрамында тікелей түгендеу (дәлдендіру) ө н д і р і л е д і .

Тек коммутациялық немесе дабылбергіш аппарат құрамында бар пульттер және стендтер метрологиялық аттестациядан өтуге тиісті емес.

Авиациялық бақылау-сынау жабдықтарында, жаттықпаларда, стендтерде, агрегаттарда, пульттерде және қондырғыларда орнатылған қысым өлшегіштер, тахометрлер, электрөлшеу және басқа ұшақ түріндегі құрал-жабдықтарын пайдалану бойынша нұсқауларға сәйкес регламентті (профилактикалық), жұмыстар өткізу кезінде азаматтық авиация кәсіпорындарының, ұйымдарының және мекемелерінің инженерлі техникалық мамандарының күштерімен және құралдарымен техникалық тексеріс өтуі қажет, ол туралы төл құжатта (формулярда) сәйкестік белгі жасалады;

- 4) Авиациялық тексеру қондырғыларының жиынтығына кіретін секундөлшегіштердің дәлдендіруі сәйкестік қондырғыларда анықталған

мерзімдерде өткізілуіне тиісті;

5) Коммутациялық құралдар стендтердің, пульттердің, қондырғылардың, жабдықтың монтажи азаматтық авиация бөлімшелері мен профилактикалық қарауды өткізу кезеңінде пайдалану бойынша нұсқауларға сәйкес тексеріледі, (қызмет көрсетіледі) ол туралы төл құжаттамада белгі жасалады.

Өлшеу стендтердің пульттердің және қондырғылардың құрамына кіретін арнайы өлшеу құрал-жабдықтарының (бақылау тексеру және өлшеу аппаратураның) метрологиялық қызмет көрсетуі өнеркәсіппен жасалған және орнатылған тәртіппен келісілген нормативті техникалық құжаттамамен өткізіледі. Қызметтік тұлғалар бекітілген метрологиялық ереже мен нормаларды бұзушы кінәлілер Қазақстан Республикасы заңдарымен сәйкес жауапкершілік алады.

&2. Қазақстан Республикасы Азаматтық авиациясында өндіріс қызметін метрологиялық қамтамасыздандыру бойынша жұмыстардың ұйымдастырылуы

205. Қазақстан Республикасы азаматтық авиациясында өндіріс қызметін метрологиялық қамтамасыздандыру бойынша жұмыстарды әуе компанияларының, мекемелердің, ұйымдардың метрологиялық қызметі өткізеді.

Қазақстан Республикасы азаматтық авиация метрология қызметі Қазақстан Республикасының бірыңғай метрологиялық қызметінің құрамды бөлімі болып табылады және Қазақстан Республикасы азаматтық авиация кәсіпорындарында, ұйымдарында, мекемелерінде ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге өлшеудің бірлігі мен керекті нақтылығын және авиациялық пен жердегі техникаға қызмет көрсетуінің деңгейін көтеруіне бағытталған жұмыстарды метрологиялық қамтамасыздандыру бойынша өткізілетін шаралардың кешенін атқарады.

206. Қазақстан Республикасы азаматтық авиация метрологиялық қызметі б ы л а й к ө р с е т і л е д і :

1) Өкілетті тіркелген мемлекеттік органмен бөлімше құрамында бар метрологиялық қызметтер бекітілген тәртіпте түгендеу, дәлдендіру өлшеу құрал-жабдықтарын жөндеп өткізуге құқығы бар.

Метрологиялық қызметтер азаматтық авиация Комитетінің қызметтерінің Қазақстан Республикасы азаматтық авиация кәсіпорындарында, ұйымдарында, мекемелерінде қолданатын өлшеу құрал-жабдықтарын түгендеу, дәлелдеу, межелеу және жөндеу бойынша жұмыстарды ұйымдастыру мен өткізу негізгі функциялары болып табылады;

Әдістемелік басқарманы, бөлімшелердің авиациялық және жердегі техникасын пайдалану, техникалық қызмет көрсету және жөндеудің метрологиялық қамтамасыздандыру бойынша басқару мен бақылауды атқару.

2) Қазақстан Республикасы азаматтық авиация кәсіпорындарының, ұйымдарының және мекемелердің құрамдарында бөлімшелер мен бөліктердің өндіріс қызметтерін метрологиялық қамтамасыздандыруға жауапты адамдары бар метрологиялық қызметтер.

Осы қызметтердің негізгі функциялары бөлімшелердің авиациялық және жердегі техникасының пайдалану, техникалық қызмет көрсету және жөндеуді метрологиялық қамтамасыздандыру бойынша жұмыстарды ұйымдастыру мен өткізу болып табылады.

207. Қазақстан Республикасы азаматтық авиация кәсіпорындарының, ұйымдарының және мекемелерінің, өз құрамында өлшеу құрал-жабдықтарды түгендеуге, дәлдендіруге және жөндеуге құқықты орнатылған тәртіппен Өкілетті Мемлекеттік органдарымен тіркелген бөлімшелері бары өз қызметтерде Қазақстан Республикасы өлшеу бірлігін қамтамасыз ету туралы заңымен басқарылады және жүзеге асырылады.

1) Өндіріс қызметі метрологиялық қамтамасыздандыру мәселелері бойынша негізгі кәсіпорынның бөлімшелерінің іс-әрекеттерін әдістемелік түрде басшылық ет у ;

2) Метрологиялық жұмыстарды ұйымдастыру мен өткізу мәселелері бойынша негізгі кәсіпорын бөлімшелерінің іс-әрекетін бақылауды атқару;

3) Алынған құқықтар көлемінде өлшеу құрал-жабдықтарының түгендеу, дәлдендіру, межелеу және жөндеуін өткізу;

4) Негізгі кәсіпорын бөлімшелерінде қолданатын өлшеу құрал-жабдықтарының шұғыл есеп өткізуі, өлшеу құрал-жабдықтарының дәлдендіру, түгендеу кестелерін құру және олардың орындалуын бақылау;

5) Жаңа ілгерішіл құралдары мен әдістерін ендіру;

6) Қазақстан Республикасы азаматтық авиация кәсіпорындарының, ұйымдарының, мекемелерінің тапсырыстары бойынша аса дәлді өлшеулер ұйымдастыруы мен орындауы;

7) Қызмет көрсетілетін өлшеу құрал-жабдықтарының тізімін көбейтуге арналған жұмыстарды өткізу;

8) Метрология бойынша мемлекет аралық үлгі қалыптарды, Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарттарын (ҚР ҮҚ) және басқа нормативті құжаттарды ендіру бойынша жұмыстарды ұйымдастыруы мен өткізуі;

9) Метрология мәселелері бойынша кәсіпорындардың құжаттарын жасау мен келісімдеу ;

10) Метрология саласында метрологиялық қызметінің қызметкерлерінің біліктілігін жоғарлату жұмыстарын ұйымдастыру;

11) Қазақстан Республикасы азаматтық авиация кәсіпорындарының ұйымдарының және мекемелерінің авиациялық және жердегі техникасының

пайдалану, техникалық қызмет көрсету және жөндеу кезінде қолданатын өлшеу құрал-жабдықтарының дәлдендіру, межелеу әдістемелерін жасау;

12) негізгі кәсіпорынның бөлімшелерінде орнатылған метрологиялық мәліметтердің, ережелердің, нормалардың, талаптардың орындалуын бақылау;

13) өлшеу құрал-жабдықтарының дәлдендіру мен межелеу (анықтап тексеру) әдістемелерін жасау;

14) сынған, уақытысында метрологиялық қызмет көрсету өтпеген өлшеу құрал-жабдықтарын қолдануына тыйым салу;

15) техникалық мүмкіндігі шектелген өлшеу құрал-жабдықтарын қолдануға рұқсат беру, егер осы өлшеу құрал-жабдықтарының қолдану технологиясы бойынша бұл рұқсат етілсе;

16) бөлімшелердің басшыларына өндіріс қызметі метрологиялық қамтамасыздандыру саласында табылған кемшіліктерді жою туралы орындауға міндетті ескертулерді беру.

208. Қазақстан Республикасы азаматтық авиация ұйымдарының және мекемелерінің өз құрамында бөлімшесі жоқ, мемлекеттік тіркелген Өкілетті орган өз құрамында мекеменің метрологиялық қамтамасыздандыруына жауапты тұлғалардың міндеттері мен құқықтары:

1) Бөлімше мен бөліктің қызметін метрологиялық қамтамасыздандыру жағдайының талдауын өткізу;

2) Бөлімшелерде және бөлімдерде пайдаланатын өлшеу құрал-жабдықтарының анық есептеуін өткізу, мәліметтерді тиянақты анықтау;

3) Барлық өлшеу құрал-жабдықтарының метрологиялық қызмет көрсету кестелерін құру, олардың орындалуын бақылау;

4) Пайдалануда жүретін және сақтауда тұрған өлшеу құрал-жабдықтарының жағдайының тиянақты бақылауы;

5) Метрологиялық қызмет көрсетуге жіберілетін өлшеу құрал-жабдықтарының буып-түюінің бақылауын өткізу, және метрологиялық органдарға жіберілген өлшеу құрал-жабдықтарының онда болу мерзімдерін бақылау;

6) Бөлімшелердің, қызметтердің, бөліктердің және бөлімдердің қызметкерлерімен орындалатын жұмыстардың метрологиялық қамтамасыздандыру нормалары мен талаптарын реттейтін құжаттарды орындауға талап етуін қамтамасыз ету;

7) талаптардың бұзылуымен сақталған өлшеу құрал-жабдықтарының уақытылы метрологиялық қызмет көрсетуі өтпеген, жөнделмегенді қолдануды жібермеу.

3. Бөлім. Ұшуға дайындауда әуе кемесін авиа ЖЖМ және арнайы сұйықтармен қамтамасыз ететін ұйымдар &1. Жалпы ережелер

209. Әуе кемесі ұшуын авиа ЖЖМ жағар-жанар майларымен қамтамасыз ету үшін әуежай территориясында немесе оның маңындағы жерлерде ережедегідей көлік құралдарынан авиа ЖЖМ құю үшін, ыдыстар өнімдерін қабылдау үшін объектілерді, құйылған авиа ЖЖМ жанар жағар май сақтайтын құйғын парктерді, ыдыстар өнімдеріне қосалқы бөлшектер мен жабдықтарға, арналған қойма бөлмелерді, қотару құю операцияларын орындауға арналған сорғы станциясы, авиациялық отынды сүзу пункттары, ӘК құюға арналған құралдарды толтыру орындары, құбыр байланыстары, өрт сөндіру объектілері, мұндай ұстағыштар және басқа көмекші техникалық объектілер мен орындар кіретін отын құйғын к е ш е н і б о л у к е р е к .

Отын құйғыш кешеніне автоматтандырылған немесе оңайлатылған орталықтандырылған май құю жүйелері, май құю құралдары, авиа ЖЖМ бақылау зертханалары кіру мүмкін. Объектілер мен техникалық жабдықтар авиа ЖЖМ қабылдау, сақтау, сапасын бақылау және беруге дайындауды қамтамасыз ететін техникалық процестің бөлігі болып табылады. Объектілер мен техникалық жабдықтардың тізімі мен саны ӘК қызмет ету бойынша онда орындалатын, мақсаттарға байланысты әр нақты отын құю кешені үшін анықталады.

Әкімшілік пен техникалық қызметшілер және отын құю кешенінің жиынтығы авиаотынмен қамтамасыз ету бойынша ұйымды (бұдан әрі - ЖЖМҰ) құрайды.

2 1 0 . Ж Ж М Ұ :

1) пайдалану, жөндеу кәсіпорындарында азаматтық авиация ұйымдарында және басқа ведомстволарда, сонымен қатар Қазақстан Республикасы заңдарына с ә й к е с д е р б е с н е г і з і н д е ;

2) әуе көлігі кәсіпорындарының, әуежайлардың, әуе компанияларының, дербес авиация-техникалық базалардың, жөндеу кәсіпорындарының, сонымен қатар азаматтық авиация оқу орындарының құрамында құралады.

211. Ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін:

1) ЖЖМҰ сертификаттық талаптарға сәйкес болу керек;

2) ЖЖМҰ мамандары аттестацияланған болу керек;

3) авиа ЖЖМҰ үшін техникалық құрал-жабдықтар осы ережелерге сәйкес аттестацияланған болу керек.

&2. Авиаотынмен қамтамасыз ету жөнінде ұйымдардың негізгі міндеттері мен ұйымдастыру құрылымы

212. ЖЖМҰ өз қызметі барысында төмендегілерді қамтамасыз етеді:

1) өндірістік қызмет және авиа ЖЖМ қорын жасау үшін керекті авиа ЖЖМ қажеттілігін анықтау;

2) авиа ЖЖМ жеткізу үшін келіссөздер жүргізу;

3) авиа ЖЖМ оларды дайындауда және әуе кемесі май құюға беруде оның сапасын зертханалық және аэролаңдық бақылау тазарту жөнінде, сондай-ақ авиакеросинде судың кристалдануына қарсы сұйықтықтың құрамы (бұдан әрі - СКҚ) жөнінде мемлекеттік стандарттар мен нормативтік құжаттардың талаптарын орындау;

4) ұшулар реттігін және қауіпсіздігін көтеруге, авиа ЖЖМ сандық және сапалық сақталуына бағытталған қабылдау, сақтау, тазарту, беру, құю құралдарын пайдалану және уақытында техникалық қызмет ету және оларды жетілдіру;

5) еңбек және өрт қауіпсіздігі шараларды жүргізу;

6) авиа ЖЖМ сапасын бақылау жөніндегі зертханалар мен ЖЖМ қоймаларының техникалық базасын жетілдіру және дамыту;

7) ағымдағы және болашақтағы жұмыс жоспарларын орындау, өндірістік процестерді механизациялау және автоматтандыру;

8) авиа ЖЖМ жоғалуын болдырмайтын, қоршаған ортаны қорғау жөнінде, жұмыс істелген мұнай өнімдерін (бұдан әрі - ЖМӨ) қабылдау, сақтау және пайдалануын ұйымдастыру бойынша шараларды әзірлеу және жүргізу;

9) авиа ЖЖМ-ды есепке алу және олардың қозғалысы туралы есепті жүргізу, олардың мөлшерін есепке алып отыру, құжаттамаларды дұрыс жүргізу;

10) техникалық процестерді метеорологиялық қамтамасыз ету және авиа ЖЖМ сапасын бақылауды жетілдіру, өлшеу құралдарын (бұдан әрі - ӨҚ), аспаптарын түгендеу, құйғындарды межелеу, ӨҚ мен аспаптарды жөнді күйінде ұстау уақытында жүргізу;

11) жұмыс орындарын қажетті құрал-жабдықтар, материалдар, технологиялық құжаттамалар және көрнекті құралдармен қамтамасыз ету;

12) құрал-жабдықтар, қосалқы бөлшектер, құрал-саймандар мен тағы басқа құралдарға мұқтаждықты анықтау, өтініш беру, оларды іске асыру;

13) жұмыскерлердің біліктілік деңгейін көтеру;

14) авиа ЖЖМ сапасын бақылау, сүзгіден өткізу, сақтау, қабылдау ұйымдастыру, мерзімді тексеру, сонымен қатар арналған әуежайлар мен ХШАҚ уақытша аэролаңдарда ӨҚ ЖЖМ құюды мерзімді тексеру;

15) құрал-жабдықтар мен ЖЖМ зерттеу және сынақтан өткізу жөнінде жұмыстарды жүргізуде азаматтық авиация ғылыми зерттеу институттарының мамандарына келісім-шарт негізінде көмек көрсету.

Авиа ЖЖМҰ қызметінің жұмысын ұйымдастыру белгілі тәртіппен бекітілген

ЖЖМҰ туралы Ережелер бойынша атқарылатын міндеттермен анықталады және қызмет басшысымен орындалады, ол ЖЖМҰ белгіленген құрылымға сәйкес лауазымды тұлғаға бағынады.

213. ЖЖМҰ қызметкерлері, сонымен қатар жаңадан жұмысқа тұрған (басқа жерден ауыстырылған) адамдар қолы қойылып лауазымдық нұсқаулармен таныстырылу қажет. Лауазымдық нұсқаулардың көшірмелері әрбір жұмыскердің жұмыс орнында болу қажет, барлық нұсқаулардың бақылау даналары - ЖЖМҰ басшысында сақталу керек.

214. Лауазымдық нұсқаулар ЖЖМҰ құрылымы және жұмысын жүргізу тәртібі өзгерген кезде қайта қарастырылады.

&3. ӘК құю бойынша жұмыстарды жоспарлау және орындау

215. Әуе кемелеріне ЖЖМ құю оларда жоспарланған тәулік алдында әуе компаниясының өкілетті өкілінен түсетін және онда рейстің нөмірі, ӘК түрі және борттық нөмірі, ұшу уақыты және әрбір ӘК түріне сәйкес отынның мөлшері көрсетілетін ұшудың тәуліктік жоспары негізінде орындалады. Бұдан әрі басқа жоспарда авиациялық техникалық базасында (бұдан әрі - АТБ) май құю жұмыстарын жүргізу үшін қажетті отынға өтінім ескерілу керек. Бұл өтінімдер ПДО немесе АТБ (ИАС) диспетчерлермен құралады және арнайы көлік қызметі (әрі қарай - АКҚ) диспетчеріне жіберіледі

216. Әуежайларда әр түрлі ведомстволардың әуе кемесі авиа ЖЖМ құю іс жүзіндегі нормативтік құжаттарға сәйкес және авиа ЖЖМ құюға дайындауды жүзеге асыратын әуе кемесі меншік иесі мен ЖЖМҰ арасында жасалған келісім-шарттың негізінде іске асырылады.

217. Авиа ЖЖМ алуға талаптар бес данада толтырылады: біреуі - ӘК экипажына беріледі, төртеуі әуежайда қалады және одан кейін олар бухгалтерия мен ЖЖМҰ басқа бөлімшелеріне тапсырылады.

218. Әуе кемесі май құю тұрақты май құю құралдары мен арнаулы машиналардың: отынқұюшылар (бұдан әрі - ОҚ), май құюшылар (бұдан әрі - МҚ), май құю агрегаттары (бұдан әрі - ҚА), тазартылған суды құюшы машиналар к ө м е г і м е н ж ү р г і з і л е д і .

Осы АКҚ аталған құралдарды алдағы кезеңге (көктемгі-жазғы, күзгі-қысқы) бөліну табелі АКҚ және ЖЖМ келісіледі және ЖЖМҰ басшысымен бекітіледі.

219. Әуе кемесіне ЖЖМ құюды ұйымдастыруға әсерін тигізетін тәуліктік ұшу жоспарындағы барлық шұғыл өзгерістер АКҚ диспетчер өзгертілген жоспар бойынша әуе кемесі ұшу және ұшып келуіне дейін кемінде 2 сағат бұрын хабарлану керек.

220. Ұшулар жоспары өзгеруі тәулік ұшулар жоспарына енгізіледі және өтінім журналына жазылады.

221. Базалық әуежайларға ұшып келетін ӘК-не алдағы ұшу уақытына тәуелсіз ережедей, ұшып келгеннен авиа ЖЖМ құйылады.

222. Мезгілсіз май құюға, сонымен қатар құйылатын ЖЖМ сапасына жауапкершілік Қазақстан Республикасы істегі заңдарға сәйкес бекітіледі.

223. Әуежайдағы қозғалмалы май құю құралдарын техникалық тұрғыдан пайдалану ЖЖМҰ басшысы бекіткен табельге сәйкес ЖЖМ қызметіне шұғыл бағыныштыққа арнаулы машиналар мен жүргізушілер құрамын бөлетін АКҚ-не бөлінеді.

224. Әуе кемесі май құюға ЖЖМ қоймасынан жіберілетін авиа ЖЖМ осы Ережеде баяндалған талаптарға жауап беру керек. Құйылатын авиа ЖЖМ сапасы бақылау талонымен расталады.

225. Әуе кемесі авиа ЖЖМ құю жұмыстары мамандармен орындалады. Олардың құрамы мен санын ЖЖМҰ басшысы белгілейді.

226. Әуе кемесі май құюды шұғыл қамтамасыз ету үшін май құю бригадасының жеке құрамы ӘК май құю жерлер тікелей жақын орналасқан радио және телефон байланыстарымен жабдықталған бөлмелерде орналасу керек . Арнайы автокөлік (ТЗ, МЗ, ауа толтыру әрі қарай - ВЗ) радиобайланыспен қамтамасыз етілу керек.

227. Кезекті құйғынды іске қосу және әрбір сменаның алдында ЖЖМ қызметінің өкілетті маманы шығын құйғынында тауар асты суының болуын тексереді. Қанағаттанарлық нәтижелерде құйғын сайынғы беріліс журналында (25 қосымша) "ЖЖМ тазалығының деңгейін бақылау нәтижелері қанағаттанарлық. Май беруге рұқсат етемін" деп жазылады.

228. ӘК май құю жұмысына арнайы машиналар рұқсат беру кезекті ауысым басында Қазақстан Республикасы әуе компаниялары, әуежайлардың жанар-жағар материалдар қоймаларын техникалық пайдалану бойынша Нұсқауына сәйкес арнайы машиналарды май құюға рұқсат беру журналында белгі қойып, ЖЖМ қызметінің өкілетті маманы мен АКҚ қызметі механигімен (бригадирімен) бірге о р ы н д а й д ы .

Май құюға жіберілген машиналар туралы АКҚ диспетчеріне хабарланады.

229. ЖЖМ қызметі маманы арнайы машиналарды әр толтырудан кейін авиа ЖЖМ тазалығын тексереді, ӘК май құюға рұқсат ету туралы бақылау талонында белгі қояды және АКҚ диспетчеріне ол туралы хабарланады.

230. ӘК май құюға арнайы машиналардың шығуы АКҚ диспетчерінің рұқсатымен жүргізіледі.

231. ӘК май құю іс жүзіндегі нұсқаулар мен ӘК техникалық қызмет көрсетудің регламентіне сәйкес ӘК қозғалтқыштарының толық тоқтағанынан

кейін және бактардың ішіндегі қалған май төгілгеннен кейін орындалады. ӘК май құюды бастау алдында тірек қалыптарымен бекітілу және ұстау керек.

232. ӘК қызмет көрсетуге жауапты тұлға (бортинженер, бортмеханик, авиатехник) май құю алдында төмендегілерді тексереді:

1) бақылау талоны бойынша май құюға рұқсат етілгендігін, арнайы
м а ш и н а н ы ң т а л о н д а
көрсетілген нөміріне сәйкестігін, құюға берілген авиа ЖЖМ және СКҚ-с
п а й ы з д ы қ қ ұ р а м ы н ы ң
сәйкестігін, ОҚ қалған отынды төгуді тексеру күні мен уақытын және оның
т а з а л ы ғ ы н ;

2) жерге қосу құралдарымен сенімділігі мен жөнділігін ӘК мен май құю
қ ұ р а л д а р ы н ы ң
потенциалын тегістеу жабдықтарын;

3) май құйылатын жерде өрт сөндіру құралдарының болуын;

4) ОҚ дөңгелектерінің астына тірек қалыптарының қондырылуын;

Тексеру аяқталғаннан соң ӘК май құю жұмысын бастауға рұқсат береді және
м а й қ ұ ю
режимін, сонымен қатар май құю үшін бак топтар бойынша орналастырумен май
қ ұ ю ү ш і н а в и а
ЖЖМ нақты мөлшерін көрсетеді.

233. ӘК орталықтандырылған май құю автоматикасын іске қосуды және май құюды бақылау ӘК қызмет көрсетуге жауапты тұлға жүргізеді. Ол ӘК май құйылған авиа ЖЖМ нақты мөлшерінің сәйкестігін, ӘК отын және май жүйелерінің бактары мен топтарында дұрыс бөлінуіне, қажет кезде АКҚ-с пайдалануға жауап береді.

234. Құю құралдары есептеушінің көрсеткіштері бойынша берілген ӘК нақты құйылған ЖЖМ N 1 ЖЖМ формасы бойынша талаптар өкілетті адам немесе экипаж мүшесі екі данамен жазып береді, оның біреуін арнайы машинаның жүргізушісіне береді.

235. АКҚ диспетчері ӘК түрлері мен нөмірлері бойынша құйылған авиа ЖЖМ мөлшерін белгілейді және әрбір ӘК май құю аяқталу туралы АТБ және әуе компанияларының өкілетті тұлғаларына хабарлайды.

236. ӘК бактарынан авиа ЖЖМ төгу АКҚ диспетчері немесе әуе компаниясының өтінімі бойынша жүргізіледі. Төгу авиа ЖЖМ әрбір маркасына арнайы бөлінген авиаотын цистерналарын жүргізіледі, олар төгілетін отын мөлшерін өлшейтін құралдармен жабдықталу қажет.

237. Бортында жолаушылары бар ӘК май құю нормативтік техникалық талаптарды сақтау аралық әуежайларда ерекше жағдайларда орындалады.

&4. Авиа ЖЖМ және арнайы сұйықтарды қолдану және олардың сапасын бақылау

238. ӘК қолданылатын авиа ЖЖМ тізімі Мемстандартқа сәйкес авиациялық техниканы орындаушы зауыт немесе әзірлеуші ұйыммен анықталады.

239. ӘК түрі бойынша авиа ЖЖМ қолданылатын маркалары іс жүзіндегі норматикалық-техникалық құжаттар, ӘК пайдалану жөніндегі нұсқаулармен, ӘК ТҚ регламенті және химмотологиялық карталармен анықталады.

240. ӘК май құюға авиа ЖЖМ ГОСТ (ТУ) талаптарына сәйкес және нақты ЖЖМҰ технологиялық картасы бойынша операциялардан рет-ретімен өткен кондицияланған авиа ЖЖМ рұқсат етіледі.

241. ЖЖМҰ-да ӘК май құю үшін кондицияланған авиа ЖЖМ қабылдау, сақтау, дайындау және беру ЖЖМ қызметіне жүктеледі, ал ӘК жүйелері мен агрегаттарында олардың пайдалануы және сақталуы - авиациялық-техникалық базасына, инженерлі-авиациялық қызметіне және ұшу қызметіне жүктеледі.

242. Авиа ЖЖМ сапасын бақылау осы ережелермен сәйкес ӘК май құюға беруге дейін авиа ЖЖМ барлық қозғалыс кезеңдерінде орындалу керек.

243. Авиа ЖЖМ сапасын аэроландық бақылау мақсаты пайдалану тазалығы белгіленген деңгеймен (механикалық қоспа мен судың болуы) талап етілген авиа ЖЖМ маркаларын ӘК құюға беруді қамтамасыз ету болып табылады.

244. Авиа ЖЖМ сапасына аэроландық бақылау тұнбаны төгу, сақтау құралдарының техникалық жағдайын, май құю, сүзгіден өткізу бойынша кешендік шараларды және операцияларды құжатқа тән ресімдеу кіреді. Ол ЖЖМ (ОҚС) қоймасындағы шығыс тұтыну күйғындарында орналасатын авиа ЖЖМ тазалығын тексеруден басталады, құю құралдарының белгіленген нүктесінен тұнбаны төккеннен кейін авиа ЖЖМ тазалығын тексерумен аяқталады. Олардың қозғалысы барлық кезеңдерінде авиа ЖЖМ сапасына аэроландық бақылау тиісті технологиялық жабдықтарды қызмет ететін техникалық құрам орындайды.

245. Авиа ЖЖМ сапасын зертханалық бақылау ЖЖМ арнаулы зертханаларында жүргізіледі.

246. Авиа ЖЖМ сапасына лабораториялық және аэроландық бақылауын орындау тәртібі және ЖЖМҰ бақыланатын физика-химиялық көрсеткіштер тізімі осы Ережелерімен анықталған.

&5. Метеорологиялық қамтамасыз ету

247. ЖЖМҰ метрологиялық қамтамасыз ету қызметінің негізгі міндеттері:

1) өлшем құралдары (ӨК) мен бақылау-өлшем аспаптарының (бұдан әрі - БӨА) талап етілетін өлшем дәлдігін қамтамасыз ету мақсатында қалыпты күйде

ұ с т а у ;

- 2) ӨҚ күйіне талдау жасау;
- 3) ӨҚ уақытында тексеру, жөндеу және ауыстыру;
- 4) құйғындар мен құбырларды межелеу;
- 5) метрологиялық ережелерді сақталуын, ӨҚ мен БӨА техникалық қызмет көрсету мен пайдалану жағдайларын сақтауды бақылау;
- б) өлшеу дәлдігінің нормасын реттейтін мемлекеттік және салалық стандарттарын, олардың орындалу әдістерін және басқа метрологиялық қамтамасыз ету ережелерін сақтау болып табылады.

248. ЖЖМҰ метрологиялық қамтамасыз етудің ұйымдастырушылық негізі метрологиялық қызмет болып табылады.

249. Метрологиялық қамтамасыз ету мақсаттарын ЖЖМҰ бастығының бұйрығымен ЖЖМ қызметінің инженерлік-техникалық құрамынан тағайындалған тұлға шешеді.

250. Өз қызметінде метрологиялық қамтамасыз етуіне жауап беретін адам ОСТ 5400028-85 стандарттарын басшылыққа алады.

251. Метрологиялық қамтамасыз ету жағдайына техникалық талаптарға сәйкес ведомстволық қадағалау орындалады.

252. ӨҚ есепке алу мына құжаттардың негізінде жүргізіледі:

- 1) қызметтегі бар ӨҚ есепке алу, бақылау және сынау ведомосы (осы Ережелердің 26 қосымшасы).
- 2) ӨҚ қозғалысы есеп журналы (27 қосымша);
- 3) ӨҚ тексеру кестесі (28 қосымша) жатады.

253. ӨҚ тексеру ГОСТ 8.002-86 талаптарына сәйкес орындалады.

254. Бұзылған және тексеруден өтпеген ӨҚ қолдану рұқсат етілмейді.

255. ӨҚ тексеру кестесі бөлек әр жылға мемлекеттік және ведомстволық тексеруге жататын ӨҚ жасалады.

256. ӨҚ мемлекеттік тексеру кестесі ЖЖМҰ метрологиялық бөлімімен және Мемстандарттың территориялық органымен.

257. Ведомстволық тексеру кестесі метрологиялық бөлімімен келісіледі және ЖЖМҰ басшысымен бекітіледі.

258. Белгілі кезеңде олардың пайдалануы жоспарланбайтын ӨҚ мерзімді тексеру кестесіне кіргізбеуге рұқсат етіледі. Мұндай аспаптардың тізімі метрологиялық бөліммен келісулі және ЖЖМ ұйымы басшысымен бекітілу болу керек.

259. Нормаланған дәлдігі бар олардың сандарын бағалауынсыз шамаларды өлшеуге бақылау үшін қолданылатын ӨҚ тексеруге жатпайды. Осы құралдар мен

олардың пайдалану құжаттарында "И" деген белгі жасалу керек. Осындай құралдар тізімі метрологиялық қамтамасыз етуге жауапты адаммен құрастырылады, ЖЖМҰ метрологиялық бөлімімен келісіледі.

260. ЖЖМ қызметінің аналитикалық (химиялық) зертханаларын метрологиялық аттестациялау іс жүзіндегі нормативтік-техникалық құжаттар талаптарына сәйкес жүргізіледі.

261. Оператордың кәсіби дайындығы мен сынақтарды өткізу шарттарымен байланысты шұғыл және әдістемелік ауытқуларды азайту үшін кезеңдік үш деңгейде жүргізілетін ЖЖМҰ авиа ЖЖМ талдау нәтижелері қайтарымдылығының тексеруін жүргізіп отыру қажет:

бірінші деңгей - тексеру келісім негізінде бойынша АА МемҒЗИ-мен ұйымдастырылады және базалық және 1-класты ЖЖМ зертханаларында жүргізіледі: ЖЖМҰ ең маңыздылары екі жылда бір рет тексеріледі;

екінші деңгей - тексеру ЖЖМ негізгі зертханасымен ұйымдастырылады және Ж Ж М Ұ жыл сайын өткізіледі;

үшінші деңгей - тексеру ЖЖМ зертханасының ішінде жүргізіледі; онда 2-3 қызметкер бар болғанда тексеріс квартал сайын инженердің өзімен инженер өзі-лаборатория басшысымен жүргізіледі.

6 Тарау. Қазақстан Республикасы азаматтық авиациясында арнайы сұйықтықтар мен авиациялық жанар-жағар материалдарды бақылау, қабылдау, сақтау, құюға жіберуге дайындау және сапасын бақылау & 1. ЖЖМ қолдану шарттары

262. Шетел әуежайларында Қазақстан Республикасында азаматтық авиациясының авиатехникасын, шетел әуе компаниялары авиатехникасының транзитті ұшуын немесе Қазақстан Республикасы әуежайларында жеке иеленушілерін авиа ЖЖМ-мен қамтамасыз ету тиісті контрактармен немесе келісім шарттарымен анықталады.

263. Авиа ЖЖМ ӘК-нде қолдануға дайындау және сапасын бақылау сертификацияланған қызметшілер орындайды. Авиаотынмен қамтамасыз ету бойынша ұйым сертификатының болуы арнайы сұйықтықтар мен авиа ЖЖМ сапасын бақылау үшін және май құюға жіберуге дайындау, сақтау, қабылдау, орындау үшін қажетті шарт болып табылады.

264. ЖЖМ қызметі үшін белгіленген ПРАГСМ толық көлемінде авиа ЖЖМ ӘК ұшуларын қамтамасыз ету бойынша Қазақстан Республикасы азаматтық авиациясында қабылданған сертификаттық талаптарға жауап береді және оларға жататын бөлігінде авиа ЖЖМ ӘК ұшуларын (ұшу қызметі, АКҚ, ИАҚ)

қамтамасыз етуге қатысатын, әуекомпаниялар мен аэроландар басқа қызметтерімен орындауға жатады.

265. Май құюға дайындау, сақтау, қабылдау тәртібі және қабылдау (бұдан әрі - П Р А М С) :

1) Авиа ЖЖМ қабылдау, сақтау, сапасын бақылауға және пайдалануға рұқсат беру тәртібін ;

2) ӘК жүйелеріне қабылдау, сақтау, қотару және май құюға дайындау кезінде олардың жөнді жұмыс істеуін қамтамасыз ететін техникалық құралдар мен технологиялық жабдықтарды техникалық күтімдеу тәртібі;

3) ӘК-нің әртүрлі типтерінде қолдануға рұқсат етілген авиа ЖЖМ ассортименти және оларды қолдану тәртібі;

4) ӘК-не май құюға авиа ЖЖМ жарамдылық белгілері;

5) ӘК-не май құюға жіберуге авиа ЖЖМ дайындау технологиясы;

6) ӘК жүйелерінде және ЖЖМ қоймасында тұрған кезде авиа ЖЖМ сапасын сақтау жөнінде негізгі шараларды анықтайды.

266. Авиа ЖЖМ-мен жұмыс істеу тәртібі авиа ЖЖМ-ды ӘК-не май құюға беру мен қолдануға дайындау технологиялық карталарды авиаотынмен қамтамасыз ету бойынша, сонымен қатар қызметкерлерге лауазымдық нұсқаулар ұйымдарымен әзірлену үшін негізгі құжат болып табылады.

&2. Қазақстан Республикасы азаматтық авиациясының ӘК-нде авиа ЖЖМ-ды қолдануға рұқсат ету тәртібі

267. ӘК-нде қолдануға ӘК ұшуда пайдалану жөнінде Басшылықта, техникалық күтімдеу бойынша Басшылықта тиісті талаптарында белгіленген авиа ЖЖМ маркалары рұқсат етіледі.

268. ӘК жүйелеріне авиа ЖЖМ-ды шартқа сәйкес өнім ретінде құюға жіберуге рұқсат ету үшін негіздері - құжаттармен расталған авиа ЖЖМ-дың берілген маркасын жасауға олардың ГОСТ (ТУ) нормаларына сәйкес келу болып табылады, ал авиациялық отындар, майлар және арнайы сұйықтықтар үшін, бұдан басқа - осы Ережелермен сәйкес авиаотынмен қамтамасыз ету бойынша ұйымдар ЖЖМ қоймаларында рет-ретімен жасалынатын олардың дайындығынан өту болып табылады.

269. АвиаЖЖМ сапасы мен сәйкестігін дәлелдейтін құжаттар өндірушінің паспорты, ал құймалы көлікпен немесе құбыр арқылы жеткізілетін авиа ЖЖМ үшін - жіберуге жарамдылығын көрсететін сапа анализі және бақылау талоны де болып табылады.

270. Өндірушінің паспорты авиа ЖЖМ-дың осы маркасын жасауға кіретін ГОСТ (ТУ) физика-химиялық және пайдалану көрсеткіштерінің толық кешені көлемінде анализ нәтижелерін және ГОСТ (ТУ) өнімнің осы партиясының сәйкестігі туралы қорытындыны қамтиды.

271. Жіберуге жарамдылығын көрсететін авиа ЖЖМ сапасының анализі отынмен қамтамасыз ету бойынша ұйымның ішкі құжаты болып табылады. Ол нақты Ережелермен белгіленген көрсеткіштер кешені бойынша, авиа ЖЖМ өткізілген талдау нәтижелері мен қорытындысын қамтиды және қоймаға қабылданған құймалы өнім өндіруші паспортында көрсетілген маркаға сәйкес келеді және оны қоймаға беруге жарамдылығы сақталады, қабылдауда және сақтауда ол қорытындыда ескеріледі. Беруге жарамдылығы туралы қорытындысы жоқ құю өнімдері ӘК жүйесіне май құюға рұқсат етілмейді.

272. Бақылау талоны май құю құралына және оның ыдысынан немесе ол арқылы ӘК жүйесіне айдалатын авиа ЖЖМ-ға беріледі. Бақылау талонын ресімдеу үшін негіз май құюға жарамдылығына сапа анализі қорытындысы және өнім тазалығын бақылау нәтижелері және құю құралдарының дайындығы болып табылады.

273. Қазақстан Республикасы азаматтық авиациясында ӘК қолданылатын арнайы сұйықтар мен авиациялық отын, май, майлаулар номенклатурасы осы Ережелердің 29, 30, 31, 32, 33, 34 қосымшаларында келтірілген.

&3. Авиа ЖЖМ сапасын бақылау

274. ӘК жүйелеріне жіберуге авиа ЖЖМ-ды дайындау кезінде бақылаудың мынандай түрлері белгіленеді: кіретін жердегі, қабылдайтын жердегі, қоймалық және аэроландық.

275. Кіретін жердегі тексеру кез келген көлікпен жеткізілген өндірушіден (жеткізіп берушіден) түскен авиа ЖЖМ-дың әр партиясын тұтынушы қоймасына қабылдау кезінде орындалады және:

1) түсетін көлік құралдары мен ыдыстардың сәйкестігін, сонымен қатар ондағы өнімнің және ілеспе құжаттамасын анықтау үшін;

2) түскен құйылатын авиа ЖЖМ-дың тазалығын бағалау үшін арналады.

Кіретін жердегі бақылау нәтижелері бойынша түскен өнімді қоймаға қабылдау тәртібі туралы шешім қабылданады, ол резервуар бойынша журналға және/немесе ауысымды тапсыру журналына жазылады.

276. Құйылатын авиа ЖЖМ-ды қабылдайтын бақылау өнім қабылдауын бақылаудан кейін және резервуарға басқа партия өнімін үстемелеп құйғаннан соң о р ы н д а л а д ы .

Қ а б ы л д а й т ы н б а қ ы л а у :

1) осы резервуардағы өнімнің маркасын тексеру үшін арналған;
2) қоймаға қабылдау немесе тасымалдау барысында авиа ЖЖМ-ды, араластыруға рұқсат етілмеген химиялық заттар немесе авиа ЖЖМ-ды басқа маркалары немесе түрлерімен араласу нәтижесінде шартқа сәйкес емес авиа ЖЖМ-ды дайындау технологиялық процеске қатыстыру мүмкіндігін болдырмау үшін арналған. Қабылдайтын бақылау 87 қосымшадағы 5 графаға сәйкес авиа ЖЖМ-дың физика-химиялық көрсеткіштерін анықтау мен оның тазалық деңгейін белгілеуді қамтиды.

Құймалы көлікпен түскен авиа ЖЖМ-ды қабылдайтын жердегі бақылаудың нәтижелері қанағаттанарлық болғанда, белгіленген форма бойынша (88 қосымша) осы резервуардан өнімді жіберу үшін жарамдылық талдау ресімделеді. Жарамдылықты көрсететін талдау резервуардағы тексерілген өнім жұмсалғанша жарамды болады, бірақ 1 жылдан артық емес уақытқа (авиаотындар мен авиамайлар үшін) және 6 айға (СКҚ сұйықтық үшін) жарамды.

277. Қоймалық бақылау авиаотын мен авиамайлар 6 ай сақталған соң және осы резервуарда СКҚ сұйықтық 3 ай сақталғаннан кейін жүргізіледі.

Қ о й м а л ы қ б а қ ы л а у :

- 1) сақталатын өнім сапасының параметрлерінің өзгеру деңгейін анықтау үшін ;
- 2) өнімнің қолдану немесе ары қарай сақтау мүмкіндікті растау үшін арналған .

Қоймалық бақылау 87 қосымшадағы 9 графаға сәйкес авиа ЖЖМ-дың физика-химиялық көрсеткіштері мен оның тазалық деңгейін анықтауды қамтиды. Қоймалық тексеру нәтижелері бойынша құюға осы резервуардан өнімді жіберу немесе сақтауға жарамдылық туралы шешім қабылданады.

Қоймалық бақылау нәтижесі қанағаттанарлық болғанда, іс жүзіндегі жарамдылық талдауында өткізген күн көрсетумен белгі қойылады. Көрсеткіштердің өзгерген өлшемдері тиісті жарамдылық талдау графасына енгізіледі.

278. Аэроландық бақылау қолдануға жарамды өнімді нақтылы құю құралы ыдысынан және жұмсалатын резервуардан құюға жіберуге дайындығын р а с т а й д ы .

Аэроландық бақылау нәтижелері қанағаттанарлық болғанда, бақылау талоны 89-92 қосымшасының формасы бойынша ресімделеді. Ол осы құю құралы арқылы дайындалған авиа ЖЖМ-дың белгілі маркасын ӘК май құюға жіберуге рұқсат етілгендігін куәландырады. Бақылау талонының жарамды мерзімі - шығыс резервуардан өнімнің жұмсалуды аяқталғанға дейін, бірақ өнімнің берілген партиясын жіберуге дайындығын көрсететін анализдің жарамды мерзімінен артық емес уақытқа жарамды.

279. Қолдануға авиа ЖЖМ-ды дайындау процесіне авиа ЖЖМ-ды енгізу алдында немесе сақтау барысында авиа ЖЖМ сапасының өзгеру ЖЖМҰ басшысы ұйым басшысының шешімі бойынша сапаны бақылау уақытынан ерте жүргізілу мүмкін. Бұл жағдайда сынама таңдау орны мен сапаның бақыланатын көрсеткіштер тізімі отынмен қамтамасыз ету бойынша ұйым басшысымен белгіленеді.

280. ЖЖМ қоймасына түскен авиа ЖЖМ-дың сапасының ГОСТ(ТУ) талаптарына сәйкес келмеу немесе сапаның жасырын ақаулығы табылған кезде, тұтынушының өтініші бойынша арбитражды бақылау жүргізіледі. Арбитражды бақылау әр жағдайда көрсеткіштердің белгілі тізімі бойынша Қазақстан Республикасы территориясындағы азаматтық авиация жанар-жағар май базалық зертханасы орындайды. Бақылау нәтижесі бойынша Қазақстан Республикасы жанар-жағар май базалық зертханасы өнімді қолдану шарттары туралы қорытындымен арбитраж талдауын береді.

281. ӘК жүйелерінен авиа ЖЖМ сапасын бақылау, ӘК-дегі нормативті-техникалық құжаттармен белгіленген мерзімімен және зерттеу әдістерімен, көрсеткіштер көлемінде тұтынушының жанар-жағар май зертханасымен жүргізілуі мүмкін. Бақылау нәтижелері бойынша көрсетілген сынамаға зерттеу кезінде анықталған параметрлер бар талдау беріледі (93 қосымша).

282. Апаттық және істен шыққан ӘК-нің агрегаттарынан алынған шөгінділердің, тұнбалардың және авиа ЖЖМ-дың сапасын бақылау аналитикалық химияның стандартталған және аспаптық әдісімен зерттеуді өткізуді өзіне қамтиды және алынған нәтижелер ӘК жүйесінде оны қалыпты пайдалануда және істен шыққанда нақты өнімнің сапа деңгейі бойынша "мәліметтер жиынтығымен" сәйкестігін белгілейді.

Авиациялық оқиғаны (қақтығыстарды) тексеретін комиссия нұсқауы бойынша зерттеу объектілерін бақылау, анализдер бар қорытындыны Тапсырыс берушіге тапсырыс етумен, Қазақстан Республикасының азаматтық авиация жанар-жағар май базалық зертханасы жүргізеді.

&4. ЖЖМ сынамаларын таңдау және оларды тасымалдау

283. Май құю, сақтау, тасымалдау құралдарынан алынған авиа ЖЖМ сынамалары авиа ЖЖМ сапасының осы Ереженің талаптарына сәйкестігін анықтау үшін таңдалады.

ӘК агрегаттары мен жүйелерінен алынған авиа ЖЖМ сынамалары,

агрегаттар мен жүйелерді пайдалануға дайындығы мен техникалық қызмет көрсету бойынша регламенттік жұмыстардың толық орындалуын, сапасы мен олардың тазалық деңгейін анықтау үшін алынады.

284. Авиа ЖЖМ-дың алынатын сынамалары маңызды болуға тиіс.

С ы н а м а л а р м а ң ы з д ы л ы ғ ы :

1) осы Ережеде айтылған мерзімділікпен және белгіленген тәсілмен оның көлемінің белгілі бөлігінен авиа ЖЖМ-дың тапсырылған көлемін алумен;

2) сынамаларды арнайы дайындалған ыдысқа алумен;

3) сынамаға қосымша келтірілген құжаттаманың қажетті көлемі мен н а қ т ы л ы ғ ы м е н ;

4) тығындау ережелерін сақтау және зерттеу, сақтау орнына жеткізумен ж е т к і з і л е д і .

ЖЖМ қоймаларының технологиялық жабдығы мен май құю және тасымалдау құралдарынан сынамаларды таңдап алу авиотынмен қамтамасыз ету бойынша ұйымның техникалық қызметшілерімен орындалады.

285. Жіберуге дайындау кезінде авиа ЖЖМ сынамаларын таңдап алу ГОСТ 2517 талаптарына сәйкес орындалады. Сынамалар мынандай түрлерге бөлінеді:

1) н ү к т е м е л і к ;

2) б і р і к т і р і л г е н ;

3) т ү б і н д е г і .

Нүктемелік сынама - ГОСТ және Ережемен белгіленген таңдау орнынан бір р е т т е а л ы н а т ы н с ы н а м а .

Біріктірілген сынама - ГОСТ белгілеген қатынас мөлшерлерде нүктелік сынамаларды араластыру нәтижесінде құрастырылған сынама.

Түбіндегі сынама - сүзгіш-сепаратордың, сүзгіштің, құю құралының, тұндырғыштың, ыдыстың төменгі бөлігінен немесе құбырдың не резервуардың тұнба төгетін төменгі кранынан (сифоннан) алынған нүктемелік сынама.

ӘК-мен қақтығыстар мен авиациялық оқиға болған жағдайда авиа ЖЖМ-дың сынамаларын таңдап алу тәртібі осы Ереженің 42 қосымшасында айтылған.

286. Авиа ЖЖМ сынамаларын төгу құрылғылары (ОК, МҚ ыдысының тұндырғыштары, сифондар, резервуарлардың төменгі крандары, суайыру мен тазалау құралдарының тұндырғыштары) арқылы таңдап алғанда, төгу краны толық ашық кезде біртекті өнімнің пайда болуына дейін, $0,5 \text{ дм}^3$ -ден аз емес, алдын ала тұнбаны төгумен орындалады.

287. Сынамалар көлемі авиакеросиндер мен авиажанармайлар үшін $1,5 \text{ дм}^3$ -ден кем емес, ал авиа ЖЖМ-дың басқа түрлері үшін - $0,7 \text{ дм}^3$ -ден кем емес

Авиаотындар мен авиамайлардың тазалық деңгейін тексеру үшін алынатын сынама көлемі $0,5...0,8^3$ дм мөлшерді құрау тиіс.

288. Авиа ЖЖМ сынамасын таңдап алу тұтынушының жанар-жағар май зертханасы дайындаған ыдысқа (ыдыс-аяққа) алыну тиіс, ол туралы сынама алу актісінде тиісті белгі қойылады.

289. Сынамалары бар бөтелкелер, төсемдері бар бұрамалық қақпақтармен немесе тығындармен нығыз жабылуға тиіс, олардың төсем материалы авиа ЖЖМ-да ерімеу керек. Резеңке немесе қабықты қақпақ қолданылған кезде оларды орау үшін полиэтилен пленкасы пайдаланылады. Бөтелкенің мойынын полиэтилен немесе басқа нығыз пленкамен орау және жіппен байлауы тиіс, оның ұштары этикетка тесігіне өткізіледі. Жіп ұштарын пломбылайды және картоннан, ағаштан немесе басқа материалдан істелген пластинкаға сургуч (шайыр) құяды және мөр басылады. Бөтелкеге этикетка жапсыруға рұқсат етіледі.

290. Этикеткада мыналар көрсетілу тиіс:

1) сынамаларды таңдау есепке алу журналы немесе сынамаларды тіркеу журналы бойынша сынама нөмірі;

2) өнімнің атауы, маркасы;

3) резервуар нөмірі, сынама қандай мөлшерден алынғаны, ыдыс, цистерна партиясының нөмірі, кеме атауы, сынама алынған танкінің нөмірі;

4) сынама алынған күн;

5) өнімге ГОСТ(ТУ) атауы;

б) сынаманы таңдап алған және мөр басқан тұлғалардың қолдары және фамилиялары.

291. Сынамаларды таңдап алу актімен (95 қосымша) ресімделеді және журналға тіркеледі.

Авиациялық оқиға (қақтығыс) себептерін тексерумен байланысты ӘК-нен алынған авиа ЖЖМ сынамаларын жіберген кезде актіде еркін түрде сынамаларды таңдап алу технологиясы айтылуы керек. Онда тұнбаның қандай көлемі төгілгені, бұл тораптан сынаманы таңдап алу қашан орындалғаны белгілеу және айтылу керек, сынаманы таңдап алу нүктесі дәл көрсетіледі және сынама алынған жабдықтың күйі, қоршаған орта күйі, ыдысты кім дайындағаны, біріктірілген сынама құру үшін қандай нүктелік сынама таңдап алынғаны көрсетіледі. Егер таңдап алу, осы Ережемен белгіленген мөлшерден аз орындалса, онда бұның себебі көрсетіледі, сонымен қатар сынамаларды таңдап алу үшін аралық ыдыстарды (құрылғыларды) қолдану көрсетіледі.

292. Сынамалар зерттеуге іліспе хатпен жіберіледі, онда зерттеуді өткізу мақсаты көрсетіледі. Хатқа міндетті түрде осы ережелерде ұсынылған

мәліметтерді қамтитын сынаманы таңдап алу актісі қоса тіркеледі.

Авиа ЖЖМ сынамаларын тасымалдау және дайындау тәртібі "Әуе көлігімен қауіпті жүктерді тасымалдау Ережелерінде" келтірілген.

&5. Қазақстан Республикасы азаматтық авиациясының әуежайлары мен әуе компанияларында авиа ЖЖМ анализін жүргізу

293. 87 қосымшада көрсетілген тізім бойынша авиа ЖЖМ сапасының физика-химиялық көрсеткіштерінің анализдері тұтынушының арнайы жанар-жағар май зертханаларында орындалады.

Авиамайлар мен авиаотындардың тазалық деңгейін тексеру сынамаларды таңдап алу орнында (ЖЖМ қоймасында, арнайы көлік тұрағында, ұшу алаңында) орындалады.

294. Тұтынушының жанар-жағар материалдары зертханасы авиа ЖЖМ-ды қоймалық және қабылдайтын жердегі тексеру көлемінде, 87 қосымша бойынша анализдерді өткізу үшін, ӘК жүйелерінен алынған авиа ЖЖМ тазалығының анализі үшін жабдықтарды және оның авиа ЖЖМ сапасына өткізілген анализдер нәтижесінің дұрыстығы мен сенімділігі туралы ҚР Мемстандарттың қорытындысы болу керек.

295. Анализге зертханаға түскен авиа ЖЖМ сынамалары сынамаларды тіркеу Журналында тіркеледі (осы ереженің 44 қосымша).

296. Авиа ЖЖМ тазалығы мен сапасына анализ жүргізу метрологиялық жағынан тексерілген өлшеу және сынау құралдарында орындалады.

ӘК-не құюға жіберуге дайындалған авиаотынның тазалық деңгейін тексеру көзбен шолып және отын сапасының индикаторын (бұдан әрі - ОСИ) пайдаланатын ПОЗ-Т ыңғайланған құралдың (ПЭК-Т индикаторының) көмегімен орындалады. Авиамайлардағы судың мөлшері көзбен шолып және ГОСТ 1547 бойынша "тырсылдату" әдісімен анықталады.

Авиаотынның тазалығы таңдап алынған сынамасы бар әйнек цилиндрді (бәнді) жарық сәулесіне қарау арқылы көзбен шолып тексеріледі. ОСИ көмегімен тазалықты тексеру әдістемесі осы ереженің 44 қосымшада келтірілген.

297. Авиа ЖЖМ сапасының физика-химиялық көрсеткіштерінің талдау нәтижелері, егер олардың мөлшері рұқсат ету шегінің мөлшерінен аспаса, қанағаттанарлық деп есептеледі.

Тазалық тексеру нәтижелері мынандай жағдайларда қанағаттанарлық болып табылады: көзбен шолып тексеру кезінде көрінетін ластау бөлшектері, мұз

кристалдары, су тамшылары жоқ болғанда және/немесе ОСИ-ның сары қабатында екіден артық емес көкшіл дақ болғанда, ал ақ қабатында - жоғарғы тексеруден жарығырақ із.

298. Зертхана орындаған сынамалардың талдау нәтижелері талдауларды тіркеу журналына енгізіледі осы Ереженің 46, 47, 48 қосымшалар. Талдаудың реттік саны талдауға түскен сынаманың нөмірі бойынша сынамаларды тіркеу журналына жазылады.

Журналдың "Қорытынды" деген графасына "(авиа ЖЖМ түрі) маркасы жіберуге жарамды (жарамсыз)" деп жазылады.

Майқоспалары немесе СКҚ сұйықтықтар қоспасын талдау кезінде майқоспасының маркасы немесе СКҚ сұйықтықтар қоспасының құрамын көрсетіп "Қоспа нормативтеріне сәйкес келеді (сәйкес келмейді)" деп жазылады.

Қорытындыға талдау орындаған техник-лаборант және зертхананың инженер-басшысы немесе оған бұл міндеттер әуежай не әуе компаниясының басшысының нұсқауымен жүктелген басқа жауапты тұлғаның қолы қойылады.

299. Сынамалардың талдауын өткізу кезінде жазылулар мен есептеу техник-лаборанттың жұмыс журналында орындалу керек. Бұл жазуларды бөлек парктарда жүргізуге рұқсат етілмейді.

300. Жаппай анықтау нәтижелерін жазу үшін бөлек журнал жүргізуге рұқсат етіледі (авиакеросиндегі СКҚ сұйықтықтың мөлшері, авиамайларда судың жоқтығын тексеру және т.б.). Арнайы сұйықтықтарға арналған Журналдың типтік формасы осы Ереженің 49 қосымшасында келтірілген.

301. Қабылдайтын жердегі тексеру көлемінде авиа ЖЖМ сапасының талдау нәтижелері қанағаттанарлық болғанда тұтынушының жанар-жағар май зертханасы жіберуге жарамдылық анализін береді. Жіберуге жарамдылық анализіне зертхана басшысы (немесе оның орынбасары ретіндегі тұлға), талдауды жүргізген орындаушының қолы қойылады және авиаотынмен қамтамасыз ететін зертхана немесе ұйымның мөрімен расталады.

302. ӘК жүйесінен алынған жұмыс істеген авиа ЖЖМ барлық керекті параметрлерді қамту керек. Егер зерттеу қойылған мақсатқа (тексерілетін көрсеткіштер көлемі осы зертхананың мүмкіндігінен асады) жетпесе, сынамалар зерттеуге базалық зертханаға жіберіледі.

303. Жанар-жағар май зертханасында тұтынушы қоймасында сақталатын және жұмсалатын авиа ЖЖМ-ға берілген талдауы, сонымен қатар ПАНХ қону алаңшалары мен уақытша аэроалаңдарға берілген талдаулардың жарамды мерзімін бақылау графигі орындалады.

304. Авиа ЖЖМ-ды уақытша аэроалаңдар мен қону алаңшаларына жіберу кезінде ЖЖМҰ басшысы қолымен және мөрмен куәландырылатын

жіберуші-кәсіпорынның жанар-жағар май зертханасының талдау нәтижесінің көшірмесі беріледі.

305. Сынамаларды таңдап алу актілері, талдаулар, бақылау талондары және өндіруші (жеткізіп беруші) паспорты өнімнің әр партиясынан 1 данадан, өнімнің осы партиясы жұмсалғаннан кейін 3 айдан кем емес уақыт ішінде тұтынушының зертханасында сақталады.

306. Техник-лаборанттардың ауысымдық жұмысы кезінде зертханада ауысымды өткізу журналы жүргізілу керек, онда еркін түрде төмендегі мәліметтер жазылады:

- 1) тұтынушыларға түскен авиа ЖЖМ және олардың сапалық күйі;
- 2) ауысым аяғына дейін аяқталмай қалған сынамалар талдауы;
- 3) жіберу орындалатын авиа ЖЖМ маркасы бойынша шығын резервуарларының нөмірлері;
- 4) авиа ЖЖМ-ға берілген талдау нөмірлері;
- 5) зертханалық жабдықтың күйі.

&6. Авиа ЖЖМ-ды құюға жіберуге дайындау

307. Теміржол, теңіз (өзен), автомобиль көлігімен немесе келтекұбырмен құю арқылы түсетін авиа ЖЖМ-ды құюға жіберу үшін дайындау бойынша операциялар мыналарды:

- 1) тасымалдау құралдарынан құю;
 - 2) резервуарларда сақтау;
 - 3) сұзу;
 - 4) сапасы мен тазалығын бақылау;
 - 5) СКҚ сұйықтықты қосу;
- б) құю құралдарына және орталық май құю жүйесінің жүйесіне жіберуді қамтиды.

Техникалық құралдар мен технологиялық жабдықты техникалық күтімдеу бойынша реттейтін жұмыстарды жүргізу операциялардың құрылымдық бөлігі болып табылады.

Зауыттың орамасында түскен (гидрожүйелерге арналған жұмыс сұйықтықтары, иілмелі майлайтын заттар және майлар) авиа ЖЖМ-ды құюға жіберу үшін дайындау операциялары мыналарды қамтиды:

- 1) ыдыс тұратын орынды, қабылдау мен сақтау орындарын дайындау;
- 2) зауыттық орамада сақтау;
- 3) сақтау кепілдік мерзімі ішінде тапсырыс бойынша тұтынуға жіберу.

308. Толық көлемде дайындау бойынша операцияларды өтпеген авиа ЖЖМ май құюға жіберілмейді.

&7. Авиа ЖЖМ-ды қоймаға қабылдау

309. ЖЖМ қоймасына құймалы көлікте өнімнің түсуіне дейін:

- 1) авиа ЖЖМ-ды қабылдауға арналған резервуарлардың технологиялық жабдығының дұрыс істеуін тексеру;
- 2) тауар астындағы судың бар екендігін анықтау, оны төгу, сынамаларды таңдап алу және қабылдауға арналған резервуарлардағы авиа ЖЖМ қалдығының тазалығын бақылау;
- 3) пломбасыз ыдыстарда, істен шыққан көлік құралдарында төлқұжатсыз авиа ЖЖМ түсуде немесе ластанған авиа ЖЖМ-дың түсу жағдайында жеке резервуарды дайындау;
- 4) қабылдауға арналған резервуарларда авиа ЖЖМ қалдығының мөлшерін өлшеу;
- 5) авиа ЖЖМ қалдығының маркасы мен сапасын өндіруші (жеткізіп беруші) паспорты бойынша тексеру және жіберуге жарамдылық анализін қорытындылау;

6) сынамаларды таңдап алу және талдау мен тексеруді жүргізу үшін ыдыс пен құрал-саймандарды дайындау орындалады.

Авиакеросинді құбырмен қабылдау жағдайында қабылдауды бастауға дейін құбырлар коммуникациясының дұрыс істеуін, тазалау мерзімінің сақталуын бақылау керек және жеткізіп беруші паспортында оң қорытынды бар туралы ақпарат алуға тиіс. Магистраль соңындағы тұндырғыш сүзу алдында жиналып қалған ластаулардан тазартылады.

310. Құйылыс астына көлік берілгеннен кейін кіретін бақылауда:

- 1) теміржол цистерналарының күйі, цистерналардағы пломбалардың бар болуы және жөнділігі, сонымен қатар төменгі төгу аспаптарының тазалығы;
- 2) келген авиа ЖЖМға паспорттардың болуы және паспорттағы көрсеткіштердің нақтылы мөлшерінің ГОСТ(ТУ)-ға сәйкес келуі тексеріледі. Құбыр арқылы жеткізу кезінде сапа көрсеткіші бойынша мәліметтер, паспорт нөмірі және өнімнің ГОСТ-қа сәйкес келу туралы қорытындының бар екендігі телефон (телеграф, факс) арқылы беріледі;
- 3) теміржол, автоцистерналардың және кеме танкілері нөмірлерінің көліктік құжаттамасы мен паспортта көрсетілген нөмірлерге сәйкес келуі;
- 4) ыдыстарда таңбалардың болуы және олардың түсіру құжаттарына сәйкес келуі, ыдыстардың жөнділігі;
- 5) құбырлардың, шлангілердің, жеңдердің, ұштықтардың ажырайтын қосылысының күйі тексеріледі.

Ажырайтын қосылыстарды, төгу шлангілерін, төгу ұштықтарын ары қарай сұртумен ластанудан, шаңнан, таттану ізінен тазарту орындалады. Төменгі

құйылыс қондырғысының қосатын бастиегінде таттану, кір және шаңның ізі болмау тиіс. Жоғарғы құйылыс кезінде цистерналардың люктері брезент қаптармен жабылу керек.

311. Авиа ЖЖМ-ды құюға дейін көліктерден өнімнің тазалығын тексеру үшін , салмақ тығыздығын талдау үшін және акт толтырумен арбитражды сынама құрастыру үшін нүктелік сынамалар іріктеп алынады.

Қабылданатын өнімнің салмақ тығыздығын талдау көлік ыдысындағы өнімнің температурасы орташа болғанда орындалады. Стандарт температураға келтірілген тығыздықтың белгілі өлшемі мен паспортта көрсетілген өлшемі арасындағы айырмашылық $0,002 \text{ г/см}^3$ -ден аспау керек.

Авиа ЖЖМ тазалығын (ластану деңгейін) бақылау көзбен шолып жүргізіледі.

312. Өнімді ЖЖМ қоймасының қабылдау немесе жұмсалыу резервуарына құю туралы шешімді қабылдау кіріс бақылау нәтижелері қанағаттанарлық болғанда рұқсат етіледі. Құйылыс штаттық құбыр коммуникациялары бойынша жүргізіледі.

313. Салмақ тығыздығын талдау нәтижелері қанағаттанарлықсыз болғанда, паспорт жоқ болғанда, көлік ыдыстарының герметикалылығы бұзылғанда, көлік құралынан белгіленген тәртіппен комиссия актісі ресімделумен авиа ЖЖМ нүктелік сынамалары және түбіндегі сынамалар іріктеп алынады. Өнімді, мүмкін болса, бөлек құбыр коммуникацияларымен, бөлек резервуарға құю туралы және таңдап алынған сынамалар зерттеуін жүргізу туралы шешім қабылданады.

Кіріс бақылау кезінде тазалық бақылау нәтижелері қанағаттанарлықсыз болғанда, өнім, мүмкіндігінше, бөлек құбырмен, алдын ала сүзу сатысын өтіп кетіп, қабылдау резервуарына құйылады. Мұндай өнім дайындау тәртібі туралы шешім өнімнің ластану дәрежесіне байланысты қабылданады.

314. Авиа ЖЖМ-ды құю барысында:

- 1) резервуарды толтыру деңгейі бақыланады;
- 2) түйін мен қосылыстардың герметикалылығы бақыланады;
- 3) құйылыстың әр 3 сағаты сайын тұнбаны төгу жүргізіледі және сүзу құралдары тұндырғыштарының төгу крандарынан іріктеп алынған сынамалар тазалығын көзбен шолып бақылау сонымен қатар сүзу құралдарындағы қысымның ауысып түсу бақылауы орындалады. Құбырмен қабылдау кезінде авиакеросиннің тазалығын бақылау қотарудың басында және қотарылған өнімнің әр 500 м^3 сайын бірақ 3 реттен кем емес: қотарудың басында, ортасында және аяғында қабылдау құбырында сынаматандағыштан алынған сынамаларда жүргізіледі.

315. Құйылыс аяқталғаннан кейін:

- 1) өндіруші (жеткізіп беруші) паспорттың түскен цистерналардың нөмірлері,

өнімнің құйылған күні, өнім құйылған резервуарлар нөмірлері туралы белгі қойылады, құйылыстың орындалуына басшылық еткен адамның фамилиясы көрсетіледі ;

2) құйылыс аяқталған соң (резервуар толған соң) 30 минуттан кейін, одан ерте емес, қабылдайтын бақылауды жүргізу үшін нүктелік және түбіндегі сынамаларды таңдап алу орындалады.

316. Кіріс бақылау нәтижелері қанағаттанарлық болғанда, жіберуге жарамдылық анализі ресімделеді. Өнім ӘК май құюға дайындау үшін тікелей пайдаланыла алады немесе сақтауға қойылу мүмкін.

317. Кіріс бақылау кезінде сапаны бақылау нәтижелері қанағаттанарлықсыз болғанда, нүктелік және түбіндегі сынамаларды таңдап алу және олардың тұтынушының жанар-жағар материалдары зертханасының жарамдылық анализі мен жеткізіп беруші паспорттарының көшірмелері мен ілеспе құжаттаманы қоса тіркеумен Қазақстан Республикасы азаматтық авиация базалық зертханасына жіберу орындалады.

318. Өнімді дәнекерленген немесе басқа герметикалық зауыт ыдысында жеткізіп бергенде, оның түсуіне дейін ыдыс қоймасында авиа ЖЖМ-дың түрі мен маркасы бойынша жеке сақтау орындары дайындалады.

319. Өнім ыдыста жеткізілген кезде, ілеспе құжаттамасы, өндіруші (жеткізіп беруші) паспорты, ыдыста таңбаның болуы, ыдыстың сақталғандығы (кіріс бақылау) орындалады .

Кіріс бақылау нәтижелері қанағаттанарлық болғанда, өнім қабылданады және ТУ-ға сәйкес қоймаға қойылады.

320. Зауыттың ыдысында өнімнің кіріс бақылау нәтижелері қанағаттанарлықсыз болғанда :

1) ілеспе құжаттамасы немесе өндіруші (жеткізіп беруші) паспорты жоқ болған кезде, өнімді ұтымды пайдалану туралы шешім оны алғаннан кейін қабылданады ;

2) таңба жоқ болған кезде немесе ыдыс азғантай бүлінгенде (бөтен өнімнің түсуі мүмкіндігі жоқ), өнім бөлек қойылады, сынамалар таңдап алынады және осы Ереженің 35 қосымшасының 5 графасындағы көрсеткіштер көлемінде олардың анализі орындалады. Өнімді ұтымды жұмсау туралы шешім талдау нәтижелері негізінде қабылданады ;

3) ыдыстың герметикалылығы бұзылған кезде, егер қабылданатын өнімге бөтен заттардың түсуі мүмкін болса, өнім бөлек қойылады, сынамаларды таңдап алу жүргізіледі және оларды Қазақстан Республикасы азаматтық авиация базалық зертханасына жіберу орындалады. Өнімді пайдалану туралы шешім Қазақстан Республикасы азаматтық авиациясы базалық зертханасының қорытындысы негізінде қабылданады.

&8. Авиа ЖЖМ сақтау

321. Тұтынушыларға түскен авиа ЖЖМ қабылдау немесе жұмсау резервуарларында және ыдыстық қоймаларда сақталады.

Шартқа сәйкес өнімнің сақтау мерзімі ӘК-не май құю қажеттілігімен немесе қор сақтау қажеттілігімен анықталады. Қор сақтау мерзімі оларды өндіру күнінен бастап есептеп, өнімге техникалық талаптармен айтылып кеткен (осы Ереженің 53 қосымшасы) сақтау кепілдік мерзімінен аспау керек.

Иілмелі майлайтын заттарды ашық 150-200 литрлік бөшкелерде сақтауға, мұқият араластырғаннан кейін әр 3 ай сайын осы ереженің 35 қосымшасының 5 графасындағы көрсеткіштер бойынша сапаны тұрақты бақылау өндіру уақытынан бастап 1,5-2 жылдан артық емес уақытқа рұқсат беріледі.

Ластанған өнім тұндырылу тиіс. Тұндыруға қажетті уақыт салмаққа және ластану дисперсиялылығына байланысты болады. Авиациялық керосиннің әр май құю метріне ең азы - 4 сағат тұндыру уақыты талап етіледі, ал авиациялық жанармайға - 2 сағат.

322. Авиа ЖЖМ-ды кепілдік мерзімі ішінде сақтау кезінде зауыттық ыдыстың герметикалығының бұзылуы, авиа ЖЖМ-дың басқа түрлерімен (маркаларымен) араласуы немесе ластануы, жеңіл фракциялардың ұшу есебінен олардың сапасының өзгеруі шарттары ескерілмеуі тиіс.

Бұл технологиялық жабдықты күтімдеу бойынша регламент талаптарын, сапаны сақтау бойынша талаптарды ыдыс күйін тұрақты тексеру (кеміне айына I рет) сақтаумен қамтамасыз етіледі және сапаны бақылау нәтижелерімен расталады.

323. Құйылатын авиа ЖЖМ-дың қоймалық бақылау нәтижелері қанағаттанарлық болғанда, жіберуге жарамдылық талдауында анализ жүргізу уақыты туралы белгі қойылады. Өлшемнің белгіленген шегінде сапаның тексерілетін көрсеткішінің біреуі немесе бірнешеуі өзгерген жағдайда, көрсеткіштің өзгерген өлшемдері жарамдылық талдаудың сәйкес графасына енгізіледі. Өнім әрі қарай сақтауға немесе май құюға жіберуге жатады.

Зауыттық ыдыстың калпын тексеру нәтижелері ауысым тапсыру журналына жазылады.

324. Бақылаудың қанағаттанарлықсыз нәтижесін алғанда, өнімді қолдану жағдайын табу үшін сынамаларды таңдап алу және оларды Қазақстан Республикасы азаматтық авиация базалық зертханасына жіберу орындалады.

325. Сақтау кепілдік мерзімі аяқталғаннан кейін, ораманың герметикалығы бұзылған кезде немесе өнімнің бүлінгендігіне күдік болғанда, сынамалар таңдап алу және оларды зерттеуге ҚР азаматтық авиация базалық зертханасына жіберу

орындалады. Өнімді қолдану туралы шешім Қазақстан Республикасы азаматтық авиация базалық басқа зертханасының ұсынысы мен қорытындысы негізінде қабылданады. Шешімді қабылдағанға дейін өнімді бөлек сақтау қамтамасыз етілу тиіс және оның коммуникацияға түсу немесе май құю үшін ыдыста беру мүмкіндігін болғызбайтын шараларды қабылдау керек.

&9. Қоймааралық қотарулар

326. Штаттық құбырлар бойынша қоймааралық қотаруға, жіберуге жарамдылық талдауларда оң қорытынды бар өнімдер түседі.

327. Авиа ЖЖМ-ді қоймааралық қотару кезінде, осы Ережеде айтылған жағдайлардан басқа, ластану немесе авиа ЖЖМ-дың басқа түрлерімен араласу есебінен оның сапасының өзгеру жағдайлары ескерілмеу тиіс.

3 2 8 . Қ о т а р у ғ а д е й і н :

1) Қотарылып жатқан резервуардағы және қотарылу болатын резервуардағы өнімнің тығыздық салмағын талдау;

2) одан және оған қотару орындалатын резервуардағы өнім тазалығының деңгейін бақылау (ыдыс астындағы судың болуы және тазалықты көзбен шолып бақылау) ;

3) қабылдау және жұмсалыу қоймаларының арасындағы қотару желілерінде қондырылған тазалау құралдарынан (құралдар бар болғанда) алынған сынамалардың тазалығын көзбен шолып бақылау және тұнбаны төгу;

4) резервуардағы өнім сапасын куәландыратын құжаттаманы тексеру;

5) резервуардан резервуарға өнімнің қажетті ауысуын қамтамасыз ететін құбыр магистраліндегі жабылатын құрылғылардың дұрыс ашылуын тексеру орындалады.

329. Шығын қоймасының резервуарына қотару әдетте, сүзумен жүргізіледі.

Қ о т а р у б а р ы с ы н д а :

1) отын магистралінің қосылыс пен түйіндерінің герметикалығын бақылау;

2) тазарту құралдарындағы қысымның түсу өлшемін бақылау қотарудың әр 3 сағат сайын кемінде 1 рет;

3) резервуардың толу деңгейі бақылау жүргізіледі.

Қотарудың әр 3 сағат сайын кемінде 1 рет тұнбаны төгу және тазарту құралдарының тұндырғыштарынан алынған отын сынамалары тазалығын көзбен шолып бақылау орындалады.

330. Қотару аяқталғаннан кейін резервуар бойынша журналда өнімді қотару немесе үстемелеп құю, операцияны орындау уақыты мен күні туралы жазу істелінеді, өнім одан және оған қотарылған резервуардың нөмірі көрсетіледі.

&10. Авиа ЖЖМ ӘК жүйелеріне май құюға жіберу

331. Авиа ЖЖМ-ды май құюға ЖЖМУ мамандарымен өздігінен немесе басқа қызмет өкілдерін қатыстырумен ұшу алаңында, арнайы көлік тұрағында және ЖЖМ қоймасында орындалатын жұмыстар жиынтығын қамтиды.

332. Авиациялық отындар мен авиациялық майлар үшін ЖЖМ қоймасында шығын резервуарынан (резервуарлар тобынан) өнімді жіберуге жарамдылығын тексеру жүргізіледі.

333. Өнімді жіберуге жарамдылық өнім тазалығын бақылау, жіберуге жарамдылық талдауында оң қорытынды болуын және техникалық құралдар мен іске қосылған технологиялық жабдықтың жөнделігін тексеруді қарастырады.

334. Өнімнің тазалық деңгейі шығын құбырының төменгі нүктесінде (авиациялық отындар үшін), шығын резервуарында, май құю құралдарында, сүзу және суайыру құралдарында тексеріледі.

Шығын құбырының төменгі нүктесіндегі өнімнің тазалығын талдау ауысымда 1 рет, тұнбаны төккеннен кейін, таңдап алынған отын сынамаларын көзбен шолу жолымен орындалады.

Шығын резервуарында тазалық деңгейі жұмсауды бастау алдында және ауысымда кеміне 1 рет тексеріледі. Көзбен шолып және сусезгіш паста көмегімен тауар астында судың бар екендігі тексеріледі; авиациялық отындар үшін резервуардың төменгі кранынан (сифоннан) немесе резервуардың төменгі деңгейінен (немесе топтың әр резервуарынан) тұнбаны төккеннен кейін, түбіндегі алынған сынама тексеріледі.

Нәтиже қанағаттанарлық болғанда, резервуар бойынша журналда "Тазалық деңгейін бақылау нәтижелері қанағаттанарлық. Жіберуге рұқсат етемін" деп жазылады. Орталық май құю жүйесі арқылы авиаотын жіберілген кезде май құю агрегаты (бұдан әрі - ҚА) немесе май құю бағанасына (осы Ереженің 38 немесе 40 қосымшасы) бақылау талонында "Тұнба төгілді. Су мен механикалық қоспалар жоқ" деген графада белгі қойылады.

Бақылау нәтижелері қанағаттанарлық емес болғанда, резервуардан өнімді жіберуге рұқсат берілмейді.

Құю пунктінің суайыру және тазалау құралдарынан тазалық деңгейін тексеру тұнбаны төккеннен кейін, тұндырғыштардан алынған сынамаларды көзбен шолып тексеру жолымен, ауысымда кеміне 1 рет орындалады. Ауаның ылғалдылығы әрдайым жоғары әуежайларда сүзгіш-сепараторлардан тұнбаны төгу ауысымда кеміне 3 рет орындалады. ОҚ, МК, ҚА-нда орнатылған тазалау құралдарында өнім тазалығының деңгейі, олар ЖЖМ қоймасына келгеннен кейін, сүзгіштердің тұндырғыштарынан (сүзгіш-сепараторларынан) алынған сынамаларды көзбен шолып бақылаумен, ауысымда 1 рет тексеріледі.

ОҚ-та өнім тазалығын бақылау ЖЖМ қоймасына келгеннен кейін, толтыру алдында және толтырғаннан кейін 15 минуттан кейін (құю аяқталғаннан кейін) орындалады. Толтыруға дейін көзбен шолып тексеріледі, толтырылғаннан кейін - көзбен шолып және ОСИ орындалады.

МҚ-тан май тазалығын тексеру, оны толтырғаннан кейін, қоймада тарату кранынан тұнбаны төккеннен кейін, алынған сынамада жүргізіледі.

Бақылау нәтижелері жақсы болғанда, әр ОҚ, МҚ, ҚА-нан және әр орталық май құю жүйесінен өнімді жіберу үшін тарату бағанасымен бақылау талоны ресімделеді. Авиакеросиндер үшін оның кристалдану температурасы көрсетіледі.

Су айыру (немесе ОҚ, МҚ) және сүзу құралдарынан тазалықты тексеру нәтижелері қанағаттанарлықсыз болғанда, өнімді құю пункті арқылы жіберуге рұқсат берілмейді. Өнімнің ластану (сулану) себептерін анықтайтын және оларды жоятын шаралар қолданылады.

335. ЖЖМ қоймасының техникалық құралдары мен технологиялық жабдықтық жұмыс қабілеттілігін бақылау "Авиаотынмен қамтамасыз ететін объектілердің технологиялық жабдығы мен құрылыстарды техникалық күтімдеу регламентіне" сәйкес авиаотынмен қамтамасыз ету бойынша ұйымның мамандарымен орындалады.

336. Құю пунктінің сүзу және суайыру құралдарының жұмыс қабілеттілігін бағалау ОҚ-ты толтыру кезінде, оларға түскен қысым мөлшерін бақылау жолымен, ауысымда кеміне 1 рет орындалады.

Құралдардағы қысымның түсуі номинал режимде нормативтік-техникалық құжаттармен белгіленген, рұқсат етілген мөлшерден аспау керек. Қысым түсуінің өлшенген мөлшері қысым түсуін өлшеу Журналына жазылады (осы Ереженің 50 қосымшасы).

337. Осы Ереженің 38-40 қосымшалар формасы бойынша бақылау талоны ОҚ, МҚ, ҚА жүргізушісіне немесе орталық май құю жүйесі құятын адамына, резервуар шығынын бастау алдында, бақылау талонын беретін Журналға (осы Ереженің 51 қосымшасы) қол қойғызып беріледі. Талон оны алған тұлғада сақталады.

338. Авиакеросинде СКҚ сұйықтықтың мөлшерін бақылау үшін сынамалар сүзгіш-сепаратордан (немесе ОҚ цистернасының тұндырғышынан) кейін отын ағынынан, ауысымда 1 реттен кем емес, алынады, резервуарда араласып кеткен жағдайда, резервуардың орташа деңгейінен алынады. Мөлшерді тексеру ЖЖМ зертханасында немесе индикаторлық түтіктің ИТ-СКҚ көмегімен орындалады. Тексеру нәтижелері тексеру талонына және СКҚ сұйықтық мөлшерін бақылау журналына жазылады.

339. Авиотын ЖЖМ қоймасында құю құралдарында 10 тәуліктен артық сақталғанда, оның тазалық деңгейі көзбен шолып тексеріледі және ыдыс тұндырғышынан тұнбаны төккеннен кейін, алынған сынаманы ОСИ көмегімен тексеру орындалады. Бақылау нәтижелері қанағаттанарлық болғанда, бақылау талонына белгі қойылады. Нәтиже қанағаттанарлықсыз болғанда, өнім төгіледі, ал бақылау талоны алынып қойылады.

340. Арнайы көліктің тұрағында мынандай жұмыстар орындалады:

1) бақылау талоны болуы және дұрыс ресімделгенін тексеру (май құю құралы келгеннен кейін);

2) май құю жылжымалы құралдарының күйін тексеру;

3) өнімнің тазалық деңгейін бақылау.

341. Құюдың жылжымалы құралдары мен олардың технологиялық жабдығының қалпын, сонымен қатар ӘК-не құю бойынша қауіпсіз жұмыс істеу үшін олардың жарамдылығын тексеру "Авиотынмен қамтамасыз ететін объектілердің технологиялық жабдық пен құрылыстарын техникалық күтімдеу регламенті" мен "Азаматтық авиация әуежайларының арнайы машиналарындағы арнайы жабдықтарды техникалық күтімдеу технологиялық карталарына" сәйкес АКҚ мен ЖЖМҰ мамандарымен бірге әр ауысым алдында орындалады.

Тексеру нәтижелері машиналар нөмірі мен табылған ақаулықтары көрсетіліп арнайы автокөлік күйін бақылау журналына жазылады. Тексеру нәтижелері қанағаттанарлық болғанда, журналда арнайы машинаны құюға жіберілгендігі туралы белгі қойылады.

342. ОҚ-та тазалық деңгейін бақылау:

1) құю құралы арнайы көлік тұрағына келген соң, тұнба төгілгеннен кейін, цистерна тұндырғышынан алынған сынамада (көзбен шолып) жүргізіледі. Бақылау нәтижелері қанағаттанарлық болғанда, бақылау талонында "Құюға жіберуге рұқсат беремін" деген белгі қойылады;

2) әуежайда ауа ылғалдылығы мен температурасы шұғыл өзгерген кезде цистерна тұндырғышынан сынамада ауысымда 1 реттен кем емес (көзбен шолып және ОСИ), бақылау талонында белгі қоюмен жүргізіледі (нәтиже қанағаттанарлық болғанда).

МҚ ыдысында тазалықты бақылау тәулігіне 1 рет орындалады. бақылау Бақылау нәтижелері қанағаттанарлықсыз болғанда, құю құралы ӘК-не құюға жіберілмейді, бақылау талоны алынады.

343. Ұшу алаңында өнімнің тазалығын бақылау:

1) Орталық май құю жүйесінің гидрант және құю бағаналарында;

2) май құю құралдарында орындалады.

344. Гидрант және құю бағаналарында авиакеросиннің тазалығын тексеру ЖЖМҰ мамандарымен, ауысымда кеміне 1 рет, тұнбаны төккеннен кейін, әр

құю бағанасының суайыру және сүзу құралдарының тұндырғыштарынан немесе әр гидрант бағанасынан алынған сынаманы бақылау ОСИ-мен және көзбен шолу жолымен орындалады. Бақылау нәтижелері ауысымды тапсыру журналына жазылады. Бақылау нәтижелері қанағаттанарлық болғанда, бақылау талонында белгі қойылады. Нәтиже қанағаттанарлықсыз болғанда, гидрант немесе құю бағанасы май құюдан босатылады.

345. Құю құралдарында (көзбен шолып) өнімнің тазалығын бақылау, экипаж талабы бойынша ОҚ тұндырғышынан немесе май құю агрегаттың ұштығынан алынған сынамаларда орындалады.

346. Сынамалар ҚА берілетін авиакеросинде СКҚ сұйықтықтың мөлшерін тексеру үшін ҚА ұштығынан ауысымда кеміне 1 рет алынады.

347. Құюға жіберілген өнімнің қолдануға жарамды екені бақылау талонымен
р а с т а л а д ы .

Авиациялық оқиғалардың (қақтығыстардың) себептерін тергеу кезінде ӘК-нен берілген өнімнің дайындығы туралы қорытынды құю құралдарынан алынған сынамаларды тексеру мен талдау нәтижелері бойынша қабылданады.

348. Беруді бастау алдында су шығын резервуарынан алынған минерал майдың түбіндегі сынамада ("тырсылдау" әдісімен) су табылғанда термометрі бар, май станциясының бойлерінде немесе МҚ-та майды тұндыру, ары қарай, буландыру мен майды тұтындыру талап етіледі.

349. Буландыру алдында май 6-7 сағат бойы $76-80^{\circ}\text{C}$ температурада ұсталынады, содан кейін 105°C температурада жалпы сақтау 35 сағ. көп емес уақытта буландырылады.

350. Б-3В синтетикалық майда су болуы анықталса, оны жою 105°C -ге дейін қыздырылған май арқылы ыстық ауаны 2-3 сағат бойы өткізу көмегімен
о р ы н д а л а д ы .

Майдың түбіндегі сынаманың бір бөлігі мен Б-70 (Нефрас С-50/170) жанармайының төрт бөлігінен тұратын қоспаны қарап шығумен, көрінетін ластану табылған кезде шығын резервуарынан МҚ-ға май құюға рұқсат етіледі. Ластанулар МҚ сүзгіші арқылы "сақинаға" айдау мен жойылады. Буландыру немесе тазалау аяқталғаннан кейін майдың тазалығы тұтынушының ЖЖМ зертханасында МҚ-тан алынған түбіндегі сынамада тексеріледі.

351. Жеке жағдайларда, ұшу тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін, тұтынушы басшысының жауапкершілігіне, сынамада ОСИ-ның сары қабатында үш көгілдір таңба бар болғанда, және механикалық қоспалардың жеке бөлшектері мен көзбен шолып бақылау кезінде кішкене лайлану бар болғанда, жұмсалыу резервуарынан авиациялық керосинді жіберуге рұқсат мынандай шарттар орындалғанда беріледі
:

- 1) резервуардан тұнба су толық кетірілгенде;
- 2) номинал өткізу қабілеттілігімен салыстырғанда, сүзу пункті арқылы отынды беру екі еседен кем емес төмендетілгенде;
- 3) суайыру мен сүзу құралдарында өнім тазалығын тексеруді, тұнбаны төгуді және оларға түсетін қысым өзгерісін тексеруді жиілеткенде (ауысымда кемінде 3 р е т) .

Бұл кезде құю пунктінен кейін отынның тазалық бақылау нәтижесі қанағаттанарлық болу тиіс.

352. Авиациялық керосинде СКҚ сұйықтықтың мөлшері нормаланғаннан аз (рұқсатты есепке алып) мөлшерде анықталған жағдайда, авиациялық керосин ОҚ-тан жеке ыдысқа төгіледі, мөлшерлегішті реттеу жүргізіледі және мөлшерлеу дәлдігі тексеріледі.

353. Авиа ЖЖМ зауыттық орамда инженер авиациялық қызметінің тапсырысы бойынша сақтаудың кепілдік мерзімі бойы ашылмаған күйде өндірушінің паспортын қосып, сақталған ыдыста беріледі.

ЖЖМУ мамандары ыдыс күйін, сорттың таңбалануын, пломбаның болуын және сақтаудың кепілдік мерзімін сақтағанын тексергеннен кейін жіберу орындалады.

354. Кепілдік мерзімі ішінде ВНИИ НП-50-1-4ф(у) және ИПМ-10 синтетикалық майлары бар сақталған зауыттық ыдыстарда бос су немесе эмульсия табылған болса, өнім құюға жіберілмейді. Өндірушіге рекламация беру үшін белгіленген тәртіпте құжаттама ресімделеді.

355. ӘК жүйелеріне май құю үшін уақытша аэроалаңдар мен қону алаңшаларына әкелінген авиа ЖЖМ құюға дайындау бойынша, тазалық пен сапасын бақылауды қосып, операциялар барлық кешенін өту тиіс және жеткізіп берушінің паспорт көшірмесі мен/немесе АЖЖМУ базалық зертханасы мен берімен жіберуге жарамдылық анализі ЖЖМ болу керек.

356. Авиа ЖЖМ-ды қоймадан басқа тұтынушыға немесе бөтен ұйымға (тапсырыс берушіге) олардың көліктер құралдарына немесе ыдысына құю көлік құралдарына цистернасын немесе ыдысты ГОСТ 1510 бойынша дайындыққа акт болғанда орындалады. Алушы цистернасы (ыдысы) ішкі бетін тексеру орындалады. ОҚ (АТЦ) цистернасының тұндырғышынан, сонымен қатар сүзгіштерден олардағы өнімнің сынамасы алынады және тазалыққа көзбен шолып тексеріледі; өнімді шайқағаннан кейін сынама қайтадан алына және ОСИ мен көзбен шолып тазалыққа тексеру (авиациялық отындар үшін) орындалады.

357. Көлік құралдарының дайындалмаған ыдыстарына жіберу рұқсат етілмейді.

4 Бөлім. Экипажды және басқа авиациялық қызметкерлерді дайындау 7 тарау. Қазақстан Республикасы әуежайларында әуе кемелерінің экипаждарына ұшар алдында ақпараттық-кеңестік қызмет көрсету &1. Әуежайдың "брифинг" типі бойынша ұшар алдындағы ақпараттық-кеңестік қызмет көрсетуге көшу тәртібі

358. Әуе кемелерінің экипаждарына ұшар алдында ақпараттық-кеңестік қызмет көрсету әуе кемелерінің экипаждарын ұшуға өз бетінше дайындығын қарастырады.

359. Ақпараттық-кеңестік қызмет көрсетуде ұшу тапсырмасында диспетчерлік рұқсат туралы белгі қойылмайды, әуе кемесінің экипажына ұшу жоспарында көрсетілген ұшу эшелоны тағайындалады. Диспетчерлік рұқсаттар мен әуе кемелері командирлерінің ұшуға қабылдаған шешімдерін есепке алу журналы жүргізілмейді.

360. Метеорологиялық құжаттың уақытында дайындалуын және экипаждарға оны жеткізілуін бақылау әуеайлақ метеорологиялық органға жүктеледі. Метеорологиялық құжаттар әуе кемесінің экипажына міндетті белгілеумен әуеайлақ метеорологиялық органның кеңсесінде беріледі.

Ескерту. 360-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Көлік және коммуникация министрлігі Азаматтық авиация комитетінің 2007.05.15. N 87 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

361. Әуежай әуе кемелерінің экипаждарына ұшар алдында ақпараттық-кеңестік қызмет көрсетуге өкілетті орган белгілеген осы әуежайдың бірінші басшысымен және бірінші басшысымен келісілген бұйрық арқылы жіберіледі.

362. Әуежайды әуе кемелерінің экипаждарына ұшар алдында ақпараттық-кеңестік қызмет көрсетуге жіберу туралы бұйрық өкілетті органмен келісіледі. Бұл ретте, өкілетті орган әуе кемелерінің экипаждарына ұшар алдында ақпараттық-кеңестік қызмет көрсетуге қатысатын әуежай қызметтерінің аталған қызмет көрсету түріне көшуге дайындығы туралы қорытынды береді.

&2. Ұшар алдындағы ақпараттық-кеңестік қызмет көрсетуді ұйымдастыру

363. Ұшар алдындағы ақпараттық-кеңестік қызмет көрсету арнайы жабдықталған бөлмеде ұйымдастырылады, онда мыналар орналасуы керек:

1) экипажға арналған ұшу құжаттары жиынтығын орналастыратын үстел;
2) ұшу қауіпсіздігі, әуе жолдары, ӘҚКЕ бағыттары бойынша ұшуға салынған тыйымдар мен шектеулер, әуеалаң аудандары және мемлекеттік шекаралардан ұшып өту дәліздері бойынша хабарламаларды орналастыруға арналған қабырға с т е н д і ;

3) әуежайдың ұшу жоспарына сәйкес қайталанатын ұшу жоспарларының көшірмелері мен ұшу жоспарларын толтыру үлгілері;

4) әуежайдың тәуліктік ұшу жоспарының көшірмесі;

5) әуежайдағы әуе кемелерінің қозғалыс жоспары, әуе кемелерінің рейс нөмірлері мен борттық нөмірлері, жоспарланған коммерциялық жүк тиеу, отын құю және тұрақ орны туралы ақпарат;

6) ұшып шығу әуеалаңының нақты ауа райы немесе АТИС ақпаратын алу мүмкіндігін қамтамасыз ететін дисплей немесе телефон аппараты.

364. Транзиттік рейстердің экипажына ұшар алдында ақпараттық-кеңестік қызмет көрсетуде ұшар алдындағы ақпараттар жиынтығымен қамтамасыз етіледі.

365. "Брифинг" жөніндегі диспетчердің міндеттері:

1) аэронавигациялық ақпарат бюросының (әрі қарай - ААБ) штурманынан ұшу ақпаратының бюллетені мен НОТАМ-ды алу;

2) ұшуға тыйым салулар мен шектеулер туралы ақпаратты стендке дер к е з і н д е қ о ю ;

3) Қазақстан Республикасындағы аэронавигациялық жағдайға қатысты қажетті ақпараттық материалды әуе кемелерінің экипаждарына беру;

4) әуежайдың тәуліктік ұшу жоспарына сәйкес әуе кемелерінің экипаждары үшін ұшар алдындағы ақпарат жиынтығын жасау, оған мыналар енеді:

қажетті метеорологиялық құжаттар;

ұшу жоспарларының бланкілері;

ұшу ақпаратының бюллетені, НОТАМ;

ұшудың навигациялық жоспары - әуе компаниялары қамтамасыз етеді.

5) ұшу жоспарларын Қазақстан Республикасындағы ӘК қозғалысы туралы хабарламалар Табеліне сәйкес мекен-жайларға жіберу;

6) әуежайдың тәуліктік ұшу жоспарының көшірмесінде ақпараттық-кеңестік қызмет көрсету өткізілгені туралы белгі қою;

7) тәуліктік ұшу жоспарына енбеген рейстерге тапсырыстар түскен жағдайда, оларға ұшар алдындағы ақпарат жиынтығын дайындау.

366. "Брифинг" жөніндегі диспетчер мыналарды қамтамасыз етеді және б а қ ы л а й д ы :

1) әуежайдың тәуліктік ұшу жоспарымен берілген ұшу жоспарына сәйкес

әуежайдан ұшып шығатын әуе кемелерінің экипаждары үшін ұшар алдындағы ақпараттар жиынтығының дер кезінде және толық ұсынылуы;

2) тыйым салулар мен ұшуға қойылған шектеулер туралы ақпараттың дер кезінде жеткізілуі;

3) "Брифинг" бөлмесінде орналасқан құжаттардың сақталуы;

4) әуе кемелері экипаждарының сапалы ақпараттық-кеңестік қызмет көрсетуі мен өздерінің лауазымдық нұсқауларын орындауын қамтамасыз ету.

367. "Брифинг" жөніндегі диспетчер:

1) әуе кемелерінің экипаждарының берген тапсырыстары негізінде ААБ штурмандарынан ұшу ақпаратының бюллетеньдерін талап етуге;

2) әуе кемелерінің экипаждарының берген тапсырыстары негізінде метеоқамтамасыз ету органдарына метеоқұжаттарды дайындауға тапсырыс беруге;

3) әуе кемелерінің экипаждарынан ұшу жоспарының дұрыс толтырылуын талап етуге құқылы.

368. Аэронавигациялық ақпарат бюросының штурманы Қазақстан Республикасының әуеалаңдары мен әуе жолдары бойынша тыйым салулар мен шектеулер туралы, ұшу ақпараты бюллетені мен ескертулер қағазының өз дәрежесінде, толық дайындалуы мен берілуі үшін жауап береді.

&3. Экипаждың ұшар алдындағы дайындығын ұйымдастыру

369. Ақпараттық-кеңестік қызмет көрсетуде ұшар алдындағы дайындық сапасын әуе кемесінің командирі қамтамасыз етеді.

370. Әуе компаниялары әуе кемесінің экипажын аэронавигациялық ақпарат құжаттарының борттағы даналар жиынтығымен дербес қамтамасыз етеді. Аэронавигация құжаттарынсыз немесе енгізілген түзетулерсіз құжатпен ұшуға тыйым салынады.

371. Әуе кемелерінің экипаждары ұшар алдындағы дайындық кезінде ұшудың белгіленген бағытын, жету және қосымша әуеалаңдарды білуге міндетті, оның ішінде:

1) әуеалаң ауданы мен бағыттағы жер бедері және ең кіші қауіпсіз ұшу биіктіктерін;

2) ұшып шығу, жету қосымша және ұшу бағыты бойынша әуеалаң ауданындағы ауа райы жағдайын;

3) навигация, ӘҚКЕ және радиобайланысты жүргізу тәртібін;

4) бағыттағы навигациялық құралдар мен оларды пайдалану ережелерін;

5) жарық - белгі беру құралдарын, қонуға бет алуды қамтамасыз ететін құралдарды;

б) әуеалаң ауданынан шығу, қонуға бет алу схемаларын, күту ауданында ұшу тәртібі, қосалқы әуеалаңға кету бағыттары, сондай-ақ ұшып шығу, жету және қосымша әуеалаңдағы метеоминимумдар;

7) ұшу бойынша шектеулері бар жердің үстінен ұшу траекториясын сызу ережелері, кедергілердің орналасуы, жер топографиясы.

372. Әуежайда ұшар алдында ақпараттық-кеңестік қызмет көрсету кезінде әуе кемесінің командирі ұшуға кемінде 1 (бір) сағат қалғанда:

1) брифинг жөніндегі диспетчерге ұшар алдындағы дайындықты өткізу үшін экипаждың келуі туралы хабарлауға;

2) "брифинг" жөніндегі диспетчерде ұшар алдындағы ақпараттар жиынтығын, сондай-ақ негізгі және қосалқы әуеалаңдардың техникалық дайындығы туралы, халықаралық, чартерлік және қосымша рейстердің ұшуына аэронавигациялық қызмет көрсету бойынша шектеулер және жоспарлы жүк тиеу туралы ақпаратты а л у ғ а ;

3) енгізілген түзетулердің нөмірлерін салыстыру жолымен ұшу әуе алаңының аэронавигациялық ақпарат жинағының бақылау данасымен борттағы аэронавигациялық ақпарат құжаттарымен тексеруге;

4) кесте бойынша қайталанатын ұшу жоспарының көшірмесін зерттеу, жоспарланған ұшу эшелонына, ұшу эшелонының өзгеру орнына, жету әуеалаңына жоспарланған келу уақытына және таңдап алынған қосалқы әуеалаңдарға ерекше назар аударуға;

5) ұшу жоспарын толтырып, оны "брифинг" жөніндегі диспетчерге Қазақстан Республикасындағы әуе кемелерінің қозғалысы туралы хабарлау табеліне (ТС-98) сәйкес, мекен-жайларға жіберу үшін әуе кемесі ұшатын уақыттан кемінде отыз минут к е ш і к т і р м е й ұ с ы н у ғ а ;

б) рейс кешіккен, ауыстырылған немесе кейінге қалдырылған жағдайда, бұл туралы кешігу себебі мен мерзімін көрсетіп, ӘҚБ органдарына хабарлауға м і н д е т т і .

373. Экипаждардың дайындығын ұйымдастыратын авиакомпанияның әміршіл-ұшу құрамы, әуе кемесін пайдаланушыларының инспекторлық органдары әуе кемелерінің экипаждарында ұшу алдындағы ақпараттың толық пакеті болуына тексерісті жүзеге асырады.

Ескерту. 373-тармақпен толықтырылды - ҚР Көлік және коммуникация министрлігі Азаматтық авиация комитетінің 2007.05.15. N 87 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5-бөлім. Азаматтық авиация әуе кемелерінің ұшу тұрақтылығын есепке алуды қамтамасыз ету

Ескерту. 5-бөліммен толықтырылды - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 2008.05.20 N 227 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

1. Жалпы ережелер

374. Осы бөлім Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясындағы ұшулар тұрақтылығының негізгі қағидаттарын белгілейді.

375. Осы бөлімнің талаптары тұрақты ұшуларды дайындауға, қамтамасыз етуге және жүзеге асыруға қатысатын Қазақстан Республикасының азаматтық авиация субъектілеріне таралады.

2. Ұшулар тұрақтылығын қамтамасыз ету

376. Тікелей орындаушы ӘК жөнелтуге дайындауды қамтамасыз етудің технологиялық кестесіне сәйкес технологиялық операциялардың орындалу уақтылығын және сапасын қамтамасыз етеді.

377. ӘК жөнелтуге дайындауға қатысатын азаматтық авиация ұйымдарының жедел ауысымдарының диспетчері (аға диспетчері) технологиялық операцияларды орындау жөніндегі барлық өндірістік буындардың қызметіне басшылық ету мен үйлестіруді ӘК жөнелтуге дайындаудың технологиялық кестесіне сәйкес қамтамасыз етеді.

378. ӘК командирі алынған тапсырмаға сәйкес экипаж дайындығының және ұшуды орындаудың уақтылығын қамтамасыз етеді.

379. ӘК жөнелтуге дайындауға қатысатын азаматтық авиация ұйымдары қызметінің (ауысымының) жетекшісі технологиялық операцияларды орындау қызметін (ауысымның) ұйымдастыруды ӘК жөнелтуге дайындаудың технологиялық кестесіне сәйкес қамтамасыз етеді.

380. ӘК жөнелтуге дайындауға қатысатын азаматтық авиация ұйымдарының жедел ауысымының жетекшісі ӘК жөнелтуге дайындау, ұшуды жер бетінде қамтамасыз ету кешенін жұмысқа дайындау кезінде барлық қызметтердің жедел ауысымдарының жұмысын ұйымдастыруды және үйлестіруді, кешіктірудің алдын алу бойынша шаралар қабылдауды, кешіктіру уақытын барынша қысқарту және ӘК жөнелтуді кешіктірудің жолаушылар, әуежай және авиакомпания үшін теріс салдарын барынша азайту бойынша шаралар қабылдау, кешіктіру

себептерін объективті айқындауды, оларды дұрыс ресімдеуді және есепке алуды, жедел ауысымда ұшу тұрақтылығы жөнінде есептемелер шынайылығы мен уақтылы тапсырылуын қамтамасыз етеді.

381. Авиакомпанияның өкілі ӘК дайындаудың технологиялық кестесімен көзделген операциялардың уақтылы орындалуын, ӘК қозғалысы туралы хабарлар табеліне сәйкес ұсынылатын ақпараттың уақтылығы мен шынайылығын қамтамасыз етеді.

382. ӘК жөнелтуге дайындауға қатысатын азаматтық авиация ұйымдарының диспетчерлік қызметінің жетекшісі ұшу тұрақтылығын, ұшу тұрақтылығын қамтамасыз ету жөніндегі қызметтердің өзара әрекеттесуін жетілдіру бойынша іс-шаралар әзірлеудің сапалылығын, кешіктіру себептерін объективті айқындауды, ұшу тұрақтылығын есепке алудың және есептемелер дұрыстылығын қамтамасыз етеді.

383. ӘК жөнелтуге дайындауға қатысатын әуежайлардың және авиакомпаниялардың жетекшісі және жетекшінің орынбасары осы Ереженің 5-бөлімінің орындалуын қамтамасыз етеді.

384. Ұшу тұрақтылығын қамтамасыз ету жөніндегі функциялар тиісті ережелер мен лауазымдық нұсқаулықтарда бекітілген болуға тиіс.

3. Ұшулар тұрақтылығын бағалау

385. Қазақстан Республикасында азаматтық авиация ӘК ұшу тұрақтылығы:

- 1) авиакомпанияларда - рейстерді орындау тұрақтылығы бойынша;
- 2) әуежайларда - кестеде көзделген, азаматтық авиация ӘК жөнелту тұрақтылығы бойынша бағаланады.

386. Егер ӘК самғауды кестеде көрсетілген қосымша рульдеуге және әуе қозғалысының қамтамасыз етуге белгіленген уақытынан кешікпей орындаса, рейстерді орындау тұрақты деп есептеледі.

Егер ӘК тежегіш қалыптарды алу кестеде (ұшу жоспарында) көрсетілген жөнелту уақытынан кешіктірмей жүргізілсе, жөнелту тұрақты деп есептеледі.

387. Рульдеуге және әуе қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге белгіленген уақыт:

- 1) жөнелту кезінде барлық ӘК үлгілері үшін - 20 минут;
- 2) келу кезінде барлық ӘК үлгілері үшін - 20 минут.

388. Рейстің кестесінде көрсетілген жөнелту уақыты Қазақстан Республикасының азаматтық авиация ұйымдарының жолаушы және диспетчерлік қызметтері үшін бірыңғай болып табылады.

389. Рейстерді орындау тұрақтылығы тұрақты орындалған рейстердің кестеде көзделген ӘК жөнелтуге, рейстердің жалпы санына қатынасы ретінде пайызбен белгіленеді.

4. Ұшулар тұрақтылығын есепке алу қағидаттары

390. ӘК жөнелту тұрақтылығы мен рейстерді орындау тұрақтылығы уәкілетті орган белгіленген тәртіпте бекіткен кесте бойынша орындалатын рейстер бойынша есепке алынады.

391. ӘК кестеде көзделмеген әуежайларға қонған кезде, оларды осындай әуежайлардан жөнелту тұрақтылығы есепке алынбайды.

392. ӘК жөнелтуді кешіктіру "Кешіктіру себептерінің сыныптауышына (кодификаторына) (осы Ережеге 55-қосымша) сәйкес, әуежайға, авиакомпанияға және ӘК жөнелтуге дайындауға қатысатын басқа кәсіпорындарға жатқызылады.

393. Рейс мынадай жағдайларда:

- 1) коммерциялық жүктеменің жоқтығынан рейс болмаған кезде;
- 2) коммерциялық жүктеменің жоқтығынан немесе метеожағдайлардың минимумнан төмен болуы себебінен ӘК аралық әуежайдан ұшып өткен кезде жоспардағылардың қатарынан шығарып тасталады.

394. ӘК алмастырылған кезде жөнелту тұрақтылығы кесте (ұшу жоспары) бойынша есепке алынады.

395. ӘК жолаушылар сыйымдылығы кем екі немесе бірнеше ӘК алмастырылған кезде бірінші ӘК жөнелту кестесіне (ұшу жоспарына) сәйкес, келесілерін жөнелту - алдын ала ұшу жоспарлары (АҰЖ) немесе файл-жоспарлар бойынша есепке алынады.

396. Екі ӘК сыйымдылығы артық біреуімен алмастырылған кезде жөнелту тұрақтылығы бірінші ӘК жөнелту кестесі бойынша есепке алынады, екіншісін жөнелту коммерциялық жүктеме болмағандықтан жоспардан шығарып тасталады.

397. ӘК ұшып шығуы келесі тәулікке ауыстырылған кезде, оның жөнелту тұрақтылығы бастапқыда ӘК кесте (ұшу жоспары) бойынша жөнелту көзделген тәуліктегі кестеге (ұшу жоспарына) сай есепке алынады. Оны кешіктірудің ұзақтығы кестеде (ұшу жоспарында) көрсетілген келесі тәулікте бірінші тағайындалған жөнелту мерзімге дейін көрсетілген уақыттан бастап есепке алынады және нақты жөнелту уақыты бойынша нақтыланады.

398. ӘК аралық (айналымдық) әуежайда тұрақтағы уақыты тежегіш қалыптарды орнату уақытынан бастап алынып тасталатын уақытқа дейін:

- 1) есепті (кесте бойынша) уақыттан ерте келген кезде - есепті (кесте бойынша)
у а қ ы т т а н б а с т а п ;

2) есепті (кесте бойынша) уақыттан кеш келген кезде - нақты (кесте бойынша) уақыттан бастап саналады.

